

# ОНОМАСТИКАЛЫҚ ХАБАРШЫ

№2(43) 2022

# Республикалық ономастика комиссиясының электрондық бюллетені

## ОНОМАСТИКАЛЫҚ ХАБАРШЫ

№2 (43) 2022

**Бас редактор**  
Г.Бекенова

**Жауапты редактор**  
Т.Мұқашева

*ҚР Ақпарат  
министрлігінде тіркеліп,  
тіркеу туралы 2004 жылғы  
11 тамызда №5336 –  
куәлігі берілген*

### Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
Мәдениет комитеті

### Редакциялық алқаның төрағасы:

Д.Абаев

### Редакциялық алқа:

Н. Дәуешов  
М. Бақтиярұлы  
М. Құлшар  
Р.Кәрібжанова  
К.Сейітова  
Қ. Бекмұқашев  
Д. Өтеғалиев  
С. Есіркеп  
З. Қабылдинов  
М. Тоғыс  
С. Иманбердиева  
Ж. Ағабекова  
Н. Уәли  
С. Негимов  
А. Жартыбаев  
Д. Кәпұлы

## **«АЛТАЙ» ПОЭТОНИМИНІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ**

Алтай - Азия құрлығының орта тұсындағы ұзындығы екі мың шақырымға созылып жатқан, биіктігі 4506 метрге жететін Қазақстан, Ресей, Моңғолия, Қытай мемлекеттерінің аумағында орналасқан ірі таулы өлке. Түркілердің атамекені болған көне Алтай қазір Орыс Алтайы, Моңғол Алтайы, Қазақ Алтайы деп бөлініп кеткен. Алтайдың үштен бірі ғана Қазақстанның үлесінде, Шығыс Қазақстан облысында орналасқан. Қазақ Алтайы өз ішінде Өр Алтай (Оңтүстік Алтай), Кенді Алтай (Батыс Алтай) болып Ертіс өзені арқылы екіге бөлінеді. Оларды Қалба жотасы жалғастырып тұр.

Шығыс Қазақстан өңірінде орналасқан Алтай тауының атауы қазір бұрынғы Көктас, кейіннен Зыряновск аталған қалаға берілген. Алтай тауы әлемге көне дәуірлерден танымал болған. Сонау Геродот жазбаларында, қытайдың жылнамаларында, көне түркі жазба ескерткіштерінде, Ибн Халдун, Марко Поло, Плано Карпини, Гильом де Рубрук сияқты шетелдік саяхатшылардың жазбаларында көрініс тапқан Алтайдың этимологиясы туралы көптеген пікірлер бар. Алтай ежелгі Грекияның тарихшысы Геродоттың сақтар жайындағы жазбасында, сақтардың мекені ретінде «Алтынтағ» (Алтай), «Мастағ» (Мұзтау – Алтайдың ең биік шыңы) деген таулар көрсетілгені, Қытайдың «Таншу» дерегі бойынша Алтайдың бұрын «Алтынтау» деп аталғаны, 732-735 жылдары тасқа қашалып түскен Күлтегін мен Білге қаған жазба ескерткіштерінде «Алтун йыш» түрінде кездесетіндігі көптеген танымал ғалымдар еңбектерінен белгілі. Жалқы есімнің шығу төркінін В.В.Радлов ал (биік)+тайга (орманды тау) деген сөздерден шығарса, Э.М.Мурзаев, В.А.Никоновтар "ала тау" мағынасымен байланыстырады. М.Рясянен ал+той "алып тау" десе, Е.Жанпейісов ал сөзі "үздіксіз, тізбектелген" мағынасын береді дейді. Ғалымдардың көпшілігі бұл атаудың негізінде алтын сөзінің жатқанын мойындайды (Б.Я.Владимирцов, Э.В.Севортян, Г.Дерфер, Г.Рамстедт, Г.Вамбери, А.Щербак, А.Әбдірахманов, Ғ.Қоңқашпаев, Т.Жанұзақов, т.б.) [1; 26]. Алтай атауы көне дәуірлерден күні бүгінге дейін әлем халықтарының әдеби-тарихи туындыларда көрініс тауып, ақын-жазушылар шығармаларында бейнеленген. «Алтай» атауы түркі дүниетанымында концептілік мазмұнға ие ұғымдардың бірі екені ақиқат.

Бүгінгі таңда концепт ұғымы когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттанудың басты терминдерінің бірі болып саналады. Осы

тұрғыдан концепт көптеген зерттеушілердің: филолог, лингвист, мәдениеттанушы, когнитолог мамандардың зерттеу нысанына айналып отыр. Тіл білімінде концепт терминіне берілген анықтамалар өте көп. Концептілерді зерттеу халықтың менталитетін, рухын, жан дүниесін жақсы түсінуге, сол ұлттың әлемдік бейнесін сол ұлттың көзімен көруге мүмкіндік беретіндігін айтуымыз керек. Концептінің беретін ұғымын түсіндіру арқылы жеке адамдардан бастап, қоғамдық топтардың бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктерін анықтауға болады. Әрбір ұлттың ерекшелігін, таным түсінігін, болмысын, яғни бір сөзбен айтқанда, мәдени табиғатын танытатын сөздер мәдени концепт ретінде сипатталмақ.

Концепт жеке-дара сөз аясында емес, белгілі бір танымды айқындайтын «сөздер қоры» (тірек сөздер) арқылы, кейде үлкенді-кішілі мәтіндер көлемінде танылады [2; 59].

Лексеманың концептілік сипатын анықтау үшін әлемнің кейбір ерекшеліктері мен заттық құндылықтары, олардың өзара қатынасы және олардың қызметі мен оларға берілген ұлттық сананың сипаты, әрі бағасы айқындалу қажет. Концептілік ұғымға ие болу үшін белгілі бір ұлттың қолданысындағы сөздер сол ұлттың ғасырлар бойы мәдениетімен, дәстүрімен, тілімен тығыз байланыста қолданылып, белгілі бір ұлттық-мәдени дәрежеге жетуі керек. Ұлт мәдениеті, салт-дәстүрі және тілімен біте қайнасып, ұлттың болмысын бойына сіңірген танымдық түсінік беретін сөздер тілімізде өте көп. Сондай түркі әлемінің ортақ құндылығына айналған «Алтай» макротопонимі ұлттық дүниетанымнан орын алып, әдеби оним ретінде қазақ ақын-жазушылары шығармаларында өзіндік бедерге ие болған.

Көнеден келе жатқан Алтай оронимі - қазақы дүниетанымда өзіндік маңызы бар рухани, мәдени маңызға ие әдеби онимдердің бірі. Алтай атауы халықтық этимологияда «алты ай жаз, алты ай қыс» деген уақыт ұғымымен сабақтастықта түсіндірілсе, бүкіл ұлттық болмысымыздың сабақтас бөлігі ретінде көрініс берер ақын-жазушылар шығармаларында «Алтайдың» концептілік мәні өте ауқымды. Мысалы, Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романынан [3] алынған үзіндіге назар салайық. «Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күр-күр еткен Күршім бар. Алтай, Күршім - не заманнан қалың найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал. Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны. Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлді алқалаған - ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі - алты ай жазы тау еркесі - киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлдің самалында сайран етіп жатқаны.

## Атаулар сыры

Марқакөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды; қара саба емізіктеп, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды. Бір шарасын ішкен адам дәл қор қызын құшқандай боп, беті шикан дуылдайды, аузы қобыз гуілдейді, мас болады, жас болады: жел жетпеске мініп алып, Алтай тауын дүсірлетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс, алыс-жұлыс, асыр салып жатқаны. Өлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Жүзі айтарлық айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба талындай боп, былқ-сылқ етіп бұрандасып, күбірлесіп, көлендесіп, езу тартса - есің кетіп, сұңқыл қақса - шым-шым етіп, бойың босап, ойың босап, қиялың қия кезеді». Осы үзіндідегі «әлемге аян Алтай», «қалың найман мекені», «қысы қыспақ, жазы самал мекен», «қарағайлы қарт Алтай», «Алтай сынды ана», «отты, көк майсалы мекен», «құтты мекен», «жел жетпеске мініп, көкпар тартқан азаматтар мен суреттеуге тіл жетпейтін арулар мекені» т.б. тіркестер Алтайдың мекендік мәнінен бөлек ұлттық танымдағы қосымша мәндерін дәйектеп тұр.

И.Байзақовтың шығармасынан алынған төмендегі өлең жолдары Алтай өлкесінің қасиет, сапаларын терең танытып, халық танымындағы «кәрі Алтай», «алтынды Алтай» мәнінде сипаттаған:

«Кәрі Алтайдың жонынан кен атады,

Дабылымен еңбекті оятады,

Алтын атқан Алтайдың өрі-қыры,

Жігерімді масатпен қайнатады». [4]

Әнші Ж.Омарова орындаған «Алтай» (сөзі Н.Баймұхамедовтікі, әуені Е.Брусиловскийдікі) әнінде ұлттық дүниетанымымызда қалыптасқан «Алтай» атауына тән қасиеттер көрініс берген:

«Өр Алтай, асқар Алтай, асқан Алтай

Анамдай әлпештеген жастан Алтай

Суы бал, көдесі май, жері майса

Ағызған сары алтынды тастан Алтай

Елімнің бейне қалқасы

Сымбатты сұлу жер - Алтай

Омырауда алтын алқасы

Отанымның сен - Алтай

Жайылған жер шарына даңқың Алтай

Аспанда шуақ жазда - салқын Алтай

Төсіңе нәрестедей өрмелеген

Байлыққа батқан қазақ - халқың Алтай»[5].

Осы өлең жолдарынан «даңқты Алтай», «қазақ халқын байлыққа бөлеген Алтай», «Отанымыздың алтын алқасы», «өр Алтай», «еліміздің қалқасы, қорғаны» ұғымдарын байқаймыз.

М. Мақатаевтың «Алтай-Атырау» шығармасында «Отан, ел»

ұғымында көрініс тапқан:

«Өн болайын Алтайдан басталынған,  
Күй болайын Каспийге тасталынған  
Айхай, далам, сәт сапар аспаныңнан!»[4].

Көрнекті жазушы Оралхан Бөкей былай деп жазған екен: «Өмір деген тіпті де ғажап емес, Алтайдың қысы секілді қатыгез, кімдерге суық, кімдерге ыстық. Дегенмен өмірді лағынеттеп, өкіруге де болмайды-ау». Бұл жолдарда «Алтай» сөзі «өмір» сөзімен мәндес, мазмұндас келген [4].

Жазушы Қалихан Ысқақтың «Ақсу - жер жаннаты» романындағы: «Наурыз туысымен белгі беретін Алтай жылымығы томар қалпағын қисайтып, қысқы жолдың күнқағар езуін науалап тастағанымен, қар әлі семіздің сүбесіндей: жел қаққан жазықтың кірі, қысы-жазы қылау жатпайтын Үшқоңырдың найзасы болмаса ұлы таудың теріс қапталы шаңқайып-ақ тұр» немесе «Тау басына қар түсіпті. Тау басынан аса алмаған жырым-жырым ақша бұлттың бауырын өрт шалғандай, аспандағы жалынның алауы нарттай қызыл перде боп әр үйдің әйнегінде жүр. Қарағайлы қолаттың жықпыл-жықпылында қара киімге жапсырған ақ жамаудай іркіліп тұман жатыр. Апта бойы толастамаған нөсер тайғаны да есеңгіретіп тастапты; тым бұйғы, самалы таусылып сызы ғана қалғандай, тек шомылып алған Алтай шыңдары ғана шыт жаңа, бұрынғысынан да аспандап, керме иық мінез көрсетеді. Көк жүзіне сіңбей, кемер-кемерге іркіліп қалған ақша бұлттардың сүт реңі мұздай суық, шытынаған көк шағыр аспан алда әлі де ызғарым бар дегендей. Еркімен өріп, өз аяғымен қайтатын мал да бақайының сықырып байқатпай бүрісіп, ауылға ұрланып кіріп жатыр» [6],- деген жолдардан жазушының Алтай табиғатын әсем суреттеп жеткізу арқылы туған жерінің ғажайып көрінісімен оқырман қауымды жаңа бір әлемге әкелгендей болады. Мұндағы «қарағайлы қолат», «ақша бұлт», «көк шағыр аспан», «Алтай жылымығы», «керме иық мінез» сияқты тіркестер «Алтай» ұғымын сипаттап тұр.

«Ақсу - жер жаннаты» романының екінші кітабында: «Шыбынсыз жаз еді. Алтайдың жазы қашанда шыбынсыз. Көделі, күреңселі Құзғындының мидай жазығы. Сол жазықтың өзі де етектегі елден екі мың метр биікте жатыр. Алтайдың жазығының өзі де аспанда. Аспан астындағы мидай жазық шыр айналып, кіндігінен дөңгелеп тұр. Баладан кәріге дейін көңілді көк тірегендей желіккен жұрт, қымыз желігі де жоқ емес. Танаурамаған еркек жоқ, тамсанбаған ұрғашы жоқ. Құйрық-жалын үкілеп түйген бәйге атында балалар, қыз-қырғын жорғада» [6],- деп жазушы Алтайдың жазын суреттеген. Осы романда Алтайдың ыстық, ерекше жазы, Бұқтырманың тасығаны сипатталып, «орманды өңір», «ақ жон биіктер» сияқты тіркестері «Алтай» концептісін сипаттайтын ұғымдар ретінде көрініс берген[6].

Ақын Ж.Әскербекқызы [7] «Көне Ғұн тауын аңсадым, аға» «Дидахмет Әшімханұлына) өлеңінде Алтай ұғымын «көненің көзі, тарих» мәнінде жырлаған.

«Көне Ғұн тауын аңсадым бүгін.  
Өтүкен сонда дейді ғой.  
Біледі жұмбақ қанша сырды кім?!  
Түйсікті түртер кейбір ой.  
Көнеден жеткен көмескі белгі,  
Көмбенің шаңын шығарды.  
Есте жоқ ескі елесті көрді  
Естіді Алтай бір әнді.  
Көнеге барар жолды таппадым,  
Сұрланып Алтай Тіл қатпса,  
Жол табу емес көрді тапқаным  
Қабірде қалғып сыр жатпас».  
Ақын «Мұзтау...» өлеңінде:  
«Есітіп есер күлкіні  
Жылады Мұзтау бір күні  
Күңіреніп сол сәт күллі Алтай  
Көз жасын аспан іркіді.  
Арманын айтпай таң бүгіп  
Арғы бір тарих қалды ұмыт.  
Мұз болып қатқан сағыныш

Құрсаған бойын мәңгілік»- деп, еліміздің сәніне, жеріміздің көркіне айналған құт мекен Алтайдың қара диадемасы деген атауға ие болған бұл шыңды өлең жолдарына қоса отырып, ақын Алтайдың күңіреніп жылап, жасы мұз болып қатқан сағынышқа айналғанын жыр етеді.

Ақынның «Алтай жақта...» деп аталатын өлеңінде:

«Күн-Тәңірқұт аспанда шалқаяды,  
Бөктеріне абыз-бұлт жантаяды,  
Бүгінгі мен бұрынғы тіршілікті  
Айыра алмай тұрғандай Алтай әлі.  
Алтай тауы - арда емген күннің нұрын,  
Қойнауынан табардай ғұнның жырын  
Ақша бұлтқа ілесіп Арқадан кеп

Әңгіме айтып бұл тауға тұрмын бүгін...» [7, 222],- деп киелі мекен Алтай тауын жырға қосады. Күннің нұрын еметін, қойнауынан ғұнның жырын табатын Алтай тауы түріктер үшін әрқашан қастерлі жер екенін байқаймыз.

Қазіргі ақындар шығармашылығында да «Алтай» поэтонимі жиі кездесіп, еліміздің айбыны деп танытындығын байқаймыз:

«Қазақстаным,  
Тәуелсіз Қазақстаным!

Ақ қанат таңның көрдім мен ғажап ұшқанын.  
Көрдім мен сенің мөп-мөлдір айдындарыңды,  
Алатау, Алтай, Қаратау айбындарыңды», - деп жырлаған екен Бауыржан Жақып [8].

Сонымен, қорыта айтқанда, «түркі халықтарының алтын бесігі» атанған «Алтай» мекені қазақ ақын-жазушылары шығармаларында кеңінен қолданыс тапқан. Алтай поэтонимі Отан, атамекен, қасиетті, көне мекен, ғұндар мекені, әлемге аян, танымал өңір, алтынды, бай өлке, ғажайып сұлу, тылсым табиғат, сағыныш мекені, еліміздің қорған, қалқаны, өмір т.б. концептілер аясында көрініс беріп, асқар Алтай, өр Алтай, қарт Алтай, алтынды Алтай сынды эпитеттермен сипатталады. «Алтай» поэтонимі жоғарыда берілген авторлар туындыларында дәйектелгендей, қазақ ұлтының дүниетанымы, ой-өрісі, болмыс-бітімінің көрінісін беретін кең мағыналы макроконцепт болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бияров Б.Н., Алимхан А.А., Қайырбаева Ж.Қ. Шығыс Қазақстан топонимдерінің этимологиялық сөздігі. – Өскемен, 2021 – 163 б.
2. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика.- Алматы: ҚР ЖОО қауымдастығы, 2011.- 312 б.
3. <http://www.iref.kz/zh-sipbek-aymauyitov-a-bilek>
4. <https://www.zharar.com/kz/olen/html>
5. <http://song.kazakh.ru/30073/>
6. Ысқақ Қ. Шығармалары. Роман, повесть және әңгімелер.- Астана: Фолиант, 2011.
7. Әскербекқызы Ж. Ай-тамғы.- Астана: Профи Медиа, 2014.-240 б.
8. [https://massaget.kz/mangilik\\_el/tauelsizdikke\\_25\\_jyl/42564/](https://massaget.kz/mangilik_el/tauelsizdikke_25_jyl/42564/)

**Гүлнар Бекенова**

*Еуразия гуманитарлық институтының профессоры,  
филология ғылымдарының кандидаты.*

*Астана қаласы, gulnar68\_koks@mail.ru*

#### **ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМИЯСЫНДАҒЫ КАЛЬКАЛАУ МӘСЕЛЕСІ**

Тіл саясатының жүргізілуі Қазақстан Республикасының мемлекеттілігінің нығаюы тұсында ең өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Тіл прогресі - өркениетті қоғам құруға ұмтылған ұлттың ұлы мақсаттарының бірі. Мұндай күрделі іс әрқайсымыздан бойымыздағы бар парасаттылығымыз бен ел алдындағы борышымызды адал атқаруымыз

## Атаулар сыры

сияқты адамгершілік қасиеттерге сүйеніп жұмыс атқаруымызды талап етеді. Сондықтан да ел байлығы мен ұлт руханиятын толық игеріп халық өміріне жарамды қылу көкірегі ашық, жүрегінде оты бар кез келген адамзаттың борышы екені қауым жақсы түсінеді деп ойлаймыз.

Осыған орай Қазақстан Республикасындағы жалқы атауларға қатысты жүргізіліп отырған тілдік саясат мемлекеттілікті нығайту, мемлекеттік сәйкестікті қалыптастыру сияқты міндеттерді жүзеге асыруға ат салысып отыр. Өйткені атаулар мен есімдер ежелгі заман мен көне дәуір жәдігері ретінде ел тарихы мен халықтың ұғым – нанымынан болашақ ұрпаққа ақпарат беретін, ұлттық ерекшелігімізді айқындай түсетін белгі болып саналады. Сондықтан қазақ даласына келген қай ел, қай халық болмасын ең алдымен жер-су атауларын өзгертуге жанталаса кіріседі. Ешқандай сызу-жазуға ұшырамай, карта-тіркеуге түспей сан замандар бойы халықтың көшіп-қону жеріне, жаз жайлауына, қыс қыстауына айналған сар даланы губерниялар мен оқуруттерге, болыстар мен аудандарға бөлу, жергілікті атауларды тізімге салу т.б. сол сияқты жұмыстар келімсек адамдардың басты ісіне айналды. Бұл топонимикалық атауларды өзгертумен, бұрмалаумен бірге, кейде тіпті мүлдем тіркемей адам жадынан шығарып тастау сияқты шаралармен қатар жүргізіліп жатты. Жаңа әкімшілік-аумақтық құрылымдарға бөліп, тұрғылықты объектілерге жат есімдер беріліп, елді мекендер мен ауылдарды цифрлармен таңбалағаны, ал Кеңес өкіметі мен тың игеру кезінде республика картасы тіпті адам танымастай болып өзгергені осы отырған қауымға белгілі жағдай. Қазақ атаулар бұрмаланып жазылып, орысшаға сөзбе-сөз аударылып өзгеше мағынаға ие болғаны қаншама. Түгелімен тізіп жатпасақ та, біразын айта кету керек сияқты. Мәселен, Мәңгісор – Менкисер көл, қоныс атауы (Солтүстік Қазақстан обл.), Өндіріс – Ундурус (Ақмола обл.); Шабакты – Чебачье, Аққуқонған - Лебяжье (Ақмола обл.), Тасқамал – Бастион, Кумкосьяк – Құмкесек, Қаражар – Черноярка, Ақкөл – Белое, Тұщыкөл – Питное, Күркірек – Куркурук, т.б. сол сияқты атаулар қатарын жасай беруге болады.

Бұрынғы атауларды қайтару мәселесіне келген жағдайда тілші-зерттеушіні елендететін бір жайт - атау тағдырында болған аударма мәселесі. Аударма дейтінім, кәдімгі топонимикалық атаулардың басынан кешкен қазақ тілінен орыс тіліне ешкімнің келісімінсіз, ономастикалық комиссияның шешімін былай қойғанда, сұраусыз өзгертілген, яғни тәжірмаланған калька атаулар. Қазіргі таңда мұндай атауларды «орыс» топонимдері деп атап, оларды қазақ атауы кейде тіпті қатар жүргеніне қарамастан Республикалық ономастика комиссиясының заңды шарттарын толық орындап барып қана өзгертіп жүрміз. Шынында да калька топоатаулардың саны өте көп және қай өңірде қанша екенін санау мүмкін емес. Осы жайлы В.Никонов: «...несомненно, что «переводные»

многие названия кажущиеся подлинными. Одни из них существуют наряду с подлинником, другие вытесняют его. Сколько названий трудно заподозрить в переводе, так как подлинник давно утерян и забыт, но если он (подлинник) рядом, зачем искажать истину» деп жазады. Ғалым ойын әрі өрбітіп, Қазақстанның бар өңірінде, әсіресе солтүстік деп атап жүрген аймақ картасынан мыңға жуық орыс тілді атауларды теріп алып қарастырғанда олардың 25-35%-дан астамы қазақ атауымен қолдануы әр деңгейде болғанымен қатар жүргені байқалады. Жергілікті тұрғындарды сөзге тартып, баршаға белгілі қазақ атауын неге қолданбайсыздар десек, күнделікті өмірде айтатынымыз қазақша, ал ресми түрде Щучье, Белое, Лебяжье, Камышлово, Травное, Могильное, Полвинное, Питное, Громотуха деп атаймыз дейді.

Бүгінгі күні әр түрлі себептермен бұрмаланған топонимикалық атаулардың, ұйымдар мен мекемелердің аттарының қазақ тілінде жазылуы, ежелгі төл атауларының қайта жаңғыруы бірқалыпқа түсіп, оң бағыт алып келе жатыр. Тарихи атауларды қалпына келтіру, ауыстыру, өзгертусынды шаралар тек елді мекен, көше атауларына қатысты болып келді. Ал топонимияның ең консервативті, өзгеріске көп ұшырамайтын саласы оронимдер мен гидронимдер, яғни физика-географиялық атаулар корпусы болып табылады. Қазақ жеріндегі жер-су атаулары 19 ғасырдың екінші жартысынан бастап, Ресейдегі Столыпин реформасынан кейін жаппай өзгеріске ұшырап, төл атаулар жүйесінің ұлттық қаймағы бұзыла бастады. Сол кезеңге дейін Қазақстанның барлық өңірлері қазақтың ру, тайпаларының атажұрты болғаны рас, жаз жайалуы мен қыс қыстау, бұлақ, сай-салаларына иелік етіп, ғасырлар бойы емін еркін көшіп-қонып отырған. Тұрғылықты қазақ халқының жолындағы төбе, өзен, сай-саланың барлығы қазақша атауға ие болғандығы да сөзсіз. Бұл атаулар көшпенді дала баласына мекенжайлық, танымдық әрі күнделікті өмірге пайдасы жағынан ақпарат беріп отырғаны да ақиқат. Алайда олардың көбі қазақ жерін зерттеген, қағазға түсірген Ресейдің Императорлық Географиялық қоғамының топографист, геодезист мамандары карта бетіне түсірмеген болуы да, түсірген жағдайда фонетикалық жағынан бұрмалануы да, тіпті кейбір микропонимдердің атауларын елемеуі де мүмкін. Кей жағдайда тілмаштар арқылы онимнің мән-мағынасын сұрастыра отырып, аударма атауын тіркеу үрдісі де жоқ емес. Осындай үстіртін немесе әдейі жүргізілген саясат арқасында қазақ сахарасына «орыс» немесе аударма атаулар «мекендеп», карта бетінде орыс топонимдері деген ұғым қалыптасты.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет

комитетінің тапсырысымен орындалған «Тарихи-диахрониялық әдісті қолдану арқылы ономастикалық атауларды жүйелендіру қызметі» жоба аясында Ақмола және Жамбыл облыстарындағы калька атаулар бойынша зерттеулер жасалды. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына аталған өңірлерде кездесетін «орыс» атауларымен қатар қолданылатын қазақи атауының дұрыс екенін растау үшін ресми сұраныс жіберіліп, орыс тіліндегі микротопонимдердің мазмұнын ұлттандыру ниетіндегі іс- шараларды құптарлық әрекет деген жауап алдық.

Микротопоним көп жағдайда республикалық масштабтағы карталық өнімдерде көрініс таба бермейді, жергілікті облыстық, аудандық карталарда тіркелуі тиіс. Қазіргі кезде өңірлердегі орыс тілінде жазылған микротопонимдердің арғы тарихы отарлау кезеңге дейінгі ескі карталарда, қазақ жерін топографиялық, әлеуметтік, табиғи-климаттық т.б. жағдаятын зерттеп, тіркеп отырған орыс зерттеушісі А.Щербинаның 27-томдық «Материалы по киргизскому землепользованию» атты және т.б. еңбектер мен архивтік қолжазбалардан, ескі карталардан табуға болады. Ал карта бетіне түспеген, бірақ жергілікті тұрғындардың айналасындағы, ауыл, қоныс аймағындағы, күнделікті қолданыс айналымдағы микро-макро атауларды орыс тіліндегі атауын қазақ топонимдердің аудармасы не орыс тіліндегі рәсімделуі деп таныған жөн. Мәселен, Солёное деген қазақ тілінде тұзды деп те, сор, соркөл деп тұзы шығып жатқан сай, батпақ, сортаң жерге де қатысты айтылады. Жергілікті рельеф сипаты, ландшафты, топырақ, су құрамы географиялық реалийдің физикалық, химиялық құрамына қатысты қойылуы тиіс. Оны жергілікті тұрғындар жақсы біледі, әсіресе, ауыл шаруашылығымен айналысатын диқандар, малшылар менаңшылар.

Тізімдегі атаулар РМҚК «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры» мен ҚР БҒМ География институтының қатысуымен әзірлеген 14 облыс бойынша қазіргі кездегі республикадағы ең толық (500 масштабтағы карта бойынша) «Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы = Государственный каталог географических названий Республики Казахстан.-(Ред.: Е. А. Гесско, И. А. Копанева. – Алматы. бойыншасалыстырып, тексерілді.

Осы арнада Қазақстанның бар өңірінде тарихи атауларды қайтару үрдісі қарқынды да сапалы өтуіне бірден бір себепкер бола алатын калька атаулар бойынша ұсыныс жасағымыз келіп отыр. Ол: әр облыстың аумақтық-әкімшілік бөліктерін жекелеп алып, онда кездесетін аударма атаулардың, яғни қазақ-орыс атаулары қатар жүретін онимдердің, тізімін жасап, тарихи атауларын қайтару жағына қарай әрекет жасау керек.

Демек, географиялық атауларды қалпына келтіру және қайта атау

## Атаулар сыры

сияқты уақыт пен қаржы ресурстарын керек ететін жауапты істі жеделтеудің тиімді жолдарынның бірі ретінде орыс (калька) атауларды тізіп, қазақи нұсқаларын картографиялық реестрге енгізу қажет. Үлгі ретінде Ақмола жән Жамбыл облыстары бойынша Тіл білімі институтымен бірлесе жасалған атаулар тізімін ұсынып отырмыз.

### ОРЫС (КАЛЬКА) АТАУЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚИ НҰСҚАЛАРЫ

|     | Қазіргі (калька)атауы                                                                                                                       | Қазақи атауы |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
| 1.  | <b>Белая / Белая</b> , шоқы, Есіл өзенінің оң жағалауында, Есіл ауылынан батысқа қарай; Жақсы ауданы.                                       | Ақадыр       |
| 2.  | <b>Белая Грива</b> , тау; Мойынқұм ауданы.                                                                                                  | Ақбас        |
| 3.  | <b>Белова / Белова</b> , сай, Жыланды өзенінің оң жағалауында, Атбасар қаласынан солтүстік-батысқа қарай; Атбасар ауданы.                   | Ақсай        |
| 4.  | <b>Белоярка / Белоярка</b> , село, Аршалы ауданы.                                                                                           | Ақжар        |
| 5.  | <b>Белый Камень</b> , төбешік, Мойынқұм ауданы.                                                                                             | Ақтас        |
| 6.  | <b>Берёзка / Берёзка</b> , қоныс, Қайрақты өзенінің оң жағалауында, Қараөзек ауылынан солтүстікке қарай; Бурабай ауданы.                    | Қайыңды      |
| 7.  | <b>Болотина / Болотина</b> , батпақ, Шеркөл көлінен батысқа, Кіші Сарыоба көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Аршалы ауданы                     | Томар        |
| 8.  | <b>Болотный / Болотный</b> , төбешік, Есіл қаласынан солтүстік-шығысқа, Раздольное селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Есіл ауданы.           | Томарлы      |
| 9.  | <b>Болото Кочковатое / Болото Кочковатое</b> , қоныс, Жақсы Түкті тауларынан шығыс-қа, Веденовка селосынан оңтүстікке қарай; Бурабай ауданы | Томарлы      |
| 10. | <b>Большая Сопка / Большая Сопка</b> , тау, Зеренді тауларының солтүстік-шығысында, Зеренді көлінен оңтүстікке қарай; Зеренді ауданы.       | Үлкен шоқылы |
| 11. | <b>Большое / Большое</b> , көл, Сарқырама өзенінің сол жағалауында, Мәдениет ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Сандықтау ауданы.            | Шалқар       |
| 12. | <b>Большое Белое / Большое Белое</b> , көл, Боксық өзенінің сол жағалауында, Акимовка селосынан оңтүстікке қарай; Астрахан ауданы.          | Ақкөл        |
| 13. | <b>Боярка / Боярка</b> , село, Бұланды ауданы.                                                                                              | Доланалы     |
| 14. | <b>Волчий / Волчий</b> , төбешік, Самарбай көлінен оңтүстік-шығысқа, Сабынды ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Қорғалжын ауданы.            | Бөрілі       |

|     |                                                                                                                                                    |                 |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
| 15. | <b>Волчья Нора / Волчья Нора</b> , қоныс, Есіл өзенінің сол жағалауында, Каменка селосынан оңтүстікке қарай; Қорғалжын ауданы.                     | Апанды          |
| 16. | <b>Воробьёвка / Воробьёвка</b> , село, Бұланды ауданы.                                                                                             | Торғай          |
| 17. | <b>Глубокий Яр / Глубокий Яр</b> , қоныс, Барап көлінен солтүстікке, Сарытау тауынан оңтүстік-шығысқа қарай; Аккөл ауданы                          | Тереңсай        |
| 18. | <b>Гнилое / Гнилое</b> , көл, Қалқұтан мен Талқара өзендерінің аралығында, Гуляйполе селосынан солтүстік-батысқа қарай; Шортанды ауданы.           | Сасықкөл        |
| 19. | <b>Горелая База / Горелая База</b> , қоныс, Қыздың Қарасуы өзенінің сол жағасында, Жамантұз көлінен солтүстік-батысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.   | Күйгенжар       |
| 20. | <b>Горелая Сопка / Горелая Сопка</b> , тау, Қалқұтан өзенінің жоғарғы ағысының оңжағалауында, Қозған көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Аккөл ауданы. | Күйгентөбе      |
| 21. | <b>Горное / Горное</b> , ескі мекен, Ерейментау ауданы.                                                                                            | Таулы           |
| 22. | <b>Грязный</b> , төбешік; Сарысу ауд.                                                                                                              | Саздытөбе       |
| 23. | <b>Журавлёвка / Журавлёвка</b> , село, Бұланды ауданы.                                                                                             | Құлы            |
| 24. | <b>Заячий</b> , төбешік; Сарысу ауд.                                                                                                               | Қоянды (төбе)   |
| 25. | <b>Зверобой</b> , төбешік; Сарысу ауд.                                                                                                             | Құрайлы         |
| 26. | <b>Зелёный Яр / Зелёный Яр</b> , кордон, Бурабай ауданы.                                                                                           | Орманды жар     |
| 27. | <b>Змеиная / Змеиная</b> , шоқы, Есіл өзенінің оң жағалауында, Первомайка селосынан солтүстікке қарай; Астрахан ауданы.                            | Жыланды         |
| 28. | <b>Кабаний Ключ / Кабаний Ключ</b> , бөген, Кабаний Ключ өзенінде, Сандықтау ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Сандықтау ауданы.                    | Қабанды бұлақ/  |
| 29. | <b>Каменистая Грива</b> , төбешік; Мойынқұм ауд.                                                                                                   | Жаладыр         |
| 30. | <b>Каменистая / Каменистая</b> , шоқы, Есіл мен Мойылды өзендерінің аралығында, Константиновка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Аршалы ауданы.   | Тасшоқы/Тастөбе |
| 31. | <b>Каменная Стена / Каменная Стена</b> , тау, Зеренді көлінен батысқа, Жыланды тауларынан шығысқа қарай; Зеренді ауданы                            | Жартас          |
| 32. | <b>Каменный / Каменный</b> , жырасай, Қайрақты өзенінің сол жағалауында, Тастыөзек ауылынан оңтүстікке қарай; Бұланды ауданы.                      | Тастыжыра       |
| 33. | <b>Каменный Яр / Каменный Яр</b> , жырасай, Шағалалы өзенінің сол жағалауында, Белое көлінен оңтүстік-                                             | Тасжар          |

|     |                                                                                                                                                 |                 |
|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|     | шығысқа қарай; Зеренді ауданы.                                                                                                                  |                 |
| 34. | <b>Камышенка / Камышенка</b> , төбешік, Алакөл көлінен шығысқа, Первомайка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Астрахан ауданы.                   | Қамысты         |
| 35. | <b>Карасье / Карасье</b> , көл, Щучье көлінен солтүстік-шығысқа, Бурабай көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Бурабай ауданы.                        | Мөңкелі         |
| 36. | <b>Карьер Известковый / Карьер Известковый</b> , қоныс, Ақсу өзенінің оң жағасында, Бөгенбай ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Ақкөл ауданы.    | Борлыжар        |
| 37. | <b>Красный Яр / Красный Яр</b> , төбешік, Быстримовка селосынан оңтүстікке, Максимовка селосынан батысқа қарай; Сандықтау ауданы.               | Қызылжар        |
| 38. | <b>Кудрявая Сопка / Кудрявая Сопка</b> , тау, Байөтер тауынан батысқа, Зеренді тауларынан солтүстік-шығысқа қарай; Зеренді ауданы.              | Бұйрашоқы       |
| 39. | <b>Курчавая / Курчавая</b> , тау, Қарасу өзенінің оң жағасында, Шайтантөбе тауынан шығысқа қарай; Ақкөл ауданы.                                 | Бұйратау        |
| 40. | <b>Лебединое / Лебединое</b> , көл, Щучье көлінен солтүстікке, Бурабай көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Бурабай ауданы.                          | Аққулы/Қулық өл |
| 41. | <b>Лосевый Кордон / Лосевый Кордон</b> , қоныс, Зеренді тауларының орталық бөлігінде, Құмдыкөл көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Зеренді ауданы. | Бұланды         |
| 42. | <b>Лысая / Лысая</b> , тау, Ащылы өзенінің оң жағалауында, Хлебное селосынан оңтүстікке қарай; Сандықтау ауданы.                                | Жалтыртау       |
| 43. | <b>Мазарка</b> , төбешік Мойынқұм ауд.                                                                                                          | Мазарлы         |
| 44. | <b>Малое Белое / Малое Белое</b> , көл, Боксық өзенінің сол жағалауында, Акимовка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Астрахан ауданы.            | Кіші Ақкөл      |
| 45. | <b>Малое Камышное / Малое Камышное</b> , көл, Қалқұтан өзенінің оң жағалауында, Ақтас ауылынан оңтүстікке қарай; Ақкөл ауданы.                  | Кіші Қамысты    |
| 46. | <b>Медвежья Щель</b> , өзен. Қордай ауд.                                                                                                        | Аюлы өзек       |
| 47. | <b>Многосопочное / Многосопочное</b> , қоныс, Қараүңгір көлінен шығысқа, Құмды-көл көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Бурабай ауданы.              | Шоқылы          |

|     |                                                                                                                                              |                         |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|
| 48. | <b>Могильный / Могильный</b> , төбешік, Жалманқұлақ көлінен солтүстік-шығысқа, Бесбидайық ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Егіндікөл ауданы. | Мазарлы                 |
| 49. | <b>Мокрое / Мокрое</b> , қоныс, Есіл өзенінің жоғарғы ағысының сол жағалауында, Аршалы кентінен оңтүстік-шығысқа қарай; Аршалы ауданы.       | Сулықөл                 |
| 50. | <b>Моховое / Моховое</b> , көл, Қатаркөл көлінің шығыс жағасында, Қатаркөл ауылының солтүстігінде; Бурабай ауданы.                           | Мүктікөл                |
| 51. | <b>Мысок / Мысок</b> , село, Сандықтау ауданы                                                                                                | Мүйісті                 |
| 52. | <b>Одинокый</b> , төбешік, Сарысу ауданы.                                                                                                    | Жалғызтөбе              |
| 53. | <b>Озёрное / Озёрное</b> , село, Бурабай ауданы.                                                                                             | Бөгенді                 |
| 54. | <b>Осиновый Остров / Осиновый Остров</b> , кордон, Зеренді ауданы.                                                                           | Теректі                 |
| 55. | <b>Песочное / Песочное</b> , көл, Есіл өзенінің оң жағасында, Семёновка селосынан батысқа қарай; Целиноград ауданы.                          | Құмдықөл                |
| 56. | <b>Песчаный Холм</b> , төбешік; Мойынқұм ауданы.                                                                                             | Құмтөбе                 |
| 57. | <b>Плато / Плато</b> , төбешік, Державинск қаласынан оңтүстік-шығысқа, Жаңадала ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Жарқайың ауданы.           | Үстірт                  |
| 58. | <b>Плоская</b> , төбешік, Мойынқұм ауданы.                                                                                                   | Жалпақшоқы<br>Жалпақтау |
| 59. | <b>Полынка</b> , төбешік, Мойынқұм ауданы.                                                                                                   | Жусанды                 |
| 60. | <b>Пятиозёрки / Пятиозёрки</b> , қоныс, Жолдыбай көлінен батысқа, Алабота көлінен оңтүстікке қарай; Зеренді ауданы.                          | Бескөл                  |
| 61. | <b>Рогозяное / Рогозяное</b> , көл, Қалқұтан өзенінің оң жағалауында, Поповка селосынан шығысқа қарай; Атбасар ауданы.                       | Қоғалы                  |
| 62. | <b>Родники</b> қоныс. Билікөл көлінен оңтүстік-батысқа, Бөкейтау тауынан солтүстік-шығысқа қарай; Жуалы ауданы.                              | Қайнар/Бұлақ            |
| 63. | <b>Рыбное / Рыбное</b> , көл, Есіл өзенінің жоғарғы ағысының сол жағалауында, Бірсуат ауылынан шығысқа қарай; Аршалы ауданы.                 | Балықты                 |
| 64. | <b>Синюха / Синюха</b> , шоқы, Сандықтау тауларының оңтүстік бөлігінде, Балкашино селосынан шығысқа қарай; Сандықтау ауданы.                 | Көкшетау                |
| 65. | <b>Скат / Скат</b> , төбешік, Уәлиханов ауылынан оңтүстік-шығысқа, Жаңадала ауылынан солтүстік-батысқа қарай;                                | Ылдилы                  |

|     |                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                             |
|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     | Жарқайың ауданы.                                                                                                                                                                  |                                                                                                                             |
| 66. | <b>Сладкое / Сладкое</b> , көл, Құмдықөл көлінен солтүстік-шығысқа, Златополье селосының солтүстігінде; Бурабай ауданы.                                                           | Тұщыкөл/Ащысу/<br>Ащысай                                                                                                    |
| 67. | <b>Сосновка / Сосновка</b> , ескі мекен, Сандықтау ауданы.                                                                                                                        | Қарағайлы                                                                                                                   |
| 68. | <b>Сухая Речка / Сухая Речка</b> , жылға, бастауы Арнасай бөгенінен шығысқа қарай, Мойылдыөзенінің сол саласы, Есіл өзенінің оң саласы, Ертіс өзенінің сол саласы; Аршалы ауданы. | Сарыөзек (қарсуынан толып, ал басқа уақытта тартылып, тек арнасы қалатын өзендер қазақ топонимикасында «Сарыөзек» аталады). |
| 69. | <b>Центральный</b> , төбешік, Мойынқұм ауданы.                                                                                                                                    | Ортатөбе                                                                                                                    |
| 70. | <b>Чайкино / Чайкино</b> , село, Көкшетау қаласының құрамына кірді; Көкшетау қалалықәкімшілігінің аумағы.                                                                         | Шағалалы                                                                                                                    |
| 71. | <b>Чебачье / Чебачье</b> , көл, Жабай өзенінің оң жағалауында, Атбасар қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Атбасар ауданы.                                                          | Шабакты                                                                                                                     |
| 72. | <b>Чёрная Пика / Чёрная Пика</b> , тау, Домбыралы тауынан солтүстік-шығысқа, Итемген көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Аккөл ауданы.                                                | Қарашоқы                                                                                                                    |
| 73. | <b>Чёрная Речка</b> , өзен. Қордай ауд.                                                                                                                                           | Қарасу                                                                                                                      |
| 74. | <b>Щучье</b> , көл, Шу ауданы.                                                                                                                                                    | Шортанды                                                                                                                    |

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Озера Казахстана и Киргизии и их история. Отв. Ред. Шнитников А.В., Смирнова Н.П. –Л., «Наука», 1975, -297 с.
2. Попова В.Н. Структурно-семантическая природа топонимов Казахстана (сравнительно-историческое исследование). Диссерт на соиск. докт. филологических наук А., 1997, -348 с.
3. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины. Серия географическая, -А., 1951, Вып. N3, -С. 180. N99.
4. Мадиева Г.Б. Гидронимия Восточного Казахстана: Диссерт. Канд. филологических наук. –А., 1990, -160 с.

5. А.Щербинаның «Материалы по киргизскому землепользованию». 27 том. С.-Петербург, 1927.
6. Озеро Северного Казахстана. (сб.статьей). Под/ред. ак. АН КазССР Пальгова Н.А. – А., 1960, -260с.

**Сәуле Иманбердиева**

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық  
университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы.  
Астана қаласы, [imansaule@mail.ru](mailto:imansaule@mail.ru)*

## **ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БИОТОПОНИМДЕРІ**

**Кіріспе.** Қазақ жері өсімдік не жануар атауынан қалыптасқан топонимдерге өте бай. Қазақ ономастикасында арнайы кешенді еңбектермен бірге жалпы онимдерді зерттеуде де биотопонимдер барынша қарастырылған.

Қазіргі кезде тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем алдында табиғи ресурстар мен табиғатты қорғау проблемалары тұр, ландшафтың өзгеруі, өсімдіктер мен жануарлардың ареалдарын түсіндіру басты мәселе, мұндай жағдайда әр түрлі ғылыми әдістер мен соның ішінде биотопонимикаға деген үлкен қызығушылық бар.

Ғ.Қонқашпаевтың пікірінше, көшпелілердің күн көрінісіне жер бедері (рельеф), ауа-райы (климат), су (гидрография), өсімдіктер және аңдар үлкен септігін тигізген [1].

Зоолог-ғалым А.Н. Формозов: «Қазақстан картасындағы өзен-су және ежелгі мекен атаулары жабайы аңдардың атымен байланысты. Өйткені Қазақстанның ландшафт өмірінде жануарлар әлемі үлкен рөл атқарады» – деп жазған [2, 168].

Қазақстандық ғалым Р.С.Сәтімбеков топонимикалық әдістермен кейбір жануарлардың (құлан, бұлан, марал, құндыз т.б.). Қазақстан жерінде кезінде таралғандығын анықтап отыр [3].

Б.М. Тілеубердиевтің пікірінше: «Қайсібір өсімдік түрінің топонимиядан орын алуына екі жағдай әсер етеді: 1) мал жейтін шөптер аты болуы тиіс; 2) осы физика-географиялық объектіде өсетін өсімдіктердің ішіндегі жиі кездесетінінің аты болуы тиіс» [4,12].

Еліміздің аумағындағы топонимдердің қалыптасуына флора мен фаунаның әсерін анықтау негізінде атау тағуда саятшылықтың мал өсірумен салыстырғандағы қазақ өміріндегі маңызы мақала негізінде анықталады. Көне атаулардың қазіргі Қазақстан ономастикалық кеңістігіндегі жер-су атауларымен өзара тілдік-генетикалық байланысы, мазмұндық, семантикалық ортақтығы, тарихи сабақтастығына қысқаша талдау жасалды.

Биотопонимдерді зерттеу негізінде мынадай ерекшеліктер

анықталды:

- топонимдердің құрамында аң атауына қарағанда өсімдік атауының басымдылығы көрініс тапты. Бұл қазақтардың мал өсіру, емдік шөптерді пайдалану сияқты тұрмыс салтына байланысты екендігін айқындады;

- көне биотопонимдер құрамында көне түркі тілдерінің негізінде қалыптасып, қазіргі кезде мағынасы күңгірттенген атаулардың бар екендігі анықталды;

- бұрынырақта қалыптасқан аң атауы негізіндегі топонимдер саятшылыққа байланысты болғанымен кеңес дәуірі кезінде қалыптасқан атаулар жекелеген оқиғаларға байланысты қалыптасқаны аңғарылды;

- биотопонимдер құрамындағы көптік мәндегі -лы/-лі/-ды/-ді/-ты/-ті реликтік қосымшалар қазіргі атауларда да сақталғаны байқалады;

- құрамында көне географиялық терминдер негізінде қалыптасқан қазіргі топонимдерде «аң атауына байланысты компонент» жаңсақ ақпарат беретіндігі айқындалды, мәселен, *Ақсиыр* топониміндегі «сиыр» компоненті қазіргі қазақ тіліндегі «сиыр» сөзіне еш қатысы жоқ, моңғол тілінен сайыр «құрғаған өзен арнасы, малта тас» мәніндегі сөз;

- топоним құрамында қазіргі қазақ тіліне көне синоним болып келетін мал өсіруге байланысты атаулар да кездесті. Алайда олардың мағынасы тек тіл маманы немесе мал шаруашылығымен айналысатын мамандар ғана белгілі болғанымен көпшілікке беймәлім.

**Эксперимент.** Жердің фауна мен флорасынан да ақпарат беретін атаулар да көптеп кездеседі. Мұның дәлелін келесі мысалдар негізінде айқындауға болады.

**Тал/ағаш/бұта (17):** *Қарағайлы, Ақтерек, Талды, Теректі, Томар, Шолаққайың, Жалпақшілік, Қараағаш, Қызылшілік, Жидебай, Ақтоғай, Сарытерек, Талдысай, Талдысай, Талдықұдық, Қаратал, Тораңғылық.*

**Шөп (5):** *Қарағанды, Шөптікөл, Ақши, Изеңді, Тікенекті.*

**Мал/аң/жануар (9):** *Қоянды, Қошқар, Аюлы, Құланөтпес, Ақсу-Аюлы, Киікті, Нарөлген, Түйемойнақ, Ақтұмсық.*

**Балық (1):** *Балықтыкөл.*

**Құс (1):** *Бүркітті.*

**Шыбын-шіркей/жәндік (3):** *Кенелі, Сона, Соналы.*

**Жалған биотопонимдер (15):** *Айғыржал, Басбайтал, Белеуті, Жәйрем, Қарааласиыр, Қарасиыр, Қасқаайғыр, Құлаайғыр, Қасқыр, Қойуыс, Қойүлес, Қарақой, Қызылқой. Жыланды, Қарғалы.*

Қарағанды облысы биотопонимдерін жалпылама флора, фауна, жалған биотопонимдер деп бөліп, пайыздық қатынасын анықтады.

## БИОТОПОНИМДЕР




Диаграмма – 1 Биотопонимдер

Диаграммдан көріп тұрғанымыздай, облыс бойынша биотопонимдердің саны анықталды: флора – 22, фауна – 14, жалған биотопонимдер – 15. Флора санының көп болуы атаудағы мал өсіруге қолайлы/қолайсыз, шөбі қалың өскен жерлер, емдік қасиеті бар шөптер жайлы ақпаратқа байланысты болса керек. Жалған биотопонимдер, яғни сыртқы фонетикалық қабаты биотопонимдерге жақын болғанымен, беретін ақпараты биотопонимдерге еш қатысы жоқ атаулар санының да көп болуы тарихи сабақтастықтың, тарих ізінің қалуына байланысты, себебі бұл атаулар – көне түркі тілінің ізі. Ал олардың берер ақпараты, негізінен, географикалық термин-индикаторларға байланысты.

Кесте – 1 Қазіргі қазақ тіліндегі биотопонимдер

| № | топоним    | тұлғасы         | флора | фауна | мағынасы                   |
|---|------------|-----------------|-------|-------|----------------------------|
| 1 | Қарағайлы  | қарағай+лы      | +     |       | Қарағай көп өскен жер      |
| 2 | Қоянды     | Қоян+ды         |       | +     | Қоян көп болған            |
| 3 | Теректі    | жал+ағаш        | +     |       | Таудағы ағаш               |
| 4 | Құланөтпес | Құлан+өтпес     |       | +     | Құлан қырылған жер         |
| 5 | Тораңғылық | Тораңғы+лы<br>қ | +     |       | Бұлақ басындағы<br>тораңғы |
| 6 | Ақсу-Аюлы  | Аю+лы           |       | +     | Қызыл шеңгел               |
| 7 | Изеңді     | Изең+ді         | +     |       | Қалың өскен тал            |

## Атаулар сыры

|    |           |            |   |   |                        |
|----|-----------|------------|---|---|------------------------|
| 8  | Сона      | Қара+шалаң |   | + |                        |
| 9  | Кенелі    | Кене+лі    |   | + | Құлжа аңының көптігі   |
| 10 | Бүркітті  | Бүркіт+ті  |   | + | Бүркіті көп тау        |
| 11 | Тікенекті | Тікенек+ті | + |   | Тікенегі көп өскен жер |

Кесте негізінде біз халықтың тұрмыс-тіршілігіне қажетті ақпарат беретін топонимдерді анықтаймыз. Қараған, қарағай, терек, торанғы, тікенектің өзіндік пайдасы бар, ал Қоянды, Бүркітті, Кенелі, Соналы атаулары саятшылық пен көшіп-қонуда берер ақпаратының маңызы зор.

### Кесте – 2 Жалған биотопонимдер

| №  | топоним            | мағынасы                                              | тіл                                            |                               |                  | флора /фауна |
|----|--------------------|-------------------------------------------------------|------------------------------------------------|-------------------------------|------------------|--------------|
|    |                    |                                                       | Алтай                                          | Бурят/м<br>оңғол              | қазіргі<br>қазақ |              |
| 1  | <i>Айғыржал</i>    |                                                       |                                                |                               |                  |              |
| 2  | <i>Басбайтал</i>   | жоғарғы жартас,<br>басқы тау                          |                                                | «тау»,<br>«жартас»            |                  | -            |
| 3  | <i>Белеуті</i>     | шетені көп, қалың                                     | Беле-<br>шетен»                                |                               |                  | +            |
| 4  | <i>Жәйрем</i>      | раңға жай                                             |                                                |                               | раң+ж<br>ай      | +            |
| 5  | <i>Қарааласиыр</i> | биік, үлкен жота,<br>төбе, шоқы                       |                                                | сээр,<br>сыр                  |                  | -            |
| 6  | <i>Қарасиыр</i>    | құрғаған өзен,<br>сайдағы үлкен өзен                  |                                                | сай,<br>сайр,<br>чай          |                  | -            |
| 7  | <i>Қасқаайғыр</i>  | алыстан қасқиып<br>анық көрініп жатқан<br>айрық, айыр | <i>айыр</i>                                    |                               |                  | -            |
| 8  | <i>Қасқыр</i>      | кварцты, көкшіл түсті<br>тастары бар төбе             |                                                | <i>қас /<br/>каш/<br/>хас</i> |                  | -            |
| 9  | <i>Қойуыс</i>      | тау етегіндегі өзен, су                               | <i>qoi</i>                                     |                               |                  | -            |
| 10 | <i>Қойүлес</i>     | тау етегіндегі,<br>табанындағы өзен                   | <i>qoi+ ol+<br/>ec&lt;ac&lt;<br/>aui&lt;ыи</i> |                               |                  | -            |
| 11 | <i>Қарақой</i>     | үлкен/ірі етек, табан                                 | <i>qoi</i>                                     |                               |                  |              |
| 12 | <i>Қызылқой</i>    | етек, табандағы<br>топырақ түсі                       | <i>qoi</i>                                     |                               |                  |              |
| 13 | <i>Жыланды</i>     | алаң, жазық                                           | <i>йалаң</i>                                   |                               |                  | -            |

Бұл кестеден о бастағы мағынасы тек тілші-мамандарға ғана белгілі, қазіргі халық үшін жалған ақпаратты топонимдер. Ал олардың бастапқы мағынасы мал атауына, мал шаруашылығына еш қатысы болмағанымен, жер бедері бойынша жан-жақты ақпарат береді.

**Нәтиже мен талқы.** Сөзіміз дәлелді болу үшін біршама битопонимдерге тоқталып, топоним этимологиясына біршама зерттеу жүргізген ономаст-ғалымдың еңбектеріне жүгінсек, **Ақтоғай** – «Ақтоғай» атауының бірінші сыңарындағы «ақ» сөзі топонимдер құрамында келгенде «таза, мөлдір, тұнық» және «кең, үлкен» деген мағынаға ие екендігі көп айтылады. Ал «тоғай» сөзін талдау барысында, профессор Т.Жанұзақов: «Қалайда «тоғай» – географиялық термин ретінде түркі тілдерінде ерте заманнан қолданып келе жатқан лексема. Ол түркі тілдерінен орыс әдеби тіліне де еніп, тугай тұлғасында жиі қолданысқа түседі. Демек, республикамыздың көптеген облыстарында ұшырасатын «Ақтоғай» атауы «су, өзен жағасындағы шағын орман» мәніне ие деп қарауға болады», - деген пікір білдіреді [5].

**Қарғалы** – Профессор Т.Жанұзақ Е.Қойшыбаевтың тарихи-семантикалық жағынан *қарға* тұлғасы және түр, «қойтас» немесе «сандықтас» ұғымын беретін термин, сонда *Қарғалы* немесе *Қарғалық* атаулары «сондай тастардың мол үйілген жері» деген мағынаны білдіретініне тоқталып, *Қарғалы* атауын тарихи, көне топоним ретінде қарастырады. Ал атаудың мағынасына қатысты «жайылмалы тайыз, саяз өзен» дегенге тоқталған [5].

**Қарааласиыр** – атау *қара+ала* және *сиыр* деген үш сөзден бірігіп жасалған. Бірінші және екінші сыңарлардағы *қара* және *ала* сөздері көпшілікке түсінікті болғанмен *сиыр* сөзінің монғол тіліндегі *сээр* «жота, қыр тізбегі», хак. *сыр* 1) жота, төбе, шоқы; 2) биік жаға, жар; 3) өр; як. *сыыр* – «қия қабақ», «тік жар» мәніндегі сөздер екендігін ескерер болсақ, *Қарааласиыр* – «биік, үлкен жота, төбе, шоқы» мағынасын білдіретінін көреміз [5].

**Қарасиыр** – Т.Жанұзақ атаудың екінші сыңарындағы *сиыр* сөзінің кәдімгі *сиыр* малына қатысы жоқ сияқты дегенді айтады. Профессор ойын жалғап: «Түркі, монғол тілдерінде *сай*, *сайр*, *чай* тұлғаларында айтылып, «құрғаған өзен, сайдағы өзен» мағыналарын береді. Махмуд Қашқари еңбегінде *saj* «тасты өзен», «тасты жер», *saj jazi* – «жазық, тасты ойпат»: *sajram*, *sajram suv* – «терең емес, саяз су». Бұл дәлелдерге қарағанда көне түркі, монғол тілдеріндегі *сайр* сөзі айтыла келе тіліміздің дыбыстық заңына сай *сиыр* тұлғасына айналып, тілімізде берік қалыптасқан. Сонда *Қарасиыр* атауы: «Құрғаған өзен, сайдағы үлкен өзен» мағынасында қойылған. Кейінен бұл өзен жағасына орналасқан ауыл осы өзен атымен аталған», - деген пікір білдірген [5].

**Қасқыр (Қасқыр)** – атаудың тұлғалық жағынан *қасқыр* (бөрі)

сөздерімен ұқсас болғанымен мағынасы жағынан ерекше сияқты. Байқауымызша, Қасқыр атауының бірінші сыңарындағы *қас* басқа түркі тілдеріндегі *каш* сөзімен тұлғалық әрі мағыналық жағынан сәйкес те ұқсас. Айталық, *қас* / *каш* сөздерінің тура мағынасы «қабақ үстіндегі қас, түк» болса, топонимдік мағынасы «төбе», «су жағасы». Якут. *хас* «биік жартас», хак. *хас* «жаға», «биік шоқы»; тәж. тіл. *кош* (түркі тілдерінен енген) «төбе» болса, қырғ. түркм. *каш* «тас». Осы *каш* сөзі көптеген түркі тілдері мен ир. тілдерінде «нефрит, көкшіл түсті минерал», «яшма, кварцтың бір түрі» екенін көреміз. Ал атаудың екінші сыңарындағы *қыр* сөзі көне түр. *qyr* «қырат, қырқа», «тау қырқасы». Демек, *Қасқыр* «кварцты, көкшіл түсті тастары бар төбе» мәніндегі атау деудің ыңғайы бар сияқты [5].

**Қойүлес (Қойүлес)** – атаудың бірінші сыңарындағы *қой* сөзінің кәдімгі қой малынан басқа мағынаға ие сөз болуы мүмкін. Өйткені түркі тілінде *qoi* «дно долины» [6], ал үлес сөзі көне түркі тілінде *ol* «дымқыл», «сыз», ал *es<ac<аш<ыш* сөздері түркі, монғол және ханты, манси, кельт тілдерінде «су», «өзен» мағыналарындағы сөз. Хант. тіл. *ас* «өзен, үлкен өзен». Осы ханты, манси тілдерінде Обь өзенін *Ас* деп атайды екен [7]. Демек, *Қойүлес* атауы тілімізде сақталып отырған көне өзен аты, оның мағынасы: «тау етегіндегі, табанындағы өзен» дегенді білдіреді деп болжайды Т.Жанұзақов [5].

**Белеуті** – *Белеу* (зат есім) + көне аффикс *-ті* арқылы жасалған өзен аты. *Белеу* сөзі қазіргі әдеби тілімізде кездеспейді. Сондай-ақ көне түркі тілінде де осы формалы сөзді ұшыратпадық. О.Т.Молчанованың көрсетуінше, Таулы Алтай жерінде *Беле* (*Беля*, *Белэ*, *Пеле*, *Пелэ*) тұлғалы топоним (тау, сай, жер, пос.) бар [8]. Алтай тілінде *беле* «шетен» деген сөз екен. Бұған қарағанда, өзен жағасында шетен көп, қалың өскендіктен «шетенді» аталуы мүмкін, яғни «шетені көп, қалың» деген мағынаны білдіреді. Ал сөз ортасындағы «у» дыбысы кейінгі кездерге қосылса керек. Географиялық көне формант *-ты*, *-ті* негізінде жасалған.

**Жәйрем (Жайрем)** – Акселеу Сейдімбековтің айтуынша, бұл жерде *раң* шөп қалың, бітік өседі екен де, қой жайылымына бірден-бір қолайлы болған екен. Содан қойды «*раңға жай*», «*жай раңға*» деген сөздер әдетке айналыпты. Сол «*жай раңға*», «*жайраңға*» боп айтыла келе, жергілікті жерде *Жайраң* деген жер атына айналып кетіпті. Жайраң атауын орыс тілінде Жайрам кейіннен Жайрем деп бұрмалап, содан қазақша да Жәйрем деп жазылуы қалыптасып кете барады [9]. Атаудың қолдану аясы мен қызметіне қарай қалыптасқаны анық көрінеді.

**Қорыта айтқанда**, Қарағанды облысында басқа облыстардағыдай аң атауына қарағанда өсімдік атауы басым екен. Қазіргі кезде мағынасы күңгірттенген, тек мамандарға ғана түсінікті топонимдердің ішінде сыртқы пішін негізінде жалған биотопонимдермен қатар нағыз биотопонимдер де бар екендігі анықталды. Осы өңірде қайсысы өзекті, соған орай атау

қалыптасқан. Мәселен, Кенелі, Соналы, Тікенекті атаулары осының айғағы. Сонымен бірге жағымды коннотациялы атаулар да баршылық. Мәселен, *Балықтыкөл*. Жеке дара Балық атауы болса, онда «балшық, батпақ» не көне түркі тіліндегі «қала» мәнін берер еді. Ал мұнда тікелей көл байлығын анықтап тұр.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырған гранттық жоба (ЖТН – АР14871055) аясында жарияланған.

### **Әдебиеттер**

- 1 Конкашпаев Г. Словарь казахских географических названий. Алма-Ата. 1963.
- 2 Формозов А.Н. Животный мир // Казахстан. Общая физикогеографическая характеристика. – М., 1950. – 168 с.
- 3 Р. Сәтімбеков, Р. Әлімқұлова, «Қызықты биология. Жануарлар әлемі». Алматы: «Таймас», -2011ж.- 132 б.
- 4 Тілеубердиев Б.М. Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық лексикасы.–Алматы: Шапағат-Нұр,1999.–119 б.
- 5 Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. Алматы: "Сөздік-словарь" ЖШС, 2010.-356 бет.
- 6 Древнетюркский словарь. –Л., 1969. –С. 453.
- 7 Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. М., 1984, -С. 58.
- 8 Молчанова О.Т. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайск, 1979.
- 9 Ақселеу Сейдімбек. 1 том / Авторы Ақселеу Сланұлы Сейдімбек - «Фолиант» баспасы, 2010 ж. 3-10 б.

### **References**

- 1 Konkashpaev G. Dictionary of Kazakh geographical names. Alma-Ata. 1963.
- 2 Formozov A.N. Animal world // Kazakhstan. General physical and geographic characteristics. - M., 1950. --- 168 p.
- 3 P. Satiimbekov, P. Alimkulova, "Interesting biology. Animal world". Diamonds: "Taimac", - 2011 - 132 p.
- 4 Tileuberdiev B.M. Ethnolinguistic vocabulary of toponyms of South Kazakhstan. – Almaty: Shapagat-Nur, 1999. – 119 p.
- 5 Zhanuzak T. Etymology of Historical Geographic Names. Almaty: "Created Dictionary" LLP, 2010.-356 p.
- 6 Ancient Türkic dictionary. –L., 1969. –S. 453.
- 7 Murzaev E.M. Dictionary of folk geographic terms. M., 1984, -C. 58.
- 8 Molchanova O.T. Toponymic Dictionary of Gorny Altai. Gorno-Altaysk, 1979.

Атаулар сыры

---

9 Akseleu Seidimbek. 1 volume / Author: Akseleu Slanuly Seydimbek - publishing house: "Foliant", 2010 3-10 p.

«Алтай» поэтонимнің танымдық сипаты

*А.Әлімхан*

*Алтынай Әміренова*  
*Ақмола облысы ішкі саясат*  
*басқармасының басшысы*

## **АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АХУАЛ**

Жер, су атаулары - тарихымыздың айғағы. Өткеннің ізі сайрап жатқан жеріміз талай заманның жаңғырығын осы атаулар арқылы бізге жеткізгені анық.

Жер-су атауларына ерекше ыждағаттылық қана емес, тарихи таным мен өлкетанушылық мол білім тұрғысынан келген жөн. Бұл – аса байыптылықты, терең зерттеуді қажетсінетін іс.

Аты аңызға айналған тұлғалардың қонысы болған, тау мен тасын, өзені мен көлін ақындарымыз шабыттанып жырға қосқан тарихы терең Ақмола өңірі тұнып тұрған шежіре екені анық.

Осындай шежірелі жеріміздегі елді-мекендердің атауларына байланысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіруде, көше атауларын қазақыландыруда көптеген игілікті істер атқарылып жатыр.

Көкшетау қаласының 21 көшесіне халқымыздың танымал тұлғалары *Мұстафа Шоқай, Рақымжан Қошқарбаев, Әлия Молдағұлова, Әлкей Марғұлан, Шәмші Қалдаяқов, Міржақып Дулатұлы, Тұрсынбек Кәкішов, Сағадат Нұрмағамбетов және т.б.* тұлғалардың есімдері берілді.

Сондай-ақ 30-дан артық мемлекеттік мекеменің атауын өзгертуді жоспарлап отырмыз.

Елді мекендер мен көшелерді қайта атауда ең алдымен ғылыми тұрғыдан қараған жөн деп санаймыз. Осы бағытта елімізге белгілі ғалымдарды тарту арқылы көптеген нәтижеге де қол жеткізуге болады.

«Ақмола облысының топонимикасын зерттеу мәселелері» атты арнайы жоба арқылы облыстағы елді мекендердің тарихи атаулары зерттелді. Ол үшін облыстық бюджеттен қомақты қаржы да қарастырылды.

Мысалы, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі және Еуразия Ұлттық университетінің белгілі ғалымдарымен бірлесіп атқарған табанды жұмыстардың арқасында облыс аумағындағы 120-ға жуық елді мекеннің тарихи атаулары табылды. Табылған атаулар БАҚ және әлеуметтік желілерге жарияланып, жергілікті халық құлақтандырылды.

Осы жұмыстардың нәтижесінде елді мекендердің тарихи атаулары зерттелген 4 кітап, атлас және бейнефильмдер шығарылды. Аталмыш зерттеу жұмыстары негізінде көптеген елді мекендердің тарихи атауларын қайтаруға мүмкіндік болады.

Мысалы, Лозовое – Қосағалы, Васильевка - Шоққарағай, Макинка – Аютөбе, Златополье – Құмдыкөл және тағы басқаларын атауға болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық

ономастика комиссиясы былтыр «2022-2025 жылдарға арналған идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елді мекендерді және олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі Жол картасын» мақұлдаған болатын. Қазіргі уақытта облыс аумағындағы ономастика саласына арналған жұмыстар аталған жол картасына негізделіп жүргізілуде. 2022 жылы Ақмола облысы бойынша 23 елді мекен мен 160 көшені қайта атау жоспарланып отыр.

Идеологиялық тұрғыда ескірген елді мекендерді қайта атау кезінде берілетін атау жан-жақты зерделеніп, ғылыми тұрғыда дәлелденген болуы керек. Өйткені сол елді мекеннің тұрғындары қайта атауға бірден келісе қоймайды. Ақкөл ауданына қарасты Гусарка елді мекенінің 85% басқа ұлт өкілдері 1884 жылғы картада сақталған Домбыралы атауын көрсетіп, жариялағанымызда еш қарсылық білдірген жоқ. Қазірде елді мекен Домбыралы ауылы болып аталады. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Ал тарихи атаулары табылмаған елді мекендерді, сол жердің географиялық ерекшеліктеріне сәйкес, жергілікті тұрғындардың пікірі ескеріліп Ақадыр, Ақбұлақ, Теректі, Қарағайлы, Арнасай секілді атаулар беру де тәжірибемізде бар.

Жер-су, елді мекен, көше атауларын өзгерту ең алдымен елдігімізге, халқымыздың болашағына, келешек ұрпаққа керек.

## АЙМАҚТЫҚ ТОПОНИМИЯЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ОТАРШЫЛДЫҚ ТОПОНИМДЕРДІҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Қай жер, қай ел болмасын оның қойнауындағы елді мекен, жер атауларындағы әрқилы өзгерістердің бәрі де уақыт өте келе тікелей саяси-әлеуметтік жағдайларға орай қозғалысқа түсетіні себепті ғылыми әдебиеттерде-халықтық, отаршылдық, тоталитарлық топонимдерге жіктеліп, ғылыми терминдер, нақтылы ұғымдар ретінде қалыптасу үстінде (1.59). Тіліміздің тарихы мен барша заңдылығы да осы атаулардың бойынан табылады. Бұл қасиеттердің бәрі өсіп-өнген өлкемізбен бірге туып, біте қайнасқан біртұтас дүние: оны бөліп-жарып қарауға болмайды (2.149).

Отаршылдық топонимдер - халықтық елді мекен, жер атауларының антиподы ретінде пайда болатын өмірдегі саяси-әлеуметтік, басқыншылық пен зорлық-зомбылықтың көрінісі. Ұлан-байтақ қазақ жеріндегі елді мекен, жер атауларының қалыптасқан түрлі қабаттарына (қытай, парсы, грек, араб, моңғол, қалмақ, орыс) назар аударсақ немесе ол қабаттарды парактап сырына шомсақ, әрқилы басқыншылық, жаулап алушылықтан келіп туындаған отаршылдықтың қанды іздерін, зорлық-зомбылықтың таңбаларын байқаймыз (1.61). Дегенмен қазақ даласын түрлі дәуірлік кезеңдерде жаулап алып үстемдік еткен немесе көршілік, экономикалық ықпал жасаған жоғарыдағы халықтар ішінде орыс халқындай топонимдерімізде отарлау үлгісіндегі атаулар қалдырған халықтың жоқтығы да рас. Оның себебі басқа халық (мемлекет) өкілдері мен құрамында қазақ тайпалары болған бірлестіктер кейінгі қазақ хандықтарын жаулап алғанымен олардың топонимдік жүйесін отарлауды дәл орыстардай мақсат етпеген. Әрі Ресей отарлауына дейінгі түркілік, кейінгі қазақ халқының ұлттық болмысы мен рухани таным-түсінігінің де жоғары болғандығы, яғни, тайпалық, рулық бірлікке негізделген қоғамдық сананың бұзылмағандығы да даусыз. Сондықтан да қытай, парсы, араб, моңғол, қалмақ тілдеріне қатысты отаршыл топонимдер қазақ даласында аз ұшырасады. Аз атаулардың басым тобы қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп, тілімізге сіңісіп кеткен. Түрлі кезеңдерде қазақ даласына басқыншылық жолмен келіп, сіңісіп кеткен кейбір ұлт өкілдері «қожа», «төре», «төлеңгіт» атанып, ана тілін ұмытқан, қазір ұлттарын қазақ ретінде көрсетіп, басқа ұлт өкілінің дегенде сенбестей дәрежеге жеткен.

Ал орта ғасырлық жер бөлісінен тарихи шарттар бойынша кенжелеп қалуына байланысты Үндістан, Америка, Африка секілді жері бай колонияларға қолы жетпей қалған Ресей патшалығы ондай колонияны Азия өлкесінен іздеді. Азия өлкесіндегі қазақ даласы Ресейді Шығыс мемлекеттерімен жалғастыратын көпір іспетті еді. Қазақ даласы арқылы

Батыс елдерінен Шығыстағы елдерге және одан кері қарай құрлықпен де, сумен де ең төте сауда жолдары өтетін. Осы жолдармен Ресейден Орта Азия, Ауғанстан, Персия, Қытай, Үндістан және т.б. елдерге сауда жолдарын ашуға болатынын І Петр жақсы түсініп, Орта Азия мен Қазақстанды Ресейге қосып алу қажет деп есептеген. Ол үшін Ресей патшалығы ең алғаш сауда жолы мен түрлі мақсаттардағы экспедицияларды пайдаланған. Бұл Т.Шонанұлы еңбегінде жан-жақты көрініс береді: «Орынбордың бастапқы әкімі Кириловқа берген нұсқауларының 11, 12, 15-тармақтарында қатын патша Анна: «Қазақ жерінен алтын, күміс табуға тырысу керек. Сол үшін ең әуелі керуендерден қалдырмай инженерлер жіберу керек. Табылған алтынды законге сиғызып алам деп әуреленбей, саудагер ретімен пайдаланындар» дейді. І Петр шәкірті Неплюевтің Сенатқа берген есебінде қазақ даласынан 1748-1755 жж. 50 пұт алтын, 5 мың пұт күміс алынған (3.20-21).

XIXғ. 30-40-шы жылдарындағы халықаралық жағдай Ресей империясының алдына армияны қаруландыруды жетілдіру, яғни оны қорғасынмен, мыспен қажетті мөлшерде қамтамасыз ету міндетін қойды. Осыған байланысты патша үкіметі жаңа кен орындарын игеруге бағытталған саясатты күшейтті. Жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижесінде Орал, Алтай, Сібір өлкелерінен кейін қазына байлықтың мол шоғырланған жері қазақ даласы екендігіне көзі жеткен патшалық Ресей Қазақстан жеріне бірінші қадам басқан орыс кәсіпкерлеріне мүмкіндік жасауға тырысты. 1838 жылғы 30 сәуірде қабылданған Сібір мен Қазақстан жеріндегі жеке алтын өнеркәсібі жөніндегі Ереже бойынша, алтын және басқа бағалы металдар өндірісіне дворян тегінен шыққандар, құрметті азаматтар, 1 және 2-гилді көпестер мен сол деңгейде сауда жасап жүрген адамдар жіберілді. Қазақстан жеріне алғашқы келген көпестердің бірі С. Попов еді. XIXғ. 30-шы жылдарында ол өзінің және оның бірлестігіне кірген Ресейдің бай кәсіпкерлерінің капиталын Баянауыл және Қарқаралы уездерінен ашылған мыс, күміс және қорғасын кен орындарын игеруге, қазақ жеріндегі алғашқы кәсіпорындарды салуға бағыттады. С. Поповтың үлесіне Жезқазған өңірінің алғашқы ашылған кеніштерінің бірі- Қарқаралы уезі Ақшатау болысындағы (кейіннен Жезқазған облысы, Ағадыр ауданы) Қызылеспе мыс және қорғасын, күміс кеніші жатады. Кен орнының ашылғаны жөніндегі өтінішті С. Попов 1838 жылдың 22-маусымында жасайды. 1849жылдың 10-қарашасында Шекара басқармасы кен орнының С. Поповтың меншігіне 280 сомға сатылғаны жөніндегі актіні бекітті. Кейіннен бұл жерде XIX ғасырда Қазақстан жеріндегі ірі кәсіпорындардың бірі болған Қызылеспе немесе Степановск (Степан Поповтың құрметіне аталған) күміс, қорғасын балқытатын завод жұмыс істеді. Он жылдан кейін Поповтар сол Қарқаралы уезі, Ақшатау болысының жерінен анықталған Күзекадыр және Алтуайт кен орындарын өз меншігіне алды. 1859 жылдың 8-желтоқсанында Сібір қырғыздарының (қазақтарының) Облыстық Басқармасы аталмыш кен орындарын ағайынды Поповтардың жергілікті қазақ Тағай Мырзабекұлынан 100 сомға сатып алуға

және кейіннен өндірілетін кеннің әрбір 100 тоннасынан 100 сомнан беріп тұруға келісілген актіні бекітті. Орталық Қазақстанның кенін игеру тарихы Ресейдің Тобыл губерниясының тумасы Петропавл қаласының (Екатеренбург) 2-ші гильді көпесі, тау-кен өнекәсібі саласындағы ірі кәсіпкердің бірі Никон Ушаковтың есімімен де байланысты. XX ғасырдың 40-шы жылдарында Н. Ушаков Орта Азия елдерімен және Қазақстанмен тығыз сауда қатынасында болды. Ақмола округі Енен-Тұңғатар, Қареке-Алтай, Мойын-Алтай болыстарын және Атбасар округі Қожас-Жұртшы болыстарын қоныстанған қазақтардан арзан өндіріс товарларына айырбастап алған малды Ресейдің орталық губернияларына сату арқылы Н.Ушаков үлкен капитал жинады. Ол кезеңде мыстың құны жоғары бағаланды. Бір пұт мыс 12-13 сом тұратын еді. Осы жағдай, әрі ағайынды Поповтардың Баянауыл, Қарқаралы округтарындағы тау-кен игеру ісіндегі үлкен табыстары Н.Ушаковты жаңа кәсіпкерлікке итермеледі. 1846 жылдың 29-сәуірінде Н.Ушаков Алтай заводтарының бастығынан Батыс Сібір губерниясына кіретін қазақ даласына барлау жүргізіп, кен орындарын ашуға рұқсат қағазын алды. 1846 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторы П. Горчаковқа жасаған өтінішінде Ушаков: «...Алтай тау-кен инженерлері корпусының бастығы Томскийдің және генерал-майор Татариновтың рұқсатымен Сібірдің және қырғыз (қазақ) даласының сыртқы аймақтарында кен орындарын іздеу мақсатында 9 адамнан арнаулы құрылған партиямен осы жылдың қараша айының бірінші жұлдызында Ұлытаудың оңтүстік-шығысынан 100 шақырым жердегі Жезқазған тауларына келіп, мыс кенін аштым»-деп жазды. 1847 жылдың 21-қыркүйегінде генерал-губернатордың атына жазылған екінші өтінішінде Н.Ушаков Ұлытаудан 100 шақырым жердегі Жанай тауынан 2 жерден мыс кенінің ашылғанын жазады.

Бұл жайлар Ресей патшалығының қазақ даласына қызығушылығын арттыра түсті. Ресей патшалығы қитұрқы саясат ұстанып қазақ хандықтарына оңтүстігінен Бұхара мен Хиуаны, Еділ бойынан башқұрттар мен қалмақтарды айдап салып отырды, ол жақсы нәтижесін берді де. XVIII ғасырдың 30 жылдарында-ақ қазақ хандары орыс патшасынан жоңғар - қалмақтарға қарсы көмек сұрап Ресей империясына қосылу туралы өтініш білдіріп, елшіліктер жібере бастады. 1730-1734 жж. арасында қазақ хандығы Ресей империясына толық қосылып бітті. Еркін қимылдауға жолы ашылған Ресей қазақ даласына бекініс, қамалдар сала бастады. Осы тұста Жайық өзені бойына 14 қамал, ал 1750 ж. Ертіс өзенінің жағасына Омбы, Железинск, Петропавл, Семей, Өскемен, Ямышев сияқты қамалдарды салдыртты (4. 82-83). Бұл қамалдар қазақ даласын отарлауда тірек күшке айналып, аз жылдарда-ақ өз пайдасын бере бастады. Зерттеуші М.Мырзахметов Ресей патшалығы отарлау саясатының қазақ топонимдеріндегі көрінісін үш түрлі топқа бөледі:

1. 1731-1822 жылдар аралығында патша үкіметі қазақ хандықтарын сырттан билеп, протекторат есебінде ұстанған кезінде жер атауларын

өзгертуді өте сақтықпен, қазақ даласының қас-қабағына қарай жүргізді.

2. 1822-1867 жылдар аралығында хандық жойылып, аға сұлтандық ел билеу жүйесі енген соң, қазақ жерін «бөлшекте де билей бер» дейтін отаршылдық принцип негізінде көптеген әкімшілік территорияларға жіліктеді. Бұл тұста да ру басыларын бір-біріне айдап салып, отаршылдық саясатын онай жолмен жүзеге асыру кезеңінде жер атауларын өзгерту әрекеті жиілеп, молыға түсті.

3. Үшінші кезеңдегі отаршылдық күшейген тұста, яғни, 1868 жылғы «Жаңа низам» ережесі мен 1917 жыл аралығында отарланған қазақ жері мемлекет меншігі ретінде ресми түрде жарияланған соң, отаршылдық мазмұндағы географиялық жер атаулары мүлде күшейіп, барынша қабындай дамыды. Қазақтардың ұлан-асыр өлкесіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи атауларын отаршыл үкімет саналы түрде өзгертуді шындап қолға алды. (1.73-74). Міне, ғалымның бұл пікірі - республикамыздың бар түкпіріндегі орыстанған (отарланған) атаулардың қойылу мерзімі мен себептерін анық айқындауға жол ашатын тұжырым.

Ал Орталық Қазақстан өңіріндегі орыс топонимдері 1822 жылдан соң қойыла бастаған. Бұл кезеңге дейін Орынбор, Еділ, Жайық, Ертіс бойларын өзіне қаратып, түрлі қамалдар салып алған Ресей патшалығы енді қазақ даласының ішкі өңірлерінен кен өндіру ісіне құлшына кіріскен. Мысалы, кеңсе қызметкері Демидов Бірінші Александр атына жолдаған жазбасында бекіністер мен қамалдарды алтын, күміс кендері мол Қарқаралы округінің Түндік, Жарлы, Қарасор өзендерінің бойына салуын өтінеді. (5. 219). Осы мәлімет көздері негізінде 1844 жылы Қарқаралы округы (қазіргі Қарқаралы ауданы) жерінен купец Поповтың ұйымдастыруымен жез, мыс, күміс өндіретін завод ашылып, оны Блгодатно-Степанов заводы деп атаса, 1847 жылы қазіргі Жаңаарқа ауданы жеріндегі Жаксы Сарысу мен Жаман Сарысу өзендерінің аралығынан ашылған рудник Успенка заводы атауына ие болған. 1857 жылы купец Н.Ушаковтың бастамасымен Ақмола округіне қарасты Ақбұйратадыр (қазіргі Абай ауданы) деген жерден мыс өндіретін Спасск заводы салынған. 1883 жылы күміс пен қорғасын өндіретін Царево-Александровское заводы ашылады, ол қазіргі Шет ауданына қарасты Қызылеспе деген жерге орналасқан. Осылармен қатар Қарқаралы жерінде Козьма-Демьян атындағы завод жұмыс істеген (10.79.80).

Өндіріс орындарының ашылуына байланысты Орталық Қазақстан жерінде пайда бола бастаған орыс атауларының аталған өңірде өрістей түсуіне 1822-1867 жылдардағы әскери-әкімшілік отарлау саясаты мен 1861 жылғы крестьяндарды крепостной құлдықтан босатқан патшалықтың аграрлық саясаты жол ашты. Яғни, Ресейдің орталық аудандарындағы шаруалар толқуын революциядан алшақ ұстау үшін крестьяндарды Сібірге (Қазақстан) қоныстандыруды жоспарлы түрде жүзеге асыра бастады. Мысалы, 1891 жылы жазылған архив материалындағы «Далалық генерал-губернатордың 1887 жылғы нұсқауымен құрылған уақытша жер ісі бойынша

Комиссияның Ақмола уезіндегі отырықшы қоныстарға жоспарлаған учаскелердің ведомосы» атты құжаттан аталған уезд жеріне қоныс аударушылар үшін бөлінген жер учаскелерін көреміз. (6. 28-30 п.).

Бұл деректер Ресейдің орталығынан әлі көшіп келмеген, көшіп келетін шаруалар үшін 1896-1901 жылдар арасындағы атақты Ф.А. Щербинаның жер санағына дейін де қазақ даласынан жер дайындау ісі болғандығына дәлел. Арада бір жыл өткен соң, яғни, 1888 жылы жазылған құжатта Ақмола уезінің 19 болысындағы 132 ауылда 25870 қазақ шаңырағы болса, крестьян селениесі-біреу, үй саны – төртеу. Ал 1898 жылғы санақ бойынша аталған уезд жеріне 25 орыс селениесі орнаған.(7.33-35). Ол селениелердің басым тобы, яғни, 15 топоним осы өңірге алғаш қоныстанушылар фамилиясымен (Александров, Алексеев, Джемалив, Рыбин, Канкрин, Семенов, Покров, Петров, Максимов, Романов, Николаев, Исеньев, Михайлов, Ольгин, Чернигов) аталса, біреуі ғана өз есімімен (Константин), екеуі бұрынғы өздері көшіп шыққан қоныс атауы алдына «ново» сөзінің келуі арқылы (Ново-Черкас, Ново-Георгий), үшеуі «ново» сөзінсіз (Астрахан, Киев, Никольск), біреуі жер бедеріне қарай (Приречный), үшеуі әртүрлі жайларға сәйкес (Рождественск, Преображенск, Тоболжан) аталған. 1898 жылға дейінгі орыс тіліндегі топонимдерге зер сала қарағанымызда ол атаулар құрамында топонимдерге қатысты қолданылатынское, ная, ное, овка, ский т.б. қосымшаларсыз жасалғанын байқаймыз. Осы алғашқы қоныс аударушыларды орналастыру барысында аздап тәжірибе жинаған Мемлекет мүлкінің министрлігі кейінгі үлкен лек қоныс аударушыларды жоспарлау қажеттігін түсінді. Осы мақсатта «Дала облыстарын зерттеуші экспедиция» ұйымдастырылып, оны басқару Воронеж земствосының санақшысы Ф.А. Щербинға тапсырылды. Ол 1896 жылдан бастап бес жыл ішінде Ақмола, Семей облыстары мен Ақтөбе, Қостанай уездері жерін санап шығып, осы өңірден 1 миллион 971 мың 94 десятина жерді отар қылуға, яғни, мұжықтарды орналастыруға болады деген шешім шығарған (3. 123-124). Бұл шешім отарлау саясатына еркін жол ашып берді, яғни, Ресей әкімшілігі жоғарыдағы бос жерді жылдам қоныс аударушылармен толтыруға асықты. Соның әсері болар, 1903 жылы жазылған «Ақмола уезіндегі қалалар мен селениелер туралы мәліметтер» атты архив құжатында Ақмола уезінде 1 қала (Ақмола), 48 қоныстандырылған селение, 9 қонысқа дайын участок бар екендігі көрсетілген (12.246). Бұдан осы 5 жыл ішінде орыс селениесінің екі есеге жуық көбейгенін байқаймыз. Осы көріністің 1914 жылғы селениелер тізімінде өсе түскенін көреміз, бұл тізім бойынша Ақмола уезінің қазіргі Қарағанды облысы жеріне тиісті бөлігінде ғана 68 қоныс аударушылар селениесі берілген.

1914 жылғы тізім бойынша берілген 68 атаудың да 1898 жылғы орыс атауларынан қойылу себептері алшақ кетпейді. Ондағы атаулардың да басым тобы, нақтылай айтқанда 25-і алғашқы көшіп келген қоныс аударушы фамилиясымен, 18-і көшіп келушілердің бұрынғы мекен- тұрақтарының атауларын жаңа селениелерге қою дәстүріне сәйкес (перенесенные топонимы)

аталса, (Самарское, Донецкое, Растовское, Ново-Московское т. б.), 3-уі православиялық дін идеологиясына сәйкес дін қайраткерлері, діни мейрамдар негізінде қойылған (Кондратовское, Рождественское, Крестовское). Келесі бір топтағы атаулар селениелер орналасқан өңірдің белгілі бір ерекшелігін бейнелейтін (Верхне-Ишимское, Раздольное, Тихогорское, Волково (қасқырлы), Перятинское (құс қауырсыны көп көл жиегі)) атаулар тобын құрайды.

Соңғы тізімдегі атаулардың өзіндік ерекшелігіне алғашқы атауларда ұшыраспайтын во, ское, ая, ное т.б. қосымшалармен беріліп, кейбір қазақ тіліндегі атаулардың да орыс тілінің қосымшалары арқылы танбалануы жатады (Нурбаевск, Бекетайск, Еременское (Ереймен), Каратальское т.б.). Отарлау саясатына сәйкес кейбір жер-су атауларының калькалау тәсілі арқылы қойыла бастауы да осы кезеңнен байқалады: Шөптікөл- Сенакосное, Бесмола- Пятигорское, Ақжар- Бело Яр т.б. Октябрь революциясына дейінгі кезеңде Ақмола уезіне қарағанда Семей уезіне жататын қазіргі Орталық Қазақстан өңірінде орыс атаулары аз кездеседі. Ол атаулардың өзі қазіргі Бұхар Жырау ауданы мен Қарқаралы өлкесінде ұшырасқан: Корнеевка, Петровка, Миньковка селениелері қазіргі Бұхар Жырау ауданында. 1917 жылдың 1 қаңтарында Семей облысы Қарқаралы уезі болыстары мен қоныс аударушы орыс селениелері туралы жүргізілген тізімде төмендегідей болыстық, селение, участок атаулары бұрынғы атауларымен қатар берілген: Болыс атаулары- Хорошевский (Белағаш), Николаевское (Шешенқара), Богородское (Ақөре); селениелер- Кутузовский (Ұзынбұлақ), Уральское (Тектұрмас), Пригородное (Садырбекқопа), Белоград (Ақбауыр); участоктар- Рыбинский (Қосшоқы), Антоновский (Қу), Давинский (Аққұдық), Дружеский (Ақ ел), Козловский (Ұзынбұлақ), Курский (Шошқалыбұлақ), Воронцовский (Солтанқопа) (8.5). Бір қызығы бұл ойконимдердің бірде- бірі 1940 жылдардағы дерек көздерінде ұшыраспайды. Оның себебін алғашқы колхоздастыру дәуірі мен зұламат ашаршылық (1932-1933 жж.) жылдарында орыс тілді тұрғындардың Қарағанды, Самарханд т.б. секілді өмір сүруге тиімді жерлерге жаппай қоныс аударуына қатысты деп білеміз. Сол себепті, бұрынғы Қарқаралы уезі кезіндегі орыс селениелерінің жойылуына байланысты орыс атаулары да қолданыстан шығып қалған. Ал ол өңірлерге жаңадан құрылған елді мекендер ана тіліндегі ежелгі гидроним, оронимдерге қатысты аталып кеткен. Мысалы, Хлебородное- Егіндібұлақ, Николаевское- Шешенқара, Хорошевский- Белағаш т.б. Яғни, Октябрь революциясына дейінгі кезеңде орыс және украин қоныс аударушылары негізінен жері құнарлы, суы мол Нұра, Есіл, Ертіс, Құланөтпес өзендері бойларына қоныстанған. Бұл қазіргі Осакаров, Нұра, Ерейментау аудандары жерінде. Ал оңтүстігіндегі Ақтоғай, Шет аудандары мен оңтүстік-батыс бөлігіндегі Жаңаарқа, Ұлытау, Ақадыр өңірлерінде аталған кезеңде орыс тілді қоныстанушылар, елді мекендер өте аз ұшырасады. Оның басты себебі аталған өңірлердің басты бөлігі жартылай шөлейт, сор топырақты болып

келуінде болса, таулы, сулы Ақтоғай, Қарқаралы аудандарындағы көрініс басқа жайларға да қатысты.

Қазақ даласынан артық жер іздеу мақсатындағы экспедицияны басқарған Щербина тобындағылар таза мал шаруашылығымен айналысатын Қарқаралы уезі мен болыстықтардан орыс переселендеріне мүмкіндігінше аз жер алуды көздеген. Ол осы экспедиция материалдарынан да байқалады. «Далее на юг вряд ли можно было рассчитывать на возможность изъятия земельных излишков под переселенческие поселки» (9.3). Әрі экспедиция мүшелерінің мұндай шешім қабылдауына осы экспедиция басшыларының бірі болған Әлихан Бөкейханов та ықпал еткендей (10.105). Бірақ бұған қанағаттанбаған Ресей мемлекеті 1910-1911 жылдары осы өңірден артық жер іздеу мақсатында жаңа экспедиция ұйымдастырып, Қарқаралы уезіне жібереді (11). Осы экспедиция шешімімен 1915 жж. Қарқаралы уезінде Крестьян болысы мен Хорошевская, Комисаровская, Коробовская, Пригородное, Заводское, Казанское, Белогрудово селениелері пайда болады (11. 140-143). Октябрь революциясынан соң бұл ойконимдердің де көбі жойылып, тек Комисаровка атауы ғана сақталып қалған. Осы және жоғарыда сөз болған деректер көзі кеңестер дәуіріне дейін ішкі Ресейден қоныс аударылған славян тілдес халықтардың Қарқаралы уезінде Ақмола округіне қарағанда аз қоныстану себебін аша түседі. Оны аталған өңірлердегі келтірілгенді топонимдердің аз-көптігінен анық байқаймыз.

Ресей патшалығының отарлау саясатына байланысты қойылған Орталық Қазақстандағы орыс тілді топонимдер қабаты Октябрь революциясы жеңісінен соң тіпті асқындай түскен. Яғни, тоқырау заманында ұлттық атауларды өзгерту сол жерді мекендеген халықтың құқын аяққа басып, дербестігіне қол сұғумен жүзеге асты (2.151). Ол кезеңдегі ақтандақ атаулар жайын сөз ету, олардың ежелгі тарихи-ұлттық атауларын қайтару жолындағы істер алдағы күндерде өз жалғасын таба бермек.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды.- Алматы- Қазақстан, 1993. 128 бет.
2. Қайдар Ә.Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Алматы: Ана тілі, 1998.-304б.
3. Шонанұлы Т. Жер тағдыры- ел тағдыры. Алматы, «Санат», 1995.- 224 бет.
4. Маданов Х. Қазақ халқының арғы- бергі тарихы. Алматы: «КМӘБИ баспасы», 1995.- 225 бет.
5. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. (Сборник документов и материалов). Алма-Ата, 1981. 219 с.
6. Қ- 501. т- 2. 1-120 а. (архив материалы).
7. Артықбаев Ж., Аршабеков Т., Жакин М. Қарағанды облысының топонимикалық картасы. Қарағанды.- 2003ж.- 104 бет.

8. Список киргизских и русских волостей, селений переселенческих и киргизских участков в Семипалатинской области на 1 января 1917 г.
9. Материалы по киргизскому землепользованию. Семипалатинская обл., Каркаралинский уезд. Т.VI. СПб, 1905 г.
10. Артыкбаев Ж.О., Жакин М.С. Шет өңірінің тарихы. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998 ж., 275 бет.
11. Обзор Семипалатинской области за 1914 год: Материалы по обследованию хозяйства и землепользования киргиз Семипалатинской области: Повторное исследование 1910-1911 г.// Под рук. Переплетчикова А.В. Т. 1-3. СПб., 1913 г.
12. Қ – 369. т. 1. 1-847. 20 об.л.с. 246 (архив материалы).
13. Мурзаев Э.М. География в названиях. Издательство второе, Москва, 1982 год, 176 стр.
14. Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. Москва, 1974 год, 382 стр.

**Болатбек Тілеубердиев**

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің  
профессоры, филология ғылымдарының докторы,  
Шымкент қ., ([tleuberdiev\\_bolatbek@mail.ru](mailto:tleuberdiev_bolatbek@mail.ru))*

## **А.СЕЙДІМБЕК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІКТІҢ КОНЦЕПТУАЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Көшпелі қазақ халқының «уақыт пен кеңістікті» межелелеудегі таным-түсінігі шаруашылығымен, мәдени болмысымен, өмір салтымен сабақтасып жатады. Халықтың тарихи-әлеуметтік өмірінде генеологиялық таным-түсінігі мейлінше жан-жақты әрі терең дамыған. Генеологиялық деректер неғұрлым байырғы болған сайын, соғұрлым нақтылығы көмескіленіп, болжалдық сипат ала бастайды. Этнограф - ғалым А. Сейдімбек көшпелі қазақтың «уақыт пен кеңістік» туралы таным-түсінігі, кең мағынасында екі түрлі межелік категориямен парықталады: «Оның біріншісі – мифтік уақыт пен кеңістік, екіншісі – нақтылы уақыт пен кеңістік» [1,196-197]. – деп нақтылап көрсетеді.

Қоршаған ақиқат дүниедегі «уақыт пен кеңістікті» этномәдени тұрғыдан категориялау барысында адам санасын, оның түрлі деңгейлерін танымдық модельдер түрінде құрылымдайды. Категориялаудың мәні бүкіл онтологиялық кеңістікті алуан түрлі категориялық аймақтарға тармақтауға байланысты ақиқат болмысты танымдық тұрғыдан бөлшектеу немесе мүшелеу болып табылады. Категория феноменін зерттеу нысаны ретінде алғаш қолға алған француз ғалымы Эленора Рош [2] еді. Категориялау термині лингвистикада ғана емес, математика, география, биология,

топырактану т.б. салаларда қолданылады. Орыс ғалымы Р.М. Фрумкина категория, категоризация термині класс, классификация терминдерімен де қатар мәнде қолданылатынын атап көрсетеді [3,3]. Тіл білімінде қалыптасқан дәстүрлі түсінік бойынша классификация лингвистикалық нысандардың иерархиялық ұйымдасу жүйесінің таксономиясын білдіреді [4,504]. Ғалымдардың зерттеу жұмыстарына сүйене отырып тұтас кеңістік, физикалық кеңістік, геометриялық кеңістік, ауа кеңістігі, ономастикалық кеңістік, тарихи-әлеуметтік кеңістік, экологиялық кеңістік, этномәдени кеңістік сияқты түрлі параметрлерді байқауымызға болады.

Осыған байланысты әлем бізді қоршаса, біз түйсік арқылы «уақыт пен кеңістікті» этномәдени тұрғыдан қамтимыз деуге болады. Осы тұрғыда этнограф ғалым А. Сейдімбек «уақыт пен кеңістік» межесіне ден қойғанда, көшпелі қазақтың таным-түсінігін тікелей өмірлік тәжірибесімен сабақтастыра отырып төрт түрлі межеге бөліп қарастырады: «бірінші - экологиялық уақыт, екінші геологиялық уақыт, үшінші – ситуациялық уақыт, төртінші – тарихи уақыт» [1,199]. «Уақыт пен кеңістік» кез келген жүйенің қозғалысы мен дамуынан көрініс табатын, бір-бірімен тығыз байланысты категориялар. Ежелгі дәуір философиясы мен ғылымында «уақыт пен кеңістік» категорияларын жүйелеу принципі өзгешелеу болды. Ал қазақ ұғымында «уақыт пен кеңістік» «дала», «ашық жер», «кең жазық», «шексіз әлем», «кең дүние», «ауа», «ойша әлем», «жер», «орын», «дүние», «әлем» деген сөздермен объективтенеді.

Этнограф-ғалым экологиялық уақыт бойынша жыл мезгілдерін «көктем», «жаз», «күз», «қыс» деп саралау халықтың таным-тәжірибесінде айрықша мән-мағынаға ие екендігін айта келе, әр маусымның өз ішінде өтетін табиғат құбылыстарына «уақыт пен кеңістік» меже болып отыратындығын дәлелді материалдармен негіздейді. Этномәдени тұрғыдан пайымдағанда қоршаған орта, табиғат, аспан денелерінің құбылыстары, сол табиғат құбылыстарымен тікелей байланысты «уақыт пен кеңістікке» меже болып отырады.

А. Сейдімбек «уақыт пен кеңістікті» этномәдени тұрғыдан категориялауда әр маусымға орай «уақыт пен кеңістік» межелерін былайша бажайлайды: «көктем шыға , жаздың басында, жаз ортасында, жаздың соңына қарай , күз түсе қыстың бас кезінде, қар бір жауғанда, қар бекіген кезде, қыс ортасында, қыстың соңына қарай, құралайдың салқыны кезінде, текенің бұрқылы бастала, өларада, айдың қараңғысында, боқырау түсе, шөп буыны қата, жазғытұрымда, жазғытұрымғы қарақатқақта, көк қылтия, көк шыға т.б.» [1,199].

Қазақ халқы «уақыт пен кеңістікті» этномәдени тұрғыдан қарастыруда мал шаруашылығының ыңғайына қарай қысқы жайылымды – қыстау, көктемгі жайылымды – көктеу, күзгі жайылымды – күздеу, жазғы жайылымды – жайлау деп атайтыны мәлім. «Уақыт пен кеңістікті» этномәдени тұрғыдан қарастырғанда қысқы жайылым үшін ең алдымен өзен бойы, көл жағалаулары

бұйрат қыраттардың түстік беткейлері орман алқабы, сексеуілді, жыңғылды, құмды қойнаулары таңдалса, көктемгі жайылым үшін қыстауға таяу, ерте көктемгі қардан босаған жерлер пайдаға асты, күзгі жайылым көбінесе көктеммен сәйкес келіп отырса, ал жазғы жайылымда көбінесе тау қойнауларын пайдаланып отырған. Кеңістікті этномәдени тұрғыдан категориялау – мал иеленуші қазақтың тұрған мекенін көрсету үшін және қайсыбір территорияда бағыт-бағдар қызметін атқару мақсатында қойылған. Бұл тұрғыда профессор Н. Уәли жайлаудың мерзімдік түрлері мен орналасу жағдайына қарайғы атауларын төмендегіше көрсетеді: «..қан жайлау, сар жайлау, ой жайлау, етек жайлау, бөктер жайлау, төр жайлау, кер жайлау т.б.» [5,72].

«Уақыт пен кеңістікке» деген көзқарас көшпелі халықтарда, олардың ішінде қазақ халқында ерекше екендігін этнограф-ғалым А. Сейдімбектің ұлттық рухани болмысты бейнелейтін табиғат құбылыстарымен тікелей байланысты уақыт межесін төмендегідей сөз тіркестерінен аңғаруға болады: «... ел жайлауға көшерде, малды көктеуге шығарғанда, күзекке көшіп қонарда, қыстауға қайтар кезде т.б. Бұл сияқты межелеу барысында «уақыт пен кеңістік» біртұтас құбылыс ретінде қабылданып отырады. Мәселен, «ел жайлауға көшерде» дегенде сол елдің көшетін мезгілін де, қонатын жайлауын да бажайлап-пайымдауға болады» [1,200]. О.Ж. Артықбаевтың пікірінше: «Пространственные ориентиры и отношение к земле у народов Великого степного пояса сильно отличались от оседлых, включая сюда современные цивилизации. Земля кочевниками воспринималась как субстанциональная основа жизни человека. Существует довольно емкое понятие для определения этого отношения «Құдайдың жері», следовательно, все, что растет на земле, воспринимается как «Құдайдың берген ризығы». Жизнь человека быстроточна, он временный гость на священной земле» [6,13].

«Уақыт пен кеңістік» Құдайдың қасиетті есімі ретінде танылған себепті этномәдени атаулардың біраз бөлігі сакральды, киелі мәнге ие, осындай киелі мәнді сөз тіркестері, мақал-мәтелдер А.Сейдімбектің ғылыми-зерттеу еңбектерінде жетерлік. Мысалы, «Ақырап ақырып келеді, қарлы боранын шақырып келеді», «Әр айдың аты басқа, әр малдың оты басқа», «Көкек айы түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз», «Көктемде Үркердің тұрағы батыста», «Сәуір айы болмай тәуір айы болмас», «Ит балалап сауын болмас», «Үркер, Таразы, Сүмбіле үшеуі үш айда туып, бір айда батады», «Сүмбіледе таң ұзарады, ұйқы қанады» т.б.

Этнограф-ғалым А. Сейдімбек экологиялық «уақыт пен кеңістік» маусымдық немесе айлық межені айыру үшін ғана емес, сонымен қатар қысқа уақыт өлшемі кезінде де қолданылғанын төмендегідей сөз тіркестерімен беріп отырған. Бұл тіркестерде экологиялық уақыт өлшемі бойынша бір тәулікті өз ішінде былайша межелейтін таным-түсінік қалыптасқан: *таңға жақын, таң алдында, таң құлан иектене, таң сәріде, таң сібірлей, таң біліне, таң азарып ата, елең-алаңда, таңның шеті сөгіле, таң қылаң бере, күн көтеріле, күн*

*шыға, таң атты, таң рауандады, күн арқан бойы көтерілді, күн құрық бойы көтерілді, күн іргеге түсті, күн түске жақындады, күн ыққа шықты, түн ортасы ауа, жеті түн, түн ортасы, жұлдызды түн, іңір қараңғысы, қызыл іңір, қас қарайды, апақ-сапақта, қас-қарая, ақшам жамырай, ақшам кезі, кешқұрым, кеш түсе, кешке қарай, екінді, күн жамбасқа келе, күн еңкейе, кіші бесін кезінде, түс ауа, түс қайта, түс қия берді, шаңқай түс, тал түс, сәске түс т.б. [1,200].*

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесі, рухани құндылықтары мен адами ізгіліктері аялық білім, жалпы уақыты мен этнологиялық кеңістігі туралы түсініктері ұлтымыздың мәдени қазынасы. Осы тұрғыдан келгенде *генеологиялық, ата текке қатысты ақпарат «уақыт пен кеңестікте»* көрініс тапқан халықтың рухани құндылықтарын еске сақтау арқылы оның болмысын, табиғатын, өзін тануға жол ашпақ.

Көшпелі қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде ру-тайпалық құрылымның маңызы айрықша болғандықтан, кез келген қазақ перзенті ата-анасының ғана емес, белгілі бір ру тайпаның мүшесі. Сол себепті де олардың генеологиялық таным-түсінігі мейлінше жан-жақты әрі терең дамыған. Этнограф-ғалымның мәліметіне сүйенер болсақ көшпелі қазақ халқы «уақыт пен кеңестікті» пайымдауда генеологиялық деректерге жиі-жиі жүгініп отыруды дәстүр еткен. Көшпелі өмір салтқа байланысты «генеологиялық уақыт та, көп жағдайда, кеңестікпен шендесіп жатады», -дей келе, «Арқада Сағынайдың асы болғанда», «Жетісуға даңқы жайылған Медеу байдың тұсында», «Маңғыстаудың жетіқайқысы серілік құрған заманда» т.б. деректер «уақыт пен кеңестікке» бірдей қатысты қызмет етеді деген пікір білдіреді.

Қазақ халқының этникалық құрылымының этномәдени деңгейлері *тайпа, ру, жүз, арыс, алаш, үрім-бұтақ, ел, сүйек, тұқым, жеті ата, аталас т.б.* дәстүрлі терминдер мен атауларға бай. Өз кезегінде аталған этнолексемалар мен өзге де *ата тек, тұқым, ел, жұрт т.б* генеологиялық атаулар қазақ тілінің сөз оралымдарында, фразеологиялық, паремиологиялық қорында, ақын-жыраулар шығармалары мен эпостық фольклор мәтіндерінде кең көрініс тапқан. Этнограф-ғалым А. Сейдімбек генеологиялық «уақыт пен кеңестікке» адамдардың шыққан тегі, ру шежіресі меже болып отырады дей келе, төмендегідей материалдармен бекітеді: «Шұбыртпалы Ағыбай батырдың Кенесары ханмен үзеңгілес болып жүрген кезі екен», «Жетінші әкеміз наймантай батырдың Тәуке хан құзырында жүрген кезі болса керек» деп келетін шежірелік дерек уақыт межесін бажайлауға мүмкіндік береді. Әдетте генеологиялық уақыт межесін «түп-түқиян», «жеті ата», «ұлы баба», «ұлы атай», «әке», «бала», «немере», «шөбере», «шөпшек», «шөбелек», «немене», «туажат» т.б. сияқты туыстық атаулармен де бажайлауға болады [1,200].

Сонымен қатар, этнограф-ғалым генеологиялық деректер неғұрлым байырғы болған сайын, соғұрлым тарихи нақтылығы көмескіленіп, болжалдық сипат алатындығына төмендегідей мысалдар келтіреді:

«Абылайхан заманында», «Тәуке хан тұсында», «Қорқыт дүниеге келерде» т.б. [1,200]. Бұл жерде Абылай, Тәуке, Қорқыт өздерінің тарихи орындарымен қоса «уақыт пен кеңістік» межесінің субъектілері ретінде де танылып отырады.

Адамзат қоғамның *ситуациялық уақыт межесі* тілді тұтынушы этностың рухани және материалдық мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыста болып келеді. «Егер халық пен тілді біртұтас құбылыс деп қарасақ, тіл-халық өмірінің материалдық және рухани байлықтарын бойына жинақтаған, оның наным-сенімдерін, дәстүрін көрсететін, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын баға жетпес байлығы» [7,98].

Этнограф-ғалым А. Сейдімбек ғылыми – зерттулерінде ситуациялық уақыт межесін ел есінде қалған белгілі бір оқиғалармен, шаруашылық ыңғайымен, өмір салтымен сабақтастыра отырып былайша таратып көрсетеді: «Абылайды хан көтергенде», «Аңырақайда қалмақтар қирай жеңілгенде», «Ақтабан шұбырынды кезінде», «Ақ тышқан жылғы жұтта», «Қадірбектің әйелі ұл тапқан жылы» т.б. дегенде елдің, белгілі бір әлеуметтік ортаның жадында қалған оқиға уақытқа меже. Ал, «күйек алына», «жылқы күзерде», «күзем жүннің қырқымында», «жабағы жүн қырқымында», «мал төгіні кезінде», «бие байларда», «сірге жиярда», «қой қосақтарда», «ел орынға отыра», «баланың қарын шашын алғанда», «баланы бесікке саларда», «балаға тоқым қағар жасағанда», «Бөгембай батырға ас берілгенде», «Ораз отау тіккенде», «Асқар үйленгенде» т.б. осы сияқты толып жатқан *ситуациялық уақыт пен кеңістік межесі* тікелей өмірде болған немесе болатын оқиғалармен, шаруашылық ыңғайымен, салт-дәстүрмен орайласып жатады» [1,201].

«Уақыт пен кеңістікті» этномәдени тұрғыдан категориялауда мәдени-тілдік ұжымның байырғы дүниетанымы, салт-дәстүрі жеке сөздермен қатар фразеологизмдерде де көрініс тауып отырған. Сол себепті ситуациялық «уақыт пен кеңістік» межесі фразеологизмдерде де этномәдениеттің қоймасы ретінде көрініс таба отырып, этномәдениетті сақтаушы және бүгінгі заманға жеткізуші қызметтері уақыттың мөлшерін, қаншалықты қысқалығын немесе ұзақтығын білдірген. Мысалы, *аузымды жиып алғанша, қас қағымда, ат ерттелгенше, аузымды ашқанша, ет асым, бие сауым, сүт пісірілім, шай қайнатым, көз шырымын алғанша, сабаны бір дем біткенше, қой терісін сытырғанша, бала қаз басқанша, азамат болғанша, ақ сақалды, сары тісті болғанша т.б.*

Этнограф-ғалым көшпелі қазақ халқының «уақыт пен кеңістікті, ондағы экологиялық ситуацияларды, экосистемамен байланысты ситуациялық уақыт өлшемін былайша көрсетеді: «Айдың үш жаңасында», «Үркер көтеріле», «Шолпан жұлдыз туа», «Айдың бес тоғысында», «Сүмбіле туа», «Жұлдыз сөне», «Күн алғаш күркіреген соң», «Қар бір жауғанда» т.б. [1,202].

«Уақыт пен кеңістікті» ондағы тілдің этномәдени жүйесін сол тілдің құрамдас бөлігі ретінде қарайтын болсақ, онда этномәдениет те тіл сияқты

халықтың сан қырлы өмірінің, болмысының түрлі бет-бейнесін көрсететін, кумулятивті қызметін атқаратын сақтаушы қоры деп айтуымызға болады. Кез келген халықтың мәдениеті – «уақыт пен кеңістік» бірлестігінде бейнеленген әлемдік үлгі, халықтың өткен өмірінің тарихи бейнесі іспеттес.

«Уақыт пен кеңістікке» тілдік негіз болатын *тарихи уақыт өлшемі* жыл қайыру, календарлық есеп, мүшел есебі арқылы пайымдалады. Әдетте тарихи уақыт межесін пайымдау барысында «күн», «түн», «тәулік», «апта», «ай», «тоқсан», «жыл», «мүшел», «ғасыр», «заман», «дәуір» сияқты ұғымдарды қолданылғанын айта келе, ғалым дәлел ретінде кеңістік межесін білдіретін төмендегідей тұрақты сөз тіркестерін мысалға келтіреді: «қас пен көздің арасындай», «оймақтай», «бір елі», «кере қарыс», «ұлтарақтай », «қарға адым жер», «бір табан», «қамшы сабындай», «кере құлаш», «екі аттам», «құрық бойы», «шылбыр тастам», «есік пен төрдей», «арқан бойы», «тас лақтырым», «әу дем жер», «қотан аясындай», «қой өрісіндей», «тай шаптырым», «бір көш жер», «бір күншілік жер», «ара қонып жететін жер», «алты айшылық жер», «қиян-қиыр», «жер түбі» т.б. [1,202].

Сонымен «уақыт пен кеңістікті» этномәдени тұрғыдан категориялау арқылы халық өмірінің, дүниетанымының, шаруашылығының көріністері сөз тіркестерінде, фразеологизмдерінде беріледі. «Кеңістік пен уақыт» танымдық-ментальді құрылымдар болғанан кейін адамның, этностың белгілі бір феноменге, ұғымға, нысанаға көзқарасын, пікірін, ой толғамын білдіре алады. Табиғатқа, кеңістікке деген көзқарас ұлт пен табиғаттың арасында пайда болатын құбылыс. Бұл жөнінде тілші-ғалым Ж.А. Манкеева былай жазады: «Кеңістікке, табиғат көрінісіне, жағдайына икемделу – адамның негізгі бір қасиеті. Жүздеген я мыңдаған жылдар бойы жалғасатын бұл икемделу тек материалдық өндіріспен ғана байланысты емес, ол адамдардың ой-өрісіне де әсер етеді. Этнос пен табиғатты біртұтас ұғым деп қарау әсіресе көшпенділер мәдениетін, психологиясын түсіну үшін ерекше маңызды. Себебі, олар көбінесе осы екі ұғымның (этнос пен табиғат) нәтижелік көрінісі» [8,32]. Бұл жөнінде онамаст-ғалым Қ. Рысберген өз ойын былайша сабақтайды: «Өз кезегінде жеке индивид қандай да бір ұлттың, қауымдастықтың мүшесі болатындықтан, концепт мазмұны да сол индивид туралы, өсіп, тәрбиеленген лингвомәдени ортаның ықпалы арқылы және сонда өмір тәжірибесі арқылы орныққан құндылықтар жүйесі – бәрі тығыз байланыста дамиды» [9,158]. «Уақыт пен кеңістік» танымдық ұғымды құрылымдайтын бағы болғандықтан жеке және ұжымдық санада қалыптасады. Өйткені «уақыт пен кеңістік» нысандары адам санасында лингвомәдениетте объективтенген және семантикалық модельдерде жалпыланған ерекше түсініктерді қалыптастырады.

Осы ретте этнограф-ғалым тарихи уақыт өлшеміне, жыл маусымдарының қасиет құбылыстарына қатысты қазақ тілінде орныққан тұрақты сөз тіркестеріне де назар аударады. «Қазақ «көктем туды», «жаз шықты», «күз түсті», «қыс келді» дейді, тіл білетін адам ешқашан «қыс туды»

немесе «күз шықты» демейді. Сондықтан да ұлы Абай қыс маусымы туралы «қыс туып қалды» демейді. «Басқан ізі сықырлап келіп қалды» дейді [1,202].

Жалпы «уақыт пен кеңістікті» этномәдени тұрғыдан қарастырғанда жыл маусымдары туралы осынау тұрақты сөз тіркестерінің астарында танымдық мән-мағына бар. Тарихи кезеңде орын алып, қызмет еткен халық санасында қалыптасқан «уақыт пен кеңістіктің» ментальдік-когнитивтік мағыналық (ұғымдық) өрісін құрайтын тілдік бірліктердің бір түрі – көшпелі мал шаруашылығындағы жыл мезгілдері болып табылады. Мәселен, *көктем туады* – бұл дегеніміз біреудің екеу болатынын, дүниенің жаңарып, жаңғыратынын, қайта түлейтінін білдірсе; *жаз шығады* – табиғат толысады жер астында тамыр қалмайды деген ұғымды білдіреді. Ал, көктемде туып, жазда толысқан табиғат енді жемісін түсіріп, жапырағын төксе – *күз түсті* дейді; *қыс келді* – шынында да, қарлы борандатып, жаяу сырмалатып жететінін дәл беріп тұр.

А. Сейдімбек жыл маусымдарына қатысты «уақыт пен кеңістікке» қатысты ойдың желісін төмендегіше сабақтайды: жыл құсы сияқты бойлықты қуалай көшу арқылы табиғаттың қатал құрсауынан құтылуға мүмкіндік беретін, дәлірек айтқанда, мәңгілік көктемге ілесіп тербеле көшуге қолайлы бірден – бір *кеңістік* – *Еуразияның Ұлы Даласы*. Бұл далада соңғы үш мың жыл аясында, бәлкім одан да ұзақ мерзімде салт атты көшпелілер өркениетінің салтанат құруы, ең алдымен адам мен табиғаттың, қоғам мен табиғаттың арасындағы үндестікке тікелей байланысты. Сондықтан да Ұлы Дала тұрғындарының көші шаруашылық мәдени сүлесі планеталық экология ырғағына бағынған деп тұжырымдауға негіз мол» [1,206].

Этнограф-ғалым «уақыт пен кеңістіктегі» ерекше мәні бар 12 айлық таным жүйесін Күн жолындағы 12 белдеу жұлдызбен байланыстырудан да бұрын, ең алдымен жер бетіндегі таза эмперикалық тәжірибесімен ұштастыру әлдеқайда қисынды болса керек, - деген фондық білім аясына енетін когнитивті ақпараттар таратады. Көшпелі қазақ халқының төрт маусымды өз ішінде үшке бөліп, 12 айды саралаумен ғана шектелмеген деп ой түйеді.

Әр айда 30 тәуліктен жіктеп, әр маусымға 90 тәуліктен еншілеткен дей келіп, қазақ тіліндегі «жаз тоқсан» (жаз маусымы), «жел тоқсан» (күз маусымы), «қыс тоқсан» (қыс маусымы), «жыл тоқсан» (көктем маусымы), - деген тұжырымды танымдық ой айтады.

Көшпелі қазақ халқының маусымдық танымы соған байланысты ай мен тәуліктердің саралануы олардың табиғи – экологиялық қасиеттерін танып – түсінуі, одан әрі аспандағы Ай мен Үркерді негізгі меже ете отырып тоғыс есебін жүргізуі, тоғыс есебі бойынша ауа райы құбылыстарын алдын-ала болжауы А. Сейдімбек еңбектерінде егжей-тегжейлі зерттелген. Қазақ халқының осынша амалдарды біліп отыруы тек қана уақытты білуі үшін емес, сонымен бірге кеңістік аясындағы табиғат құбылыстарының жай-жапсарын білдіріп отыруы үшін де қажет болған – деген тұжырым жасайды.

Бұдан «уақыт пен кеңістік» әлем халықтарының мәдениетінде ең негізгі және маңызды ұғымдардың бірі болып саналатындығын байқаймыз. «Уақыт пен кеңістіктің» танымдық мағыналарын құрайтын сөз тіркестері қолданысындағы «дала» ұғымы «ата-мекен», «ата-қоныс», «жұрт», ұғымдарымен этномәдени тұрғыдан тікелей байланысты болып келетіндігін аңғаруға болады.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
2. Rosch T.H. Natural categoriss // Cognitive Psychology. 1973. Vol. 3. P. 326-350.
3. Фрумкина Р.М. Сходство и категоризация в ракурсе эпистемологии: современное состояние проблемы // Научно-техническая информация. Серия «Информационные процессы и системы» Ежемесячный научно-технический сборник, М., 1998. №7. с. 23-29.
4. Лингвистический энциклопедический словарь. М.: Изд-во Советская энциклопедия, 1990. – 450 с.
5. Уалиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Ғалым, 1984. – 120 б.
6. Артықбаева Ж.О. Этнология в перекрестке проблем истории Казахстана (к проблеме методология истории) // Этнос и социум. Проблема метода, источника, этносоциальных институтов и исторической этнологии. Сборник научных трудов. – Караганды, 2003.- с. 5-16.
7. Ержанова Ұ. Ұлттық топонимдердің кумулятивтік қызметі // Тіл деңгейлері және олардың өзара қатынасы, Алматы: Ғылым., 2000. – 93-99 б.
8. Манкеева Ж.А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы: филол. Ғыл. Док. Дисс. Автореф. – Алматы., 1997. – 53 б.
9. Рысберген Қ.Қ. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. – Алматы: Дай-Пресс, 2011. – 328 б.

## АҚМОЛА ТОПОНИМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Әрбір халықтың болмысы мен дүниетанымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі қай кезде, қандай жағдайда болсын, белгілі бір географиялық кеңістікте көрініс табады, нақтылы тарихи дәуірлердің жемісі болып саналады. Ал халықтың барлық өмір-тіршілігі, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани байлығы болса, ең алдымен сол халықтың ана тілінен өз өрнегін табады да, асыл қазына болып қалыптасып, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Бұл тіл атаулының бәріне тән объективті заңдылық, ортақ қасиет.

Тіл өмірі мен сол тілде сөйлеуші қауымының әлеуметтік өмірін өзара астарлас, бірінсіз бірінің күні жоқ тығыз байланысты дүние деп қарасақ, тілдің де сол халықпен бірге жасап келген мекені, сол халықтың генеологиялық, азаматтық тарихымен бірге туып, біте қайнасқан дәуірлері болатынын жоққа шығара алмаймыз. Осы бір табиғи тұтастықты біз тарихи деректерден гөрі тіл байлығынан көбірек көреміз. Өйткені тарихи деректер әр түрлі объективті себептермен сақталмауы, сақталса да бүгінге жетпеуі мүмкін. Ал тіл болса, ол қаншама дәуірді басынан кешірсе де, толассыз толығып, ғасырлар бойы жаңғырып, жаңарып отырса да, өткен өмірдің куәгері болуы сөзсіз. Оның өзінің тұла бойы толған тарих. Сөз байлығының қат-қабат қойнауларын тереңірек тексеріп, ақтара зерттесек, олардың өткен өміріміз жайлы берер мәліметі, шертер сыры аз болмаса керек.

Қазақ тіліндегі жалқы есімдер қазақ лексикасының белгілі бір жүйесін құрайды, сондай-ақ қазақ жалқы есімдерінің лексикалық жүйесі өзіне тән ерекшеліктерімен сипатталады. Басқа да онимиялық жүйелер сияқты қазақ тілінің ономастикалық кеңістігі бірнеше бөліктерге жіктеледі: натропонимия, топонимия, зоонимия, космонимия, этнонимия т.б. Қазақ онимиясының осындай жіктелуінің негізінде атауыштық процесіне іліккен нысандардың категориялық түрі жатыр деп айтуымызға болады. Басқаша айтатын болсақ, жеке адамды атайтын есімдер – антропонимиялық, табиғи немесе антропогенді нысандарды (тау, өзен, бұлақ, қала, ауыл т.б.) атайтын жалқы есімдер – топонимиялық, аспан, ғарыш денелерін атайтын жалқы есімдер – космонимиялық жүйелерді жіктейді. Түрлі экстарлингвистикалық нысандарды атай отырып жалқы есімдер сол нысандардың көптеген сипаттарын, қасиеттерін, қызметін, мәнін көрсетет біледі, белгілі социумда, қоғамда, этноста жалқы есімдер алуан түрлі қызмет атқарады. Сол себепті жалқы есімдердің сипаты мен құрамына географиялық, идеологиялық, тарихи, дүниетанымдық, әлеуметтік, мәдени экстарлингвистикалық факторлар әсер етеді. Жалқы есімдердің жоғарыда аталған экстралингвистикалық

факторлармен тығыз байланысы жалқы есімдер жүйесінің басты сипаттарының бірі болып саналады. Тілден тыс факторлардың жалқы есімдердің семантикасына, қызметіне жіктелуі сияқты сипаттарына әсері мен ықпалы, мәні зор болғанымен, жалқы есім – тілдік бірлік, сөз. Сол себепті қазақ тіл білімінде жалқы есімдердің түрлі тілдік, лингвистикалық сипаттарын, қасиеттерін айқындайтын зерттеулерге басты назар аударылады.

Жалқы есімдерінің жасалу, пайда болу, шығу тарихында төтенше орын алатын маңызды мәселенің бірі – тарихи-мәдени жағдаяттар. Халық тарихындағы бұл елеулі оқиғалар, біріншіден, атап айтқанда, түрлі қоғамдық құрылыстағы әртүрлі діни ағымға байланысты болса, екіншіден, көрші елдермен жасаған алуан түрлі мәдени қарым-қатынас, достық байланыстармен ұштасып жатады. Әдетте, бұл тарихи-мәдени байланыстардың тіліміздегі есімдер құрамының молая түсуіне, лексика-мағыналық және функциялық мәнінің жетіле беруіне зор ықпал жасағаны аян.

Ақмола облысы топонимдерінің лексика-семантикалық таптастырылуы жүргізілмеген, карталар мен шығармалардағы облыс топонимдерінің зерттелуіне шолу жүргізілмеген, сонымен бірге топонимдердің диахрониясы ашылмаған, бұл жайттар мақала тақырыбының өзектілігін айғақтай түседі.

Ономастикалық лексиканың ерекшелігі оның тек объектілермен тығыз байланысынан ғана емес, экстралингвистикалық факторлар арқылы көрінетіні белгілі. Әр атаудың тағылу уәжі тарихи өтпелі кезеңнің куәсі, ал оларға лингвистикалық талдау жүргізіп, бір жүйеге келтіру – уақыт талабы. Тіл тарихы халық тарихымен қоян-қолтық тығыз, берік байланыста болатынын, тіл барлық қоғамдық құбылыс сияқты әрбір қоғамдық формацияға сай өзгеріп отыратынын, олардың шығу, даму кезеңдерінде әлеуметтік, тұрмыстық негіздердің әсерін тигізгенін, ондай тарихи ономастиканың халық тарихымен байланысына сай өзіндік ерекшеліктері барын айта келіп ғалым Т.Жанұзақов былай дейді: «Бұл ретте ономастика ең алдымен тіл тарихына тән лингвистикалық ғылым. Өйткені оның грамматикалық, әрі фонетикалық заңдылығы халық тіліне тән. Олар халықтың бай тілінен жасалады. Сондықтан да құрамында әр дәуірге тән сөздер кездеседі» [1, 9].

Халықтың бастан кешкен оқиғаларының куәсі болатын да тіл. Тілдің атау жүйесі өмірге, затқа, құбылысқа өз үлесін қосып отырады. Жалқы есімдер жалпы есімдерге қарағанда тарихи кезең, сол уақытта өткен оқиғалар жайлы нақты, көп дерек бере алады. Бұл жөнінде А.М.Эмирова былай дейді: «Жалқы есім (атау) лингво-мәдени феномен, бұл бір жағынан тілдік категорияға жататын жүйенің ерекшелігін көрсететін белгі, екінші жағынан, халықтың тұрмысын, нанымын, дінін, тарихын білдіретін спецификалық лингво-мәдени белгі» [2, 300]. Қазақ ономастикасының дамуы құнды әрі бай материалдарды мұқият жинауға байланысты екендігін академик Ә.Т.Қайдаров пен профессор Т.Ж.Жанұзақов: «Ең бірінші талаптардың бірі – барлық бірліктерді жинау және қағаз бетіне түсіру», - деп атап көрсетеді [3, 198].

Ресей империясы қазақ жерінде қалыптасқан дәстүрлі билеу

институттарын жою мақсатында Орта жүздің хандық билігін 1822 жылы таратты. Осының нәтижесінде Солтүстік қазақстанды екіге бөліп билік жүргізді. 1822-1844 жылдары Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл, Атбасар, Аягөз, Көкпекті, Алатау округтері құрылды [4, 198]. Қазіргі Ақмола облысының аудандары мен ауылдары Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарымен тығыз байланысты, себебі бір біріне ауыстырылып, біріктіру жұмыстары патша өкіметінен бастап, кеңес өкіметі кезінде де жалғасын тапты. Сондықтан облыс топонимиясы бойынша тарихи дерек алу үшін бірнеше облыстарды қамту қажет болып тұр. Бұл оңай шаруа емес, көп күш пен уақытты қажет етеді.

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдардан бері тарихи атауларды қайтару не ұлттық танымға тән атауларды беру жұмыстары жергілікті ономастикалық комиссия тарапынан жүргізіліп келеді.

Ақмола облысы бойынша ірілі-кішілі 11 қала бар: Атбасар, Ерейментау, Есіл, Көкшетау, Степногорск, Степняк, Щучинск, Нұр-Сұлтан, Қосшы, Макинск, Ақкөл. Тәуелсіздік алғаннан бері Целиноград қаласы 1992 жылы Ақмола атауына, Алексеевка қаласы 1997 жылы Ақкөл атауына өзгертіліпті.

Іргесі 1890 жылы қаланған. Ақмола облысындағы қала (1937), Біржан сал ауданының және Степняк қалалық әкімдігі орталығы. Ол «Найзатөбе» деп аталатын елді мекен орнында қалыптасқан, сондықтан да Степняк қаласын Найзатөбе деп ауыстырса да болатын екен (Қараңыз: ООМТА. Қ.198. Т.1. І.48. 1897 жылы жобаланған қоныс аудару және қосалқы учаскелердің картасы).

Степногорск қаласы 1964 жылдың 6 сәуірінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы Жарғысымен Целиноград өлкенің Жолымбет өнеркәсіптік ауданының Соцгородок елді мекені Степногорск атауы беріліп өлкелік бағыну қалалар категориясына жатқызылды. Бұл елді мекен бұрынғы Бесқарағай қонысы орнында пайда болған, сол себепті Степногорск қаласы атауын Бесқарағай деп өзгертуге болады (Қараңыз: ООМТА. Қ. 198. Т.3. І. 13. Ақмола облысы Атбасар уезінің қоныс аудару және қосалқы учаскелерінің картасы).

Щучинск қаласының іргесі 1849 жылы Қотыркөл станицасынан 15 шақырым жерде Щучинск селосы болып қаланған. Қала атауын Қотыркөл деп өзгертуге тарихи дерек мүмкіндік береді.

Макинск қаласының іргесі 1914 жылы қаланған, 1945 жылы қала мәртебесі берілді. Макинск бұрынғы Аютөбе деген жерде қаланған, сондықтан қала атауын Аютөбе атауына өзгертілгені жөн болар еді (Қараңыз: 1) ҚР ОМА. Қ. 317. Т. 1. І. 58а. 2) ҚР ОМА. Қ.369. Т.1. І.4549. Ақмола облысында қоныс аудару ауылдарын құру туралы құжат; 3) ООМТА. Қ.198. Т.1. І.48. 1897 жылы жобаланған қоныс аудару және қосалқы учаскелердің картасы).

Облыста 17 аудан бар, соның ішінде 1 аудан орыс тілінде: Астрахан.

## Ақмола облысы топонимдерінің динамикасы: Тәуелсіздік кезеңі




Диаграмма – 1 Ақмола облысы топонимдерінің динамикасы: Тәуелсіздік кезеңі

Ақмола облысындағы қала саны – 11, оның ішінде өзгертілгені – 2; аудан саны – 17, оның ішінде өзгертілгені – 11; ауылдық елді мекен – 1338, оның өзгертілгені – 146.

Диаграммадан көріп тұрғанымыздай, аудан атауын ұлттық танымға сай беру жұмыстары біршама атқарылған, тек Астрахан атауы өзге тілде.

Облыстың ұлттық топонимикасын дұрыс жолға қою мәселесі кезек күттірмес шаруа, сондықтан мониторинг, ғылыми, тарихи дерек негізінде бұрынғы жергілікті халық қойған атау қайтарылуы немесе ұлттық танымға сай атау берілуі қажет.

### Әдебиет

- 1 Жанұзақов Т. Қазақ тілі ономастикасының негізгі проблемалары: филол. ғыл. докт. ... дисс. –Алматы, 1976. –Б. 23.
- 2 Эмирова А.М. Крымскотатарская ономастика как объект этнолингвистики. Мир языка. -Алматы, 1999. 293 с.
- 3 Кайдаров А.Т., Джанузаков Т.О. Состояние и перспективы развития казахской ономастики // Вестник АН КазССР, 19636, №1, 1. 44-49.
- 4 Илияс Есенберлин. «Алмас Қылыш» (Көшпенділер – 1) © «І. Есенберлин атындағы қор», 2004 Әдеби KZ (Жанталас 2, Қаһар 3 кітап).

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОНИМДЕРДІҢ ТҮРКІЛІК ҚАБАТЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ: А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МҰРАСЫ

Қазақ топонимикасының түркілік қабатын зерделеу және мәдени, тарихи-тілдік, географиялық, геоэкологиялық сабақтастық негіздерін зерттеу арқылы ұлттық топонимикалық мұраның ғасырлар бойы жасалған рухани-тілдік құндылықтар жүйесі ретіндегі зияткерлік әлеуетін айқындау болашақ ұрпақ үшін маңызды қадам. Қазақстан жеріндегі түркілік топонимдердің рухани-тілдік, геоэкологиялық құндылықтар жүйесі қазіргі қазақ қоғамын қауіпсіз ететін күш пен идеологиялық тетіктердің бірі екенін анықтау – уақыт талабы.

Көне түркі кезеңнен бастап, орта ғасыр, қазіргі Қазақстан жерінде қалыптасқан топонимдер зерделеніп, жер бедері, идеология, өзгеруіне қарай тарих қойнауынан шындықты шығару арқылы қазіргі Қазақстан жер бедері ерекшелігін анықтау маңызды болып отыр. Топонимдердің ғасырлар бойы қалыптасып, өзгеріп, толығып отыруындағы халықтың танымдық көзқарасы зерделеп, қазіргі қазақ халқының топонимикалық ғалам бейнесінің тілдік ерекшеліктерін зерттеу қазіргі геосаяси жағдайда қалыптасқан мәселелердің жауабын анықтайды. Көп жағдайларда географиялық атаулардың мәселелері ішкі мемлекеттік ұлттық мүдденің шегінен шығады да халықаралық мәнге ие болады. Адрестік және ғылыми-ақпараттық атқарымдарға қоса, географиялық атаулар егемендікті бекітудің, мемлекеттің ұлттық басымдығының құралдарының бірі, мемлекеттің жаңғыруының айнасы болып табылады.

Қазақ онимдерінің ішінде топонимикасының түркілік қабатын зерделеу және мәдени, тарихи-тілдік, географиялық, геоэкологиялық сабақтастық негіздерін зерттеу ономастиканың басқа разрядтарына қарағанда барынша қарқынды жүргізілген. Дегенмен де қазақ антропонимдері, этнонимдері де мүмкіндігінше зерттелген. Кісі есімдерінің түркілік қабатын айрықша бөліп қарастырған кешенді еңбек жоқтың қасы. Соның ішінде қазақ антропонимдерін зерттеген Т.Жанұзақовты [1], этнонимдерді зерттеген Ә.Қайдар, С.Аманжолов, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақов т.б. атауымызға болады [2-5]. Ру-тайпалардың атауларын азды-көпті зерттеген орыс ғалымдарының ішінде Н.Аристов, В.Бартольд, С.Кляшторный [6-8] т.б. еңбектерін мысалға келтіруге болады.

Ұлттық топонимикалық мұраның ғасырлар бойы жасалған рухани-тілдік құндылықтар жүйесі ретіндегі зияткерлік әлеуетін айқындау болашақ ұрпақ үшін маңызды қадам. Қазақстан жеріндегі түркілік топонимдердің рухани-тілдік, геоэкологиялық құндылықтар жүйесі қазіргі қазақ қоғамын қауіпсіз

ететін күш пен идеологиялық тетіктердің бірі екенін анықтау – уақыт талабы. Осы себептерден түркі топонимдері зерттеу нысаны ретінде барынша жан-жақты қарастырылған.

Көне түркі кезеңнен бастап, орта ғасыр, қазіргі Қазақстан жерінде қалыптасқан топонимдер зерделеніп, жер бедері, идеология, өзгеруіне қарай тарих қойнауынан шындықты шығару арқылы қазіргі Қазақстан жер бедері ерекшелігін анықтау маңызды болып отыр. Топонимдердің ғасырлар бойы қалыптасып, өзгеріп, толығып отыруындағы халықтың танымдық көзқарасы зерделеп, қазіргі қазақ халқының топонимикалық ғалам бейнесінің тілдік ерекшеліктерін зерттеу қазіргі геосаяси жағдайда қалыптасқан мәселелердің жауабын анықтайды. Көп жағдайларда географиялық атаулардың мәселелері ішкі мемлекеттік ұлттық мүдденің шегінен шығады да халықаралық мәнге ие болады. Адрестік және ғылыми-ақпараттық атқарымдарға қоса, географиялық атаулар егемендікті бекітудің, мемлекеттің ұлттық басымдығының құралдарының бірі, мемлекеттің жаңғыруының айнасы болып табылады.

Ұлттық топонимияның түркілік қабатын зерттеген ғалымдардан Ғ.Қоңқашбаев, Е.Қойшыбаев, Т.Жанұзақов, Ұ.Ержанова, Б.Бияров [9-13] т.б. еңбектерін атауға болады.

Түркі онимдерін о баста жинастырып, зерттеп, осы күнге жеткізген М.Қашқари ХІ ғасырда грамматикалық сипатта жазылған «Диуани лұғат-ит-түрк» тарихи- салыстырмалы әдісті негізге алған, осы еңбегінде түрлі этнонимді атап, олардың географиялық мекенін, тіліндегі фонетикалық ерекшеліктерін көрсетеді. ХІ ғасырда өмір сүрген филолог-түркітанушы М.Қашқаридың мұрасы түркітану ғылымының, соның ішінде түркі ономастикасының бастауы, қайнар көзі саналады [14].

Жалқы есімдерді зерттеуде үлкен мұра қалдырған, қазақилығымызды, тілімізді, ең бастысы, өзіміздің кім екенімізді анықтауда, тілімізді, ділімізді сақтау бағытында А.Байтұрсынұлының еңбегі зор. Мұны бірнеше бағыттағы жүргізілген зерттеулерінен аңғарамыз:

- ғалым жазу дағдысы туралы ой-пікірімен бөлісе отырып, «дыбыс жүйелі емлесі жоқ жазудан» аңғаруға болатындығын айта келе, жалқы есімнің жазылуынан мысал келтіреді, мәселен: “معمد” – Махмуд;

- араб графикасы мен латын графикасы негізінде жазылу артықшылығы мен кемшін тұстарын анықтай отырып, араб графикасын пайдаланудағы кемшіліктің жойылғанын айта кетеді, яғни «кемшілігі – жалғау қосылғанда сөз сүгіретінің пішіні өзгерілуі» туралы мысалды *қазақ* этнонимі негізінде сөз еткен, мәселен, «қазақ» сөзіне жалғау қоссақ, қ әріптің пішіні «қазағдың» өзгеруі;

- емле жасаушылардың жобасының ерекшелігін көрсете отырып, «үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі айтылу мүмкіндіктен болатын дүдәмәлдіктерге» Қорғамбай – Қорғанбай, Арғымбай – Арғынбай, Тасқымбай – Тасқынбай, Тұрғамбай – Тұрғанбай сияқты мысалдарды келтіре отырып, соңғы нұсқасы дұрыс екендігін түбір негіз арқылы дәлелдеген;

- сондай-ақ, қос сөздерде, қосарлап айтқан сөздерде дауыс жеделдігі мен дауыс тұтасынан болатын тұрпат өзгерісіне қарамай, жеделдік; тұтастық жоқ жеке күйіндегі тұрпатымен жазамыз. Мәселен: «Қарағөз» дегенді «Қара-көз» деп, «Сылаңғыз» дегенді «Сылаңқыз» деп жазамыз;

- күрделі жалқы есімдердің жазылуын да талдап, «есімшелі қосынды сөздер де қосынды сөздерше қосарлықпен жазылатынын» мысалдармен дәйектеген: Қойбағар, Таймінер, Жылқыайдар, Қойайдар, Таусоғар, Көпжасар, Италмас;

- зат есім екі түрлі болады: біреулері –нәрсенің дербес өз басына ғана қойылған: Жалқы есім. Екіншілері – нәрсенің біріне емес, барлық табына қойылған: Жалпы есім. Жалқы есімдер: *Ахмет, Атымтай, Атығай, Қызылжар, Семей, Қырым, Қытай.*

- «р, л, у, и әріптерінің алдында ы әрпі жазылу-жазылмауы естілуінше: естілсе жазылады, естілмесе жазылмайтынын» мысалдармен дәйектеген: Ленін, Лепсі;

- «-еке» жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол затты зор тұту үшін я көңіл аулау үшін. Жалқы есімге жалғанғанда ол есім қысқартылып айтылады. Мәселен: «Ысмайыл» деген есім жұрнақ жалғанғанда қысқарылып «Ыс-еке» болады; «Ыбраһім» деген есім жұрнақ жалғанғанда қысқарылып «Ыб-екен» болады;

- кішіге сөйлегенде есіміне басқа жұрнақ яки жұрнақ орнына бүтін сөз жалғанады. Мәселен: -жан, -ан, -ман, -ш. Сүйткенде «Тұрмұхаммед» деген есім «Тұрман» болып, «Ермұхаммед» деген есім «Ержан» болып, «Қосмұхаммед» деген есім «Қосан», «Жұмағали» деген есім «Жұмаш» болып уа ғайри сондай жұрнақтар я сөздер қосылып айтылады;

- кісі есімдерінің екі не үш мүшелі жазылуы туралы сөз еткен, Мәселен, Ыдырыс Оразұлы не Нұрғали Сағызбайұлы Құлжан [15].

Қ.Жұбанов сакралды есімдердің қай кезең екендігінің белгісі және сөз позициясына қарай антропоним анықталушы қызметте екендігін атап көрсеткен [16].

С. Аманжолов этнонимдердің статистикасын, шығу төркінін, таралу ареалын зерттеп, мысалдар негізінде дәйектеген ірі еңбегін мұра етіп қалдырған [3].

Кесте – 1. Түркі онимдерінің зерттелу мәселесі

| № | Түркітанушы | Оним түрі | Зерттеу ерекшелігі                                                              |
|---|-------------|-----------|---------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | М.Қашқари   | этноним   | 29 ру-тайпаның атауына фонетикалық талдау жасалып, этимологиясы ұсынылған.      |
| 2 | М.Қашқари   | топоним   | тайпалардың таралу ареалына байланысты нұсқап, атаудың шығу төркіні анықталған. |

|    |                |            |                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|----|----------------|------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3  | А.Байтұрсынұлы | антропоним | күрделі жалқы есімдердің жазылуы, қазақ кісі есімдеріндегі –ов; -ев; -ин қосымшалары мен екі/үш мүшелі антропонимдері сөз болған.                                                                                                                                                     |
| 4  | Қ.Жұбанов      | антропоним | сакралды кісі есімдері (Зеңгі баба, Ұмай ана т.б.) жиі қолданысына қарай қай кезең екендігінен хабардар етсе, күрделі кісі есімдерінің синтаксистік ерекшелігі қазақ кісі есімдерін жасаудағы шеберлігі анықталған, топонимнен жасалған антропонимдерді қарастырған, мысалы, Еділбай. |
| 5  | С.Аманжолов    | этноним    | шығу тегі, таралу ареалы қарастырылған.                                                                                                                                                                                                                                               |
| 6  | Ғ.Қоңқашбаев   | топоним    | жер-су атауларының этимологиясы зерттелген.                                                                                                                                                                                                                                           |
| 7  | Е.Қойшыбаев    | топоним    | жер-су атауларының этимологиясы зерттелген.                                                                                                                                                                                                                                           |
| 8  | А.Әбдірақманов | этноним    | шығу тегі, таралу ареалы қарастырылған.                                                                                                                                                                                                                                               |
| 9  | Т.Жанұзақов    | антропоним | кісі есімдерінің құрылымы, уәжі, бейонимдену үрдісі зерттелген.                                                                                                                                                                                                                       |
| 10 | Т.Жанұзақов    | топоним    | шығу тегі, таралу ареалы, түрлері қарастырылған.                                                                                                                                                                                                                                      |
| 11 | Т.Жанұзақов    | этноним    | шығу тегі, таралу ареалы қарастырылған.                                                                                                                                                                                                                                               |

XI ғасырдан бастау алған түркі топонимдерін зерттеу мәселесі қазірдің өзінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Мысалы, М.Қашқари көтерген онимдерді қазіргі кезде диахрондық тұрғыдан зерттеу әлі де шешімін тапқан жоқ. М.Қашқари 29 этнонимнің атын атап, түсін түстеп, олардың таралу ареалын көрсеткенде, ел тұтастығы мәселесін көздесе, қазір біз осы уақытқа дейін Қазақстан топонимдерінің диахрондық даму 3D электронды картасын жасап шықпадық, аталған этнонимдер, олардың таралу ареалына байланысты топонимдер қазіргі Қазақстан жерінде қазіргі кезде қаншалықты сақталған деген мәселе де сырт қалып отыр. Топонимдерді сол М.Қашқари кезінен (мүмкін болса, одан да әріректен) бастап осы кезге дейін қалай өзгергенін көрсететін болсақ, еліміздің шекарасын тек шегелеп, нақтылай түсіп қана қоймай, сонымен бірге қазақ этнонимінің, мекендеген жерінің тарихы т.б. туралы молырақ ақпарат беретініміз анық.

А.Байтұрсынұлы қарастырған қазақ кісі есімдеріндегі –ов; -ев; -ин қосымшалары мен екі/үш мүшелі антропонимдер мәселесі қазір де көтеріліп жүр. І ғасыр көлеміндегі уақытта біз аталған қосымшалардан арылып, ұлттық танымға сай антропонимдерді рәсімдеуге белгілі бір себептермен қол жеткізе алмай келеміз. Болашақта латын қарпі негізінде қазақ кісі есімдерінің ұлттық танымға сай рәсімделу ережесін жасағанда осы мәселені ескеруіміз әбден қажет және де бұл ұлттық ономастиканы қалыптастыруда өзекті мәселелердің бірі әрі өзегі.

Қ.Жұбанов қозғаған күрделі кісі есімдерінің синтаксистік ерекшелігі мен қазақ кісі есімдерін жасаудағы шеберлігі мәселесі көптеген ономаст-ғалымдардың қызығушылығын тудырады. Әсіресе, *бай, жан, гүл* т.б. компоненттерінің орын өзгеруі негізінде жасалған антропонимдер ерекше, себебі компоненттердің орын тәртібіне қарай мағыналық реңктік ерекшеліктер байқалады. Оны кесте түрінде төмендегідей көрсетуге болады.

Кесте – 2 Антропонимдер компоненттерінің орын тәртібіндегі мағыналық реңктік ерекшеліктер

| № | компонен<br>т | антропони<br>м | мағыналық реңк                                                                                                                                                                                            | антропо<br>ним | мағыналық реңк                                                                                                                                    |
|---|---------------|----------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | бай           | Байзақ         | Екінші компоненттің алдыңғы әрпі түсіп қалуына байланысты мағынасы қазіргі кезде күңгірт, алайда қазіргі кезде Байзақ батыр болғаны белгілі сонымен бірге батыр атымен аталған ауыл Жамбыл облысында бар. | Ұзақбай        | 1. өмір жасы ұзақ болсын мәнінде, яғни <i>бай</i> компоненті «көптік» әрі «бақуыатты, дені сау» мағынада;<br>2. өмір бойы бай болсын деген тілек. |
| 2 | жан           | Досжан         | барлығына дос, бауыр                                                                                                                                                                                      | Жандос         | нағыз, қимас дос                                                                                                                                  |
| 3 | гүл           | Гүлнұр         | гүлдің әдемілігі                                                                                                                                                                                          | Нұргүл         | Нұрдың гүл сияқты түрлі-түсті шуақ шашуы                                                                                                          |
| 4 | бек           | Бекболат       | нағыз болат, мықты, нығыз.                                                                                                                                                                                | Болатбек       | екінші компоненті – отбасындағы өзге балалар атына ұйқастырып қою үшін                                                                            |

|   |     |          |                                                                     |         |                                                                                             |
|---|-----|----------|---------------------------------------------------------------------|---------|---------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |     |          |                                                                     |         | қолданылған қосымша                                                                         |
| 5 | нұр | Бекнұр   | Нағыз шуақ, нағыз нұр                                               | Нұрбек  | екінші компоненті – отбасындағы өзге балалар атына ұйқастырып қою үшін қолданылған қосымша. |
| 6 | жол | Жоламан  | бастапқы мәні: көші-қон кезінде жол бойында аман-есен өмірге келген | Аманжол | өмір бойы алды ашық, аман-есен болсын деген тілек.                                          |
| 7 | наз | Назгүл   | нәзік, сән келтіретін, әдемі гүл                                    | Гүлназ  | Еркесі жарасқан әдемі.                                                                      |
| 8 | ай  | Айжарқын | бастапқы мәні: жарық, толған ай кезінде дүниеге келген              | Жарқын  | ақкөңіл, ашық мінезді болсын деген тілек.                                                   |

С.Аманжолов этнонимдердің сөйлеу ерекшеліктері бойынша таралу ареалын анықтаған. Бұл біздің бір тайпада жоғалып, екіншісінде сақталған тарихи ұлттық дәстүрімізді түгендеуде маңызды. Дегенмен осы тұрғыдан тайпа атауының шығу тегіне байланысты генонимдердің ерекшеліктерін зерттеген кешенді еңбектер әлі де жоқ десе де болады. Бұл – болашақта мәселенің зерттеу аспектісін айқындап тұрған бірден бір еңбек, ғалымның болашақ ғылымға қосқан үлесі.

Ғ.Қоңқашбаев, Е.Қойшыбаев, Т.Жанұзақов сынды ғалымдардың зерттеу объектісі болған жер-су атауларының этимологиясы қазірдің өзінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Мұның бастапқы себебі бір түркі қабатына (басқа қабаттарды айтпағанда) жататын құрамында географиялық (биологиялық т.б.) терминдер бар мағынасы көмескіленген топонимдерді анықтау – көптеген мәселенің басын ашатыны анық. Мәселен, *Далқоңыр* (түркі-монғ. *дал* ~ тал – «үлкен кең дала», «жазық» мағынасын білдірсе, екінші сыңардағы қоңыр «қоңырқай түс»), *Дардамты* (түрк., монғ., ир. *дар* – (варианттары: *дара* – *дере*) «шатқал, сай», «тау аралығы», және *дам* – *том* – *томб* – «жота, төбе», «тау» мағыналы сөздеріне көне түрік, монғ. тілдеріне тән *-ты* жалғуының жалғануы арқылы жасалған), *Дүбін* (монғ. *дов* – «төбе», «төбешік», бур. *добо* – «төбе», «шоқы» мәнін білдірсе, атаудың екінші сыңарындағы *ұн* (*үн*, *ун*) – жинақтық, көптік мәнді білдіретін түрік-монғол тілдеріндегі көптік жалғау көрсеткіші) т.б. Сонау көне түркі заманынан қазірге дейін топонимдер арқылы бізге жеткен бұл географиялық терминдер біздің тілдік байлығымыз. Бұлардың мән-мағынасы қазір көмескіленген, түсініксіз, яғни өзінің

ақпараттық қызметін атқарып тұрған жоқ. Мұндай атаулардың мағынасын ашып көрсету – ұрпаққа берген құны жоғары дүние, себебі атаудың өзінде жер бедері, сулы өңір екендігі туралы ақпарат айқайлап тұр. Қазақ жерінде мұндай топонимдер жетіп артылады.

Оним құрамындағы қосымшалардың өзіндік рөлі бар. Олар арқылы біз көптеген ақпарат аламыз, сонымен бірге қай қосымша түркі тілдерінің қайсысына тиесілі екендігін де айқындай аламыз. Олардың ерекше мағыналық реңк негізінде сөздерді морфологиялық тұрғысынан да талдай аламыз. Топоним құрамындағы қай қосымша қандай мағыналық реңк тудартынын, қай тілден енгенін төмендегі кесте арқылы көрсетуге болады.

Кесте – 3 Топонимдер құрамындағы қосымшалар

| №  | қосымша | мағынасы                           | тіл     |              | топоним             |
|----|---------|------------------------------------|---------|--------------|---------------------|
|    |         |                                    | алтай   | көне түркі   |                     |
| 1  | -ті     | көптік мәнде                       |         | -ты/ -ті     | Белеуті<br>Бұлдырты |
| 2  | -ді     | көптік мәнде                       |         | -ды/-ді      | Зеренді<br>Егінді   |
| 3  | -үн     | көптік мәнде                       |         | -ұн (үн, ун) | Дүбін               |
| 4  | -ек     | топоним жасаушы                    |         | -ек          | Елек                |
| 5  | -шен    | сөздерді<br>біріктіруші<br>қосымша |         | -шен         | Елшінбүйрек         |
| 6  | ық (қ)  | көптік мәнде                       | -ық (қ) |              | Жайық               |
| 7  | -й      | құрметтеу, мәнді<br>көне қосымша   |         | -й           | Жеменей             |
| 8  | -ты     | сын есім тудырушы                  |         | -ты          | Қалдығайты          |
| 9  | -нақ    | зат есім тудырушы                  |         | -нақ         | Қарнақ              |
| 10 | -па     | етістік тудырушы                   |         | -па          | Ұшпа                |
| 11 | -ан     | зат есім тудырушы                  |         | -ан          | Ұштаған             |

Топоним тудыруда көне түркі тілінде қолданылып келе жатқан –ті/-ді/-ты/-ды/-үн/ ық (қ) сияқты реликтік қосымшалармен қатар зат есім, сын есім, етістік тудырушы өнімді жұрнақтар (–ты; -нақ; -па; -ан) қолданылғаны мысалдардан белгілі. Сонымен бірге топоним тудырушы, сөзбен сөзді біріктіруші, тіптен, сыйлау мәндегі қосымшалар да топоним құрамында кездеседі. Мәселен: -ек; -шен; -й т.б.




Диаграмма – 1 Түркі онимдерінің зерттелуі

Диаграммадан байқап тұрғанымыздай оним түрлерінің зерттелуі әртүрлі. Зерттеулердің басым көпшілігі антропонимге тиесілі – 42% ; топоним - 41% ; космоним - 7% ; этноним - 5% ; теоним – 5% . Антропонимдерді зерттеудің басымдылыққа ие болу себебі анық, әр тұлға өзін танып білуде ең алдымен Менің есімімді неге осылай қойды екен? Ол нені білдіреді? Ол қай тілден енген? деген сауалдардың жауабын іздейді, осыдан барып уәж, атаудың шығу төркіні ерекше мәнге ие болады. Сонымен бірге адамзат өзін қоршаған ортаны қабылдау арқылы өз табиғатын анықтаған, сол таным-түсінігі негізінде қоршаған ортаға атау таққан. Адамның өзі арқылы қоршаған орта туралы салыстырмалы түрде таным-түсінігі қалыптасқан. Мәселен, *Келіншек тауы*, *Көксор көлі*, *Иса төбесі*, *Түркістан қаласы*, *Есекқырған*, *Сүмбіле т.б.* Бұл атаулардың барлығы – адамзат өзін тану процесіндегі түйсіктен туындаған дүниелер.

Кесте – 4 Түркі онимдерінің зерттелу аспектісі

| № | оним түрі  | зерттелу аспектісі                                                                                                                                                                                                      |                                                      |
|---|------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------|
|   |            | прагматикалық және синтагматикалық                                                                                                                                                                                      | когнитивтік                                          |
| 1 | антропоним | 1 «Назывные» антропонимы казахского языка в этнолингвистическом освещении. Автореф. дис. канд. филол. наук. - Алматы, 1995.<br>2 Қ.А.Исауидің «Диуани хикмет» шығармасындағы антропонимдер//<br>Түркология, 2008, № 1-2 |                                                      |
| 2 | топоним    | 1 Шығыс Қазақстанның Оңтүстік аймақтары                                                                                                                                                                                 | 1.Топонимиялық деректердегі аңыз бен ақиқат // Қазақ |

|   |          |                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                       |
|---|----------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |          | топонимдерінің лингвистикалық және этномәдени негіздері. Филолог, ғылымд. кандидаты диссер. авторефераты. - Алматы, 2001. 2 М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы топонимдердің қолданылу аясы // Қазақ ономастикасының мәселелері. –Алматы: Ғылым, 1986. –136 б. | ономастикасының мәселелері. –Алматы: Ғылым, 1986. –136 б. 2 Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері. – Алматы, 2009. –Б. 29. |
| 3 | этноним  | 1 «Қырымның қырық батыры» эпопеясындағы топонимдер мен этнонимдер // Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері. –Астана, 2004. –224 б.                                                                                                                              |                                                                                                                                                       |
| 4 | космоним | 1 Қазақ тіліндегі кейбір халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты//Хабаршы тіл, әдебиет сер. № 5, 1992. 3-ІЗ-бб.                                                                                                                                       |                                                                                                                                                       |
| 5 | теоним   | 1 Культ Тенгри как основа государственной идеологии Древнетюркского каганата // Восток. –М., 2006. –С. 122.                                                                                                                                                       | 1 Жаратушы ұғымының лингвоконцептологиялық көрінісі// Ономастикалық хабаршы № 2, 2009ж                                                                |

Қазіргі қазақ тіл білімінде онимдерді, әсіресе, антропонимдерді когнитивтік тұрғыдан зерттеу ақсап тұрғаны анық. Сонымен бірге еліміздің латын графикалы әліпбиіне көшуіне байланысты топонимдерді, антропонимдерді рәсімдеу мәселелері де зерттеуді қажет етеді. Сондай-ақ, прагматика тұрғысынан қала іші нысандары атауларын да барынша зерттеу де – өзекті мәселелердің бірі.

Кесте – 5 Қазақстанның кейбір астионимдерінің өзгеру динамикасы

| № | Қазіргі кездегі | Кеңес өкіметі кезіндегі атауы | XV-XX ғғ. атауы | Орта ғасыр кезеңіндегі |
|---|-----------------|-------------------------------|-----------------|------------------------|
|---|-----------------|-------------------------------|-----------------|------------------------|

|    | атауы           |                                |                         | атауы<br>(X-XV ғғ) |
|----|-----------------|--------------------------------|-------------------------|--------------------|
| 1  | Алматы          | Алмата, Алма-Ата,<br>Верный    | Верный,<br>Алмалық      | Алмалық/Алма<br>ты |
| 2  | Астана          | Ақмола, Целинорад              | Ақмола                  | Қараөткел          |
| 3  | Орал            | Уральск                        |                         | Жайық/Шакаф<br>ни  |
| 4  | Тараз           | Жамбыл, Әулие-<br>Ата, Мирзоян | Тараз                   | Талас/             |
| 5  | Шымкент         | Шымкент                        | Черняев                 | Шымкент            |
| 6  | Қостанай        | Қостанай                       | Ордабай /<br>Николаевск |                    |
| 7  | Атырау          | Гурьев                         | Атырау                  |                    |
| 8  | Қызылорда       | Ақмешіт/Қызылорда              | Ақмешіт/Пе<br>ровск     | Қамысқала          |
| 9  | Қаратау         | Қаратау                        | Шолақтау                |                    |
| 10 | Талдықорға<br>н | Талды-Қорған                   | Гавриловка              | Талдықорған        |
| 11 | Түркістан       | Түркістан                      | Иасы                    | Шауғар             |
| 12 | Кентау          | Кентау/ Ащысай                 | Мырғалымс<br>ай         |                    |

Атаудың барлық жүйесі – бұл қатып қалған әлем бейнесі емес, өз бастауы бар, ұзақ ғасырлар бойы адам өмір сүріп жатқанға дейін жалғасын табатын, тоқтаусыз үдеріс. Атаудың қалыптасуы – адамзат тарихындағы маңызды қадам, себебі атаулар өмір бойы әр адамның қоғаммен тығыз байланысты жеке тұлға болу құқын бекітті. Мұның дәлелін біз жоғарыда келтірілген кестеден байқаймыз. Қазақстан қалалары атауының уақыт, идеология талабына сай өзгеруі – әлемде кездесетін құбылыс.

Сонымен, түркі ғалымдардың қалдырған мұрасы біздің байлығымыз, олардың тілдің ең басты да өзекті мәселелерін қарастырғандары – көрегендіктерінің белгісі. М.Қашқари, А.Байтұрсынұлы, Қ.Ж.Жұбанов, С.Аманжолов, Ғ.Қоңқашбаев, Е.Қойшыбаев, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақов сынды тұлғаларымыз ұлттық ономастиканың іргесін қалаған. Олардың еңбегін жалғастырып, жаңа ақпарат беру – басты мақсатымыз әрі міндетіміз. Түркі қабатын құрайтын қазақ топонимдері тек қазақ халқының мұрасы емес, түркі халықтары үшін ортақ. Сондықтан да топонимдерді салғастыра зерттеп, ортақ, әмбебап ерекшеліктерін айқындау тарихымыздан, тұрмыс-тіршілігімізден, мәдениетімізден мол ақпарат беретіні сөзсіз. Ең бастысы – топонимдердің негізгі қызметін атқарудағы рөлін айқындау жер тұтастығын айшықтаудағы маңызды мәселе екенін сөзсіз аңғартады.

### Әдебиеттер:

- 1 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. -Алматы: Ғылым, 1988. -140 б.
- 2 Қайдаров Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері. // Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. -Алматы: Ғылым, 1988. -34 б.
- 3 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. Основы теории казахского языка. Құрастырған Аманжолов А.С. –Алматы: «Ғылым». 2002,
- 4 Әбдірахманов А. Қазақстан этнотопонимикасы: Зерттелу тарихынан. - Алматы: Ғылым, 1979. - 127 б.
- 5 Жанұзақов Т. Очерк казахской ономастики. –Алма-Ата, 1958. Т1.
- 6 Аристов Н Усуни и кыргызы или кара-кыргызы: очерки истории и быта населения западного Тянь-Шаня и исследования по его исторической географии. –Бишкек: Илим, 2001. – 576 с.
- 7 Бартольд В. Сведения об Аральском море и низовьях Амударьи с древнейших времен до XVII века –Ташкент, 1902
- 8 Кляшторный С., Султанов Т. И. Казахстан: Летопись трёх тысячелетий / С. Г. Кляшторный, Т. И. Султанов. –Алма-Ата: Рауан, 1992. – 376 с.
- 9 Конкашпаев Г.К. Словарь казахских географических названий. – Алма-Ата, 1963
- 10 Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 275 с.
- 11 Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. Алматы, 1965.
- 12 Ержанова Ұ. Акжайық өңірінің топонимиясы. –Алматы: Арыс, 2001. –173 б.
- 13 Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. –Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. – 432 б.
- 14 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-иттүрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.2. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 528 б.
- 15 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 16 Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алма-Ата, 1966. – 362 б.



*Сәуле Иманбердиева*

## ОЙЛАН, ТУҒАН ЖЕРІҢНІҢ АТЫН ТАП!



Атауы XVI ғасырдың аяғында осы теңіз жағасында қоныстанған тайпаларына байланысты қалыптасқан. Нысан неоген дәуірінің аяғында жер қыртысының көтерілуінен бөлінді. Бұл кезді теңіздің пайда болған уақыты деп есептеуге болады. Оған 130-ға жуық өзендер мен ағынды сулар құяды.



Қала өзінің жастығына қарамастан теңдесі жоқ алып кәсіпорындарымен бүкіл әлемге танымал болып отыр. Қысқа ғана мерзім ішінде пайда болған қала біздің замандастарымыз үшін аты аңызға айналған қала болып отыр. Қалада тұңғыш рет Қазақстанда көптеген алдыңғы қатарлы технология өмірге келді, жана үлгідегі құрал-жабдықтар зерттелді.



1984 жылы ұйымдастырылған қорықтың негізгі мақсаты - шөл зонасының табиғат кешенін табиғи түрінде сақтап қалу. Қорықта ландшафтың алуан түрі кездеседі. Қорықта қорғау, ғылым, ақпарат және мониторинг экологиялық ағарту және туризм бөлімі, табиғат мұражайы және есеп бөлімі жұмыс жасайды.



Шатқалда тізбектеліп жатқан тау сілемдері. Ертеде мыңғырған малы бар бай жалғыз, ерке қызын ұзатарда жасауының бәрін тек алтыннан жасапты. Ұзатылып бара жатқан кезде қыздың қызығушылығы оянып, көшті тоқтататады да, жасауды тексереді, сөйтсе, итаяғы ағаштан жасалған екен. Әкесінің мұнысына көңілі толмаған қыз дереу төркініне кісі жібереді. Әкесі болса, қызының дүниеқоңыздығы мен тойымсыздығына, ұятсыздығына ренжіп, «бүйткенше тас боп қатып қал!» деп ашуланыпты. Әкесінің қарғысы заматта орындалып, әлгі қыз да, жасауын артқан түйелер де, керуен де тас пен тауға айналып кетіпті.



Оның тау-тасы да, көлі де, жазық даласы да ертегілер мен аңыздарға толы. Тамаша табиғаты, тылсым бейнесі – қарағайлы орманы, бір-бірінен көлдері арқылы бөлініп жатқан қатпарлы жартастары, биік күз басындағы тастары мен шындары небір бейнені көз алдына елестетеді. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының мемлекеттік табиғи ұлттық паркі 2000 жылы тамызда құрылды.



Қазаншұңқырдан шыға бере тағы да бірнеше тар шатқалдар арқылы өтетін аңғары Боом шатқалынан кейін біртіндеп кеңейеді, сағалық аңғары айқын байқалмайды. Қорағаты өзенінен кейінгі саласыз аумағында Мойынкұм құмды алқабына шығады. Одан әрі бірнеше тармақтарға бөлініп, тартыла бастайды.




Таулардың табиғатын, ауа райының қолайлылығын білген бабаларымыз таудағы жайлаулар - Аралтөбе, Қарақыстақ, Қасқасу, Сандық, Шайсандық, Күнгейсандық, тағы басқа тау алқаптарын Сақ, Ғұн, Үйсін замандарынан бері атамекен етіп қана қоймай, бүкіл қазақ даласында тұрған зиялы ата-бабаларымыздың қайтыс болғаннан кейін жерлейтін сахнасына айналдырған.



Шипажай құрылысы 1923 жылы басталып, 1926 жылы пайдалануға рұқсат берілген. Қазіргі таңда шипажайдың 10 тұрғын ғимараты мен жазғы уақытта пайдаланылатын 10 кешені бар. Шипажай жыл бойы қызмет көрсетеді, бір мерзімде 500-ден астам адам қабылдай алады. Мұндағы сульфатты-хлорлы-натрийлі суы (39,5С) ас қорыту, жүйке жүйесі, сүйек-бұлшық ет және гинерол. ауруларды емдеу үшін пайдаланылады.



Қазақстанның көрікті қалаларының бірі. Мемлекеттік билік Қазақстан Конституциясына сәйкес заңдық, атқару және сот билігі принциптеріне негізделген. Қаладағы заңдық билікті Мәслихат жүзеге асырады. Оның құрамында 25 депутат бар. Сот билігін Өскемен қалалық соты және арбитраж соты жүзеге асырады.



Қазақстанның ірі физикалық-географиялық және табиғи-тарихи аймағының бірі. Халықтық атау. Қазақтың байлығының көзі ғана емес, сонымен қатар өнердің, мәдениеттің және тарихтың кеніші.



Қазақстан қалаларының халық саны бойынша Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент және Ақтөбе шаһарларынан кейін 5-ші орында орналасқан. 1934 жылғы 10 ақпанда поселке ЖОАК Президиумының қаулысымен қала болып қайта құрылды. Қала аумағы 543,3 шаршы километрге тең. Қала халқының саны 2019 жылғы 1 қазан 496 701 адамды құрады. Қалалық әкімшілікте 1 ауылдық елді мекен бар.

## «ЖЕРІНДІ ТАНЫ» ТАПСЫРМАСЫНЫҢ КІЛТІ



- Каспий теңізі



- Екібастұз қаласы



- Үстірт қорығы




Келіншектау тау сілемдері



Бурабай мемлекеттік ұлттық паркі



- Шу өзені



- Меркі таулары



- Манкент шипажайы



- Өскемен қаласы



- Сарыарқа тауы



- Қарағанды қаласы

## ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

Жағдаяттық тапсырманы оқи отырып, өз ойыңызды дәлелдеп, аяқтаңыз. Осындай жағдайдан шығудың бірнеше жолдарын көрсетіңіз.

**1- тапсырма:** Қазақстан топонимдерін пайдаланып, кісі есіміне ұқсас тұстарын өзгертіп, осы әңгіме желісіне ұқсас жағдаят құрыңыз!

Қазақта ат тергеу дәстүрі бар. Халық аузында мынадай қызықты әңгіме бар: Бір келіншек «сарқыраманың ар жағында, сылдыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр! Білемені жанымаға жанып-жанып тез келіндер!», - депті. Сөйтсе ол Өзенбай, Қамысбай, Қойлыбай, Қасқырбай, Қайрақбай, Пышақбай деген қайнағаларының атын атай алмай тұр екен!

**2- тапсырма:** Ақын шығармаларында өз есімдерін қолдануын талдаңыз, ақын бейнесін суреттеңіз!

| №   | Ақындар         | Ақын шығармаларында қолданылуы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|-----|-----------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.  | М.Шаханов       | Мықтылардың күйін шертіп өтер күн, Заман — терек, адам соның бұтағы, Мен туғанда, досым сенің әкеңнің Жазылыпты Абай жайлы кітабы. Айқара ашып аспанын, Жинап барлық достары мен қастарыш Ниетімді құптар деп Бұл есімде ерекше бір құт бар деп Мына мендей перзентіне сол күні Ат қойыпты Мұхтар деп.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 2.  | К.Әзірбаев      | Құттықтап сәлем айтты Кенен інің, Өкшелеп жетпіс беске келген бүгін. Жамбылдай жүзге жетіп, арман бар ма, Жырласақ туған елдің келер күнін!                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 3.  | М.Мақатаев      | Сырым да- осы, Жырым да - осы, Алдыңда. Байқашы бір, Бықсыдым ба, жандым ба? ...Махандар жоқ, Махандардың сарқыты - Мұқағали Мақатаев бар мұнда!                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 4.  | С.Мәуленов      | Тер шұбырып маңайдан, Болғанда ел ақтабан, Ауып алыс Торғайдан, Әкем Сырға тоқтаған. Кешікпей, аз жылдан соң, Өмір мені шақырды. Сыр бойында туған соң, Сырбай қойды атымды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 5.  | Т.Молдағалиев   | а) Талай-талай жолдардан аман өткен, Тұманбайға болды арман заман өткен. Жеткізер ме сол қалған қызықтарым, Кейін қарай қусам да самолетпен?!<br>ә) О, жастық шақ, гүлді аймақ, аңыз аймақ, Жүрсем сенде он айлап, тоғыз айлап. Мынау Тұман азды деп сол достарым, Мазалайды-ау үстімнен арыз айдап.<br>б) Махаббатқа, арманға құмар қайың, Жапырағын төгеді не ғылайын. Алатаулық дейді екен былайғы жұрт Сұлулардың сұңғыла Тұманбайын.<br>в) Жүремін күндіз-түні батып ойға, Емеспін арғыш да өзім, атығай да. Сәкеннің ауылына келген кезде Тұмаштың мінетұғын аты қайда.<br>г) Тұмаш бүгін Тұманаға боп алған, Оншама көп күткені де жоқ алдан. Ай астында адастырды оны арман, Су секілді құмға сіңіп жоғалған.<br>ғ) Ұлы Мұхтар айтып кеткен аздың бірі мен едім, Кездескеннің бәріңде көңілімнен нұр себемін. Аяп әлі көрген емес Молдағали баласы, Адамдардың бәрінен де қолдан келген көмегін. |
| 10. | А.Тоқмағанбетов | а) Қазақстан, кең-байтағым, бесігім, Өмірден төр іздеп кірген есігім. Төрге жеттім, өрге шықтым, өренді Сенде ақын боп аталды Асқар есімім.<br>ә) Дастандай қызықтыра басталатын, Келеді көктем                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                         |
|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  | жайып жас қанатын. Інілер, құрбы-құрдас оқып көрер, Бір өлең жазыпты деп Асқар ақын.<br>б) Көп шығар осыны айтар басқа да інің, Ағаның іні байқар басқан ізін... Қадірлес қаламдасың, замандасың, Дейтін сіз: «Қырғи тілді» Асқар інің. |
|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

**3-тапсырма:** Прецедентті есімдердің ақын шығармаларында қолданысын анықтап, таптастырыңыз!

| №  | Прецедентті есім | Ақын шығармасындағы қолданысы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----|------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Абай             | <i>Абай</i> , Мұхтар бастаған елге әйгілі Ұлы көштің соңынан ергендігін. Сапар сайын олжасыз боп қайтпадым, Көрмеді әкем талайдан бақ қайтқанын (М.Шаханов). Талай жылдар өтсе де, талай заман, Қалам тартар қазақта ақын туса, Аруағына <i>Абайдың</i> қарайлаған. Абай болу, әрине, оңай емес, Ақын болмай қалсаң ғой... Қалай жаман! (М.Мақатаев). Бірінші съезінде әнші-күйші, Жиналған астанамда ақын-жыршы. Па, шіркін, ақын <i>Абай</i> айтқандайын, О, халқым, ең мен күйді мендей сүйші! (К.Әзірбаев). Достықты бақытына балайтұғын, Бұл елге қызыға аз ба қарайтұғын! <i>Абай</i> мұнда Пушкиннің жырын жаттап, Ұлы Пушкин сөйлейді <i>Абай</i> тілін (Т.Айбергенов). Сын сағатта қолына ту алады, Болымсызға баладай қуанады. <i>Абай</i> менен Жамбылды туған халық Талай-талай даңғылды туар әлі (Т.Молдағалиев). Деді тағы: - Ұлылық қайда <i>Абайдай</i> , Аспанынан сөніпті қай заманда ай... Соны айтты да жалт етіп жүре берді ол, От лақтырып шарт сынған найзағайдай (С.Мәуленов). Сондай елді көре алмай, Ақын <i>Абай</i> зарыққан. Соңынан елі ере алмай, Кайғыда жүдеп қамыққан. Біз көрерміз, үміт бар, Тией бер осы халыққа (С.Торайғыров). Ашуды, тікелейген басып түгін, Сыпырып, жауды жеңіп ауыр жүгін... Жүз жылдық ұлы <i>Абайдың</i> тойын тойлай, Ортаңа отыр, міне, келіп бүгін! (А.Тоқмағанбетов). Өкінгеннен не пайда? Кеш болса қал сілтеп. Кім өкпелер <i>Абайға</i> Қырықта қызды жаздың, деп! (Қ. Аманжолов). |
| 2. | Қорқыт           | Түнерді бұрынғыдан <i>Қорқыт</i> бетер, Есалаң ескен желдей өмір өтер. Күмәнсіз өлерінді біле тұрып, Дүниеде талаптану, тұру бекер (М.Жұмабаев). - Армысың, Ата! - Бар бол, балам, аман ба? - Жолыңыз                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |

|    |            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|----|------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    |            | болсын? - Жолдың несін сұрайсың, мына соқыр заманда. Қайда барса, <i>Қорқыт көрі</i> қазулы тұр адамға. Елде жүрген ескі аңызды, Естіп пе едің, қарағым? Мына біздің ғаріп жағдай еске соны салады (М.Мақатаев). Қиялмен қырық жыл бұрын <i>Қорқыт</i> қашқан. Арасы әділсіз деп жер мен аспан. Жете алмай мақсатына арып-талып, Бір тауды мекен қылып жалғыз жатқан (К.Әзірбаев). Сырлы ішек бір кездерде ол ызыған, Есіпті күй боп <i>Қорқыт кобызынан</i> . Жатады дариямен бірге сыңсып, Даланың жазығына созылып ән (С.Мәуленов).                                                                                                                                                                               |
| 3. | Асан қайғы | <i>Асан Қайғы</i> салдырған Астраханға жетейін Қайғысыз хандар күмбезін Әдейі аттап кетейін. <i>Асанның</i> тауып моласын Соған тауап етейін (М.Жұмабаев). Өлшесін бүгінімен өткендерін! Көре алмай Жерұйықтың көк белдерін, Көрсет <i>Асан</i> запыран төккен жерін. Түсінсін де тұшынсын бақытты ұрпақ, Бабалары не жапа шеккендерін! (М.Мақатаев). –Қазаққа кім күн болса, соған бас ұр, Деп кеткен ата-бабам, <i>Асанғайғым</i> (Қ.Аманжолов).                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 4. | Күләш      | Ісің бар, өзің жоқ, <i>Күләшжан</i> келмейді. Көп ұлт, ұлы адам, Үніне шөлдейді. Жұлдыздай жарқырап, Атағың сөнбейді (К.Әзірбаев). Жамбыл жыры аспаныңда жаңғырып, Өуеніне кетті әлемді таң қылып. Алатаудың ақ шындары <i>Күләшша Күләш</i> әнін қайталайды мәңгілік (Т.Айбергенов). Қазағының бұлбұлы боп сайраған <i>Күләш</i> барда Тұмаштарға қайдағы ән. Өнер күтіп қол соғып тұр қазағы. Шашубайдан, Балуан Шолақ, Майрадан (Т.Молдағалиев).                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| 5. | Жамбыл     | Әлмейтін мен көргенде күн менен ай, Тау мен тас, дариялар, өзен мен сай. Жаңғыртып Алатауды кете бердің, Хош, қайыр, атағы зор <i>Жамбыл</i> атай (К.Әзірбаев). Бұл аған қазір елу алтысында, <i>Жамбылға</i> бұйырған жас жартысында, Риза бауырлардың ортасында, Сүйіскен жүректердің дәл тұсында (Т.Айбергенов). <i>Жамбыл</i> ақын тұр асқақ, Көзін жұрттан ала алмай. Тұғырынан түсе сап, Бірге кетіп қалардай (Т.Молдағалиев). Жақсы ақынның табиғаттай досы көп, Біз өленде аға-іні боп өсіп ек. Бар тілегім — жүлде бермей <i>Жамбылдай</i> , Жүзге дейін шаң боратып жосып өт! (С.Мәуленов). Тоқсандағы <i>Жамбылдан</i> Сөз шыққанда алтындай, Шығандай шығып шырқамай, Не болыпты япырмай! (Қ.Аманжолов). |

|    |                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|----|------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6. | Қозы Көрпеш –Баян сұлу | От боп өртеп ғашықтықтың ықпалы, Ән қостындар... Жұрт қуана құптады. Талпындындар, Алқындындар, ал бірақ Одан <i>Қозы</i> , сенен <i>Баян</i> шықпады (М.Шаханов). Содан бастап Мәжнүнін өзі болдым, Айта жүрер дүние сөзі болдым. Қыз Жібегім сен болдың, <i>Баяным</i> да Төлеген боп түрлендім, <i>Қозы</i> болдым (Т.Молдағалиев). Көктемде қайтқан құстай келер ме едің Баяғы <i>Баян-Сұлу</i> , қыз Күләйім (Қ.Аманжолов).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 7. | Еңлік – Кебек          | Жылда оралып келетұғын көктемдей, Көктем сайын көгеретін көктердей, Ел аузында аңыз болып екі жас — <i>Еңлік—Кебек</i> ұрпақтарға жетті өлмей. Тас үңгірде тұрды олар аз-ақ күн, Тартты бәрін қорлық пенен азаптың. Қыр үстінде <i>Еңлік - Кебек</i> қоштасты, <i>Ромео - Джульеттасы</i> қазақтың (С.Мәуленов). Ішінде мынау бақша жүрер ме едің, Сайрандап <i>Еңлік</i> , Қамар, Қорлығайын (Қ.Аманжолов).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 8. | Шыңғысхан              | Есің кетсе, естіге кіріптарсың, Ең бастысын ұмытқансың,— деп <i>Шыңғысхан</i> ызбарлана тіл қатты, Әр сөзінде атан түйе қайысардай зіл жатты (М.Шаханов). Қалың елді бауырына ап қылыштың, Ауыр қолы өткен мұнда <i>Шыңғыстың</i> . Ақсақ Темір айқайын да естіген, Көпті көрген қариясы Шығыстың (С.Мәуленов). Қолда ту, аста тұлпар, үстім шенді, Тұрмайды омырауыма медаль сыйып. Солайша <i>Шыңғысхан</i> мен Бонапарттай Атағым жұрт көзінде болса биік! (С.Торайғыров).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| 9. | Алатау                 | Такси қайта жолға түсті, шымылдығын жапты түн, Мына бізден қызғанғандай кең даланың шаттығын, Көзіме ыстық көрінеді туған ауыл бейнесі, <i>Алатау</i> тұр алқам-салқам ағытылған жейдесі (М.Шаханов). Беттерін солтүстікке түзеп алып, Шуласып, « <i>Алатаулап</i> » ұран салып, Еліріп екіпндеген асаулардың Құм жапқан көбі бірақ шөлде қалып (М.Жұмабаев). <i>Алатаудың</i> басынан ұшпа шықты, Іше алмайсың суынан үш қасық та. Біздің қалқа сұрасаң бір асыл тас, Шәйі шапанын жамылып тысқа шықты (К.Әзірбаев). Алматы <i>Алатаудан</i> алма ақтарып, Шымкент тұр қорғасындай салмақтанып. Үзілер жүк тиеген ауыр состав, Арасын қос қаланың жалғап барып... (Т.Айбергенов). <i>Қарт Алатау</i> қой бағып Жыл сайын бір көктейді. Тұрғаннан соң ойланып Басынан бұлт кетпейді (Т.Молдағалиев). Жұлдыздарға тіреп қойып асқарын, Бұлақтармен жазып өмір дастанын. Бүкіл қазақ кеудесіндей <i>Алатау</i> , |

|     |         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|-----|---------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     |         | Күншығыстың көтеріп тұр аспанын (С.Мәуленов). <i>Алатау</i> да бүгін бойын, Әсемденіп сылай қапты (А.Тоқмағанбетов). Қазақ деген атымды, Өшіре алмас ешбір жау! Төбесінен тиіссе, Төңкерілер <i>Алатау</i> (Қ.Аманжолов).                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 11. | Үркер   | Қасіретті куәгер боп әбілетті тасқынға <i>Үркердей</i> топ ауыл жатты боз төбенің астында (М.Шаханов). Төбеде тұрды <i>үркер</i> шоғырланып; Лираны қаракшы түн ұрлағандай, Кенеттен кетті әлгі үн жоғалып (Қ.Аманжолов).                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 12. | Қаратау | Жау сиреді көздегі көкті аңғарып, Жақсылықта жүгірдің екпенді алып. Ақтабан боп <i>Қаратау</i> ар жағында Отыз екі ойрандап кеткен халық (Т.Молдағалиев). " <i>Басынан Қаратаудың көш келеді...</i> " Осы еді ата-баба ескі өлеңі. Жатталып көне дала көкірегінде Осы өлең жылдармен бір кешкен еді (С.Мәуленов). Алдымыз заңғар <i>Қаратау</i> , Артымыз шалқар кең жазық. Күндізін жарқын, түні асау, Самалы салқын жанға азық (А.Тоқмағанбетов).                                                                  |
| 13. | Алла    | Айрылса иманына көңіл құбыл, Кейін қайт, жапа шекпей, жазым деп жол. Жан салып, тура қайтпас жүрек беріп, Жаңадан жаратып сен <i>Аллам</i> да бол (М.Жұмабаев). Бәрі рас айтқанының Ақ <i>Алламның</i> , Құм менен топырақтан жаралғанмын (М.Мақатаев). Егер бақ бергісі кеп маған <i>Аллам</i> , Мен болсам сопыларша соқыр нанған... Мешітте құлшылық қып өтер едім, Түкірер ем ләззатқа, беріп жалған (С.Торайғыров).                                                                                             |
| 14. | Тәңір   | Алып кетті, <i>тәңір</i> атқыр, мейірімсіз арам-ай, Хал үстінде жатқан қартаң анаға да қарамай, Сорлы анаға қайдан жеңіл тисін мұның салмағы, Бастан жүрек ауруы бар, емдеткенмен болмады (М.Шаханов). <i>Тәңірі</i> , өзіңе жылайын, Хал жоқ қалай тұрайын? Жүректі жара жеп барад, Жасаған-ау, қалай шыдайды?! (М.Жұмабаев). Боздақтардың даланы бояп қаны, Құзғындар да әнеки тояттады... Өңім болса, <i>тәңірім</i> , тарт жанымды, Түсім болса, ұйықыңнан оятпағын, Оятпағын, мәңгілік оятпағын?! (М.Мақатаев). |
| 15. | Құдай   | <i>Құдайдың</i> құлымын мен - мұсылманмын, Денемде түйірі жоқ арам қанның (М.Мақатаев). Қаза қылып бастан-ақ Бес уақыт парызды, Бұл азаптан құтқар деп, <i>Құдайға</i> айтып арызды, Жас күнінде бұл Жәкең, Тентек болған тәрізді (К.Әзірбаев). <i>Құдай</i> ғана келеді енді маған жәрдемге, Тірі болсам дейтұғын арман ғана бар менде.                                                                                                                                                                             |

|     |                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|-----|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     |                         | Бас тартады тіршілік ақынына ардақтап, Тас жатады кейде бір менің ыстық кеудемде (Т.Молдағалиев). Тағы да кепті істеуге күндер етпек, Папа мен ферғауыннан қадір кетпек. Өзі үшін тап өзінен басқа <i>құдай</i> Жоғына әр адамның көзі жетпек (С.Торайғыров). Сыбағам қайда, сыбағам? Жоқ па сірә ешқандай?! Жақсылық менен аясаң, Жамандық бер, а <i>құдай</i> ?! (Қ.Аманжолов).                               |
| 16. | Ескендір<br>Зұлқарнайын | Барып қайтқан кісі жоқ жайлап, қыстап, Алынбаған түлкіні тұрмын тыстап. <i>Зұлқарнайын Ескендір</i> -даяшы боп, Келген-кеткен кісінің атын ұстап (М.Ж. Көпейұлы). Сүлеймен, <i>Зұлқарнайын</i> патша қайда, Болыпты тәні шіріп, сүйегі күл. Қаһарман Рүстем – Дастан қыран да өткен, Айырылар бір күн жақтан буынсыз тіл (Ә. Найманбаев).                                                                       |
| 17. | Қыдыр/Қызыр             | <i>Қызыр</i> Бабам дайын тұрып мейірін төге, Медет қылып қолымды алды, достар («Диуани Хикмет»). Қашан болсын, адам ұзақ жолдасың, Қыдыр қолдап, бір хақ өзі ондасын! («Құтты Білік»). Бас пен малды беріпті, <i>Қыдыр</i> саған еріпті. Шық бермейтін Шығайбай, Мінезі саған келіпті. Айналада ағайын, Сенен безе жеріпті. Арғы атаң Қарынбай, Сараңдықтан өліпті! (К.Әзірбаев).                               |
| 18. | Сүлеймен                | Желді <i>Сүлейменнің</i> пырағы қылар, Жел жаһанды тым-тырақай қылар. Сүлеймендей салтанатты падишасың, Жүсіптің жүзі мен Мәсіхтің демі тиген («Мұхаббат-Наме»). Ғаділ боп Наушеруан, Нәбидей атың қалса, Қасымдай саңылағың мағлұм болса. Тахтыңды <i>Сүлеймендей</i> жел ұшырып, Құс-хайуан иісі жынмен тіліңді алса (М.Ж. Көпейұлы).                                                                         |
| 19. | Нұқ<br>пайғамбар        | Жер жаста шет мартқа ұшып тұрсаң, Дәуіттей отқа салмай, дүкен күрсаң! <i>Нұх</i> нәби пайғамбардай дұға қылып, Дұшпанның жер жүзінде бәрін қырсаң! (М.Ж. Көпейұлы). Тұр екен <i>Нұх</i> пайғамбар кемесімен, ап қалған топан судан тіршілікті (А. Сопыбек).                                                                                                                                                     |
| 20. | Мұхаммед                | <i>Мұхаммед</i> деп жолдас болсаң, қолыңды алам. Перзентім деп қолыңды ұстап жаннат кірем, <i>Мұстапаға</i> аза тұтып кірдім міне («Диуани Хикмет»). <i>Мұхаммед</i> әнбиге шах болды, Махаббатымен Алланың досы болды («Мұхаббат-Наме»). Құдайым рақым қылса сонда бізге, Келтірсе тілімізді сөйлер сөзге. Нәбиім – хақ <i>Мұхаммед</i> , раббым – Алла!» – Біз айтсақ періштеге келген кезде (М.Ж. Көпейұлы). |
| 21. | Түркістан               | Он жетімде <i>Түркістанда</i> тұрдым міне («Диуани                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |

|     |           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|-----|-----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     |           | <p>Хикмет»). Ахмет атты бір шаих шығар деп <i>Түркістанда</i> («Диуани Хикмет»). Туған жерім қасиетті <i>Түркістаннан</i> («Диуани Хикмет»). Соның үшін <i>Түркістанға</i> келдім міне («Диуани Хикмет»). <i>Түркістанда</i> мазар болып қалдым міне («Диуани Хикмет»). Тиым салғалы <i>Түркістанға</i> келді, достар («Диуани Хикмет»). Зейіл берсін көңіліңе, Құран-кәрім – бас бұлақ. Азат туын көтерсін, <i>Түркістаның</i> – <i>Тұраның</i>. Дарынды мен тектілер Жамырап туған - <i>Түркістан</i>. Қожа Ахмет Иассауи Шаңырақ құрған – <i>Түркістан</i> (И. Бекмаханұлы). Мұсылманның болған жер – Ынтыққаны <i>Түркістан</i>. Абылай ханның тамған жер, Кіндік қаны <i>Түркістан</i> (А. Сопыбек).</p> <p><i>Түркістанның</i> түбін түйе ғана шалады (Мақал). Мединеде – Мұхаммед, <i>Түркістанда</i> – Қожа Ахмет, Самарканда – Шер Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет (Мақал).</p> |
| 22. | Алматы    | <p>Түнгі <i>Алматы</i> тұманы ашылғанда, Алатауға ай келіп асылғанда Нұр жанады, аспанның жұлдыздары, <i>Алматының</i> үстіне шашылған ба?! (М. Мақатаев). Жаксы екен ғой <i>Алматым</i>, Алтын үйек астанам. Осы екен ғой жаннатың Атам қазақ аңсаған. Келдім сені сағынып, Алтын ұям – <i>Алматым</i> (Қ. Аманжолов).</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 23. | Абылай    | <p>Темір-жолдар тартылса, <i>Абылай</i> аспас белдерден. Аса соға, шарқ ұра, Сонау Сібір – Түркістан (І.Жансүгіров). Олар ана жақта партия құрып, ... <i>Абылайдың</i> ақ туының астына алаш азаматын топтап, үш жүздің баласының басын біріктіріп жатқан көрінеді (Ә. Нұрпейісов). <i>Абылай! Абылай!</i> (Жүгіре басып шыға береді) КЕЙУАНА: <i>Абылай! Абылай</i> деді ме жас ноян? ЖҰРТ: Қайдағы Абылай? Абылай қашан өлгелі! (Ә. Кекілбаев). Кешегі сенің бір ауызды күнінде, Үш жүздің ұлы қараған Әбілпейіз, <i>Абылай</i> – Екі сұлтан сұңқарға, – (Д.Бабатайұлы «Ата қоныс Арқадан» толғауы).</p>                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 24. | Айша-Бибі | <p>Қанша рет қанша тұрды жырлы дала? Жадына жазған жалғыз күн-ғұлама! Бабамның куәсіндей <i>Айша-Бибі</i>, Қадалған құбажолға бір мұнара (Е.Есмахан). Денесін у жайлап, тынысы тарылып бара жатқан <i>Айша-бибі</i> дереу Қараханға хабар береді. Хан тәуіптері мен молдасын алып дереу жеткенде, ару қыз ісіп-кеуіп екі дүниенің арасында жатты. Қарахан молдаға екеуінің некесін сол</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |

|     |            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-----|------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     |            | жерде қиғызады. Содан кейін ол қалыңдығын қолына алып, жаны үзіліп бара жатқан <i>Айшаның</i> құлағына: « <i>Айша</i> , сен енді <i>бибі</i> болдың!» деп үш рет айғайлайды (Б. Әбділдаұлы).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| 25. | Алдар көсе | Бұрынғы уақытта бір <i>Алдар көсе</i> қойдың қу жауырынымен бал ашып жүреді екен. Бір күні қоналқаға бір ауылға келіп қонады, қонған үйінің қазанына бал ашып жүрген жауырынын адамға көрсетпей, апарып, салып жібереді. Сол қонып отырған үйдің әйеліне айтады: - Қазаныңызға мен ет салдым. Піскен соң өзіме көбігімен берерсіз, – дейді. Ет піскеннен кейін <i>Алдар көсенің</i> еті жоқ, жауырыны бар. <i>Алдар көсе</i> дауласып, қонған үйінен бір құйымшақ алады. Құйымшақты алып, тағы бір елге келіп, бір үйге қонады. Алдар көсенің қабы бар, қабына орап, құйымшағын қонған үйінің етіне қосады. Сөйтіп, өзі жатып қалады. Таңертең тұра сала: - Қаптағы етім жоқ, бір қап етім бар еді, жалғыз-ақ құйымшақ қалыпты. Кеше жұрттың бәрі көрген, әзер көтеріп әкеліп едім. Не етімді тауып бер, болмаса, төлеп бер, сенің өзің алмасаң да, жұмысшың алған шығар, – деп отырып алады. Қонған үйі байшікем үй екен, бір кішкене тоқты беріп құтылады (Аңыз-әңгімелер). |

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

Исх. № 545 от 09.08.2022, Вход № Д-1631//545 от 09.08.2022

**Қостанай облысының спорт ұйымына атау беру туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының «Балалар-жасөспірімдер олимпиадалық резерві мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Владимир Матвиенконың есімі берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Ә. Смайылов**

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ****ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

Исх. № 553 от 11.08.2022, Вход № 17421 от 12.08.2022

**Қызылорда облысының білім беру және мәдениет ұйымдарына  
атау беру туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 Наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысының мынадай білім беру және мәдениет ұйымдарына:

1) «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Мұрат Саламатовтың есімі;

2) «Жаңақорған ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің аудандық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Адырбек Сопыбековтің есімі берілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі****Ә. Смайылов**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

Исх. № 562 от 16.08.2022, Вход № Д-1682//562 от 17.08.2022

**Қарағанды облысының бірқатар білім беру ұйымдарына  
атау беру және атауын өзгерту туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысының мынадай білім беру ұйымдарына:

1) Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 1 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Шоқан Уәлихановтың есімі;

2) Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Евней Бөкетовтің есімі;

3) Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 5 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Сәкен Сейфуллиннің есімі;

4) Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 9 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Санжар Асфендияровтың есімі;

5) Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Балалар музыкалық мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Нұрғиса Тілендиевтің есімі;

6) Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№ 63 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Григорий Потаниннің есімі;

7) Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «№ 10 мектеп гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ахмет Байтұрсынұлының есімі;

8) Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «№ 12 тірек мектебі (ресурстық орталық)» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Нұркен Әбдіровтің есімі;

9) Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «№ 1 қосымша білім беру мектеп-орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қаныш Сәтбаевтың есімі;

10) Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «№ 14 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Шоқан Уәлихановтың есімі;

11) Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№ 54 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Жұмабек Тәшеневтің есімі берілсін.

2. Қарағанды облысының мынадай білім беру ұйымдарының атаулары өзгертілсін:

1) Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Солнышко» бөбекжай» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны – Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны;

2) Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Топар кентінің балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны – Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Шәмші Қалдаяқов атындағы балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны;

3) Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Көксу жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Мұқағали Мақатаев атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Дубовка жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің

«Қасым Аманжолов атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің

«Золушка» бөбекжай» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны – Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны;

6) Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің

«Дзержинск жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Шәкәрім атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің

«Курмин тірек мектебі (ресурстық орталық)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Ыбырай Алтынсарин атындағы тірек мектеп (ресурстық орталық)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Ә. Смайылов**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

Исх. № 600 от 24.08.2022, Вход № Д-1728//600 от 24.08.2022

**Ақтөбе облысының кейбір коммуналдық мемлекеттік білім беру мекемелеріне атау беру және атауын өзгерту туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 60 жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Дінмұхамед Қонаевтың есімі берілсін.

2. Мына коммуналдық мемлекеттік білім беру мекемелерінің атауы өзгертілсін:

1) «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «ҚазССР 30 жылдығы атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шеңгелши негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Н.Крупская атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Ақтөбе облысының білім басқармасы

Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ащысай негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Ә. Смайылов**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от « \_\_\_\_ » \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ года

№ \_\_\_\_

№ \_\_\_\_

Исх. № 599 от 24.08.2022, Вход № Д-1735//599 от 25.08.2022

**Павлодар облысы әкімдігінің Павлодар облысының мәдениет,  
тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Павлодар облыстық  
көркемсурет музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына  
Нағымбек Нұрмұхаммедовтің есімін беру және Павлодар облысының  
кейбір коммуналдық мемлекеттік білім беру мекемелерінің атауын  
өзгерту туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің Павлодар облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Павлодар облыстық көркемсурет музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Нағымбек Нұрмұхаммедовтің есімі берілсін.

2. Мына ұйымдардың атауы өзгертілсін:

1) Павлодар облысының білім беру басқармасы Успен ауданы білім беру бөлімінің «№ 1 Успен жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Павлодар облысының білім беру басқармасы Успен ауданы білім беру бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Павлодар облысының білім беру басқармасы Успен ауданы білім беру бөлімінің «№ 2 Успен жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Павлодар облысының білім беру басқармасы Успен ауданы білім беру бөлімінің «Мағжан Жұмабаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Павлодар облысының білім беру басқармасы Успен ауданы білім беру бөлімінің «№ 3 Успен жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Павлодар облысының білім беру басқармасы Успен ауданы білім беру бөлімінің «Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) Павлодар облысының білім беру басқармасы Успен ауданы білім беру бөлімінің «Галицк жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Павлодар облысының білім беру басқармасы Успен ауданы білім беру бөлімінің «Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) Павлодар облысының білім беру басқармасы Успен ауданы білім беру бөлімінің «Ольгин жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Павлодар облысының білім беру басқармасы Успен ауданы білім

беру бөлімінің «Мәншүк Мәметова атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) Павлодар облысының білім беру басқармасы Успен ауданы білім беру бөлімінің «Лозов жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Павлодар облысының білім беру басқармасы Успен ауданы білім беру бөлімінің «Шәкен Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Ә. Смайылов**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

Исх. № 607 от 25.08.2022, Вход № Д-1740//607 от 25.08.2022

**Шымкент қаласының білім басқармасының «№ 61 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әшімжан Ахметовтің есімін беру туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы №281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласының білім басқармасының «№ 61 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әшімжан Ахметовтің есімі берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Ә. Смайылов**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВИТЕЛЬСТВА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

20\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

Нұр-Сұлтан,  
Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

Исх. № 685 от 13.09.2022, Вход № Д-1874//685 от 13.09.2022

**Павлодар облысының кейбір білім беру ұйымдарына есімдер беру және атауын өзгерту туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мынадай білім беру ұйымдарына:

1) Павлодар облысының білім беру басқармасы Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 20 лицей-мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әлихан Бөкейханның;

2) Павлодар облысының білім беру басқармасы Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 1 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Малайсары батырдың;

3) Павлодар облысының білім беру басқармасы Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 23 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Рафика Нұртазинаның;

4) Павлодар облысының білім беру басқармасы Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 16 лицей-мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Аманжол Шәмкеновтің;

5) Павлодар облысының білім беру басқармасы Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 9 жалпы орта білім беру гимназия-мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Шапық Шөкиннің;

6) Павлодар облысының білім беру басқармасы Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 28 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Сұлтанмахмұт Торайғыровтың;

7) Павлодар облысының білім беру басқармасы Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 19 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Мәшһүр Жүсіптің;

8) Павлодар облысының білім беру басқармасы Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 34 инновациялық үлгідегі жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ахмет Байтұрсынұлының;

9) Павлодар облысының білім беру басқармасы Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 37 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Жұмабек Тәшеневтің;

10) Павлодар облысының білім беру басқармасы Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Ақсу қаласының № 1 қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ыбырай Алтынсариннің;

11) Павлодар облысының білім беру басқармасы Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Ақсу қаласының № 2 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Абайдың;

12) Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қаныш Сәтбаевтың есімдері берілсін.

2. Павлодар облысының білім беру басқармасы Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің «Комсомол жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы Павлодар облысының білім беру басқармасы Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің «Қаныш Сәтбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Ә. Смайылов**

## Үстіміздегі жылда ономастика бойынша өткізілетін ақпараттар

1. 2022 жылы 5-6 қазанда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай тіл білімі мен әдебиеттану көшбасшысының дәстүрлі оқулары аясында «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізеді.

*Конференция жұмысының негізгі бағыттары:*

- А.Байтұрсынұлының тіл білімі мұрасын зерттеу мен зерделеудің жаңашыл бағдары;
- А.Байтұрсынұлы және әдебиет пен мәдениеттің жаңа жобалары;
- А.Байтұрсынұлы құбылысы және пәнаралық ықпалдастық.

Конференция материалдары жинақ түрінде жарық көреді. Талапқа сай емес мақалалар қабылданбайды. Мақала мазмұны үшін ұйымдастыру комитеті жауап бермейді. Ұйымдастыру комитеті және редакциялық комиссия конференцияға келіп түскен мақалаларды таңдау және жариялау құқығын өзінде қалдырады.

Мақала **2022 жылдың 31 тамызына** дейін қабылданады. Баяндаманы жинақта жариялау тегін. Конференцияға қатысушыларға электрондық нұқасы беріледі.

2. «Халық есімдері: сәйкестіктер мен теңсіздіктер» онлайн-симпозиум Трента Ноттингем университетінің халықтық есімдерді зерттеуші әлеуметтанудың адъюнкт-профессоры д-р Джейн Пилчер докторы ұсынған тегін онлайн-симпозиум, 14 қыркүйек 2022 жыл. 13:30

Негізгі баяндамашы – доктор Карен Пеннези, Канада, Батыс университеті: «Олардың есімдері: (қайта) атау арқылы әлеуметтік әділетсіздікті индекстеу» Карен Пеннеси – лингвистикалық және әлеуметтік-мәдени антропология кафедрасының доценті.

Жалқы есімдер тұлғаның негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, сондықтан да теңдік пен әлеуметтік әділеттілік мәселелерімен ажырамастай байланысты.

Бұл тегін онлайн -симпозиумда мансаптарының әртүрлі кезеңдеріндегі бірқатар халықаралық әлеуметтанушылар бар.

Олардың жұмысы атауларды зерттеу адамдардың жеке басы мен тәжірибесін түсінуімізге және жеке есімдер туралы әлеуметтік ғылымның жаһандық, ұлттық және жергілікті деңгейлерде әлеуметтік және демократиялық интеграция мен трансформацияны ілгерілетуге қалай көмектесе алатынын көрсетеді.

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |    |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <b>АТАУЛАР СЫРЫ</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |    |
| А.Әлімхан<br>«Алтай» поэтонимнің танымдық сипаты                                                                                                                                                                                                                                                                                   | 4  |
| Г.Бекенова<br>Қазақстан топонимиясындағы калькалау мәселесі                                                                                                                                                                                                                                                                        | 9  |
| С. Иманбердиева<br>Қарағанды облысының биотопонимдері                                                                                                                                                                                                                                                                              | 18 |
| <b>ТАЛҚЫ</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |    |
| А.Әміренова<br>Ақмола облысындағы ономастикалық ахуал                                                                                                                                                                                                                                                                              | 26 |
| <b>ТАНЫМ</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |    |
| А.Жартыбаев<br>Аймақтық топонимиялық жүйедегі отаршылдық<br>топонимдердің тарихи-лингвистикалық сипаты                                                                                                                                                                                                                             | 28 |
| Б.Тілеубердиев<br>А.Сейдімбек шығармаларындағы ономастикалық<br>кеңістіктің концептуалдану ерекшеліктері                                                                                                                                                                                                                           | 35 |
| <b>МИРАС</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |    |
| А.Кабдрахман<br>Ақмола топонимдерінің зерттелуі                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 43 |
| <b>МЕРЕЙТОЙ</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |    |
| С.Иманбердиева<br>Қазақстандағы онимдердің түркілік қабатының зерттелуі:<br>А.Байтұрсынұлының мұрасы                                                                                                                                                                                                                               | 47 |
| <b>ҚЫЗЫҚТЫ ОНОМАСТИКА</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |    |
| С.Иманбердиева<br>Ойлан, Туған жеріңнің атын тап!                                                                                                                                                                                                                                                                                  | 58 |
| С.Иманбердиева<br>Тапсырмалар                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | 64 |
| <b>РЕСМИЕТ</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |    |
| Үкімет қаулысымен бекітілген ономастикалық объектілер                                                                                                                                                                                                                                                                              | 73 |
| <b>КОНФЕРЕНЦИЯЛАР</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |    |
| Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ұлт ұстазы<br>А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай тіл білімі мен<br>әдебиеттану көшбасшысының дәстүрлі оқулары аясында «Ахмет<br>Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және жаңа Қазақстанның<br>зияткерлік сабақтастығы" атты халықаралық ғылыми-практикалық<br>конференция . | 85 |

|                                                                                                                                                                                                                                    |           |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| <p>«Халық есімдері: сәйкестіктер мен теңсіздіктер» онлайн-симпозиум Трента Ноттингем университетінің халықтық есімдерді зерттеуші әлеуметтанудың адъюнкт-профессоры доктор Джейн Пилчер докторы ұсынған тегін онлайн-симпозиум</p> | <p>85</p> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі,  
орфографиялық хақы  
сақталады.



**«ОНОМАСТАР ОДАҒЫ»  
қоғамдық бірлестігі**

Бас редактор Г.Бекенова

Корректор Т.Мұқашева

Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған

А Құсанова

***Редакцияның мекенжайы:***

Қазақстан Республикасы

010000, Астана қаласы,

Сығанақ көшесі, 47,

Тел.: 8 (7172) 51-69-20

[soyuz.onomastov@mail.ru](mailto:soyuz.onomastov@mail.ru)

Беттеуге берілген күні 07.10.2022 ж.

Электронды нұсқаға қол қойылған күні 07.10.2022 ж.

Пішімі 70x100 1/16

Шартты баспа табағы 5,50.